

**SAMSUNG**

# E-MANUAL

Samsung өнімін сатып алғаныңызға алғысымызды  
білдіреміз.  
Қызметтерді толық алу үшін өніміңізді

[www.samsung.com](http://www.samsung.com)

Үлгі \_\_\_\_\_ Сериялық № \_\_\_\_\_

Көзі нашар көретін адамдарға нұсқау беретін бетке  
тура өтіп, астыңғы жағынан Мәзір экранын зерттеу  
сілтемесін таңдаңыз.

[“Мәзір экранын зерттеу”](#) сілтемесі

# Мазмұны

## Guide

### Қосылымдар

- 5 Қосу нұсқаулығы
- 7 Antenna (Антенна) қосу
- 8 Интернетке қосылу
- 12 TV теледидарындағы мобильдік құрылғы экранын көрсету
- 15 Кабельдерді сыртқы құрылғыларға қосу
- 17 ТД-ға қосылған сыртқы құрылғыларды ауыстыру.
- 19 Жалғау бойынша ескертпелер

### Қашықтан басқару және сыртқы құрылғылар

- 22 Samsung Smart қашықтан басқару пульті (QLED TV / AU9 немесе одан кейінгі сериялары/The Frame) туралы ақпарат
- 25 Samsung Smart қашықтан басқару пульті (AU8 сериялары туралы)
- 28 Samsung Smart қашықтан басқару пульті құрылғысын теледидарға жалғау
- 29 Сыртқы құрылғыларды Samsung қашықтан басқару құралымен басқару - Әмбебап қашық-тан басқ. жиынтығы пайдалану
- 30 Anynet+ (HDMI-CEC) қызметін пайдалану
- 31 Теледидарды пернетақта, тінтуір немесе геймпадпен басқару
- 33 Экрандағы виртуалды пернетақтамен мәтін енгізу

### Смарт функциялар

- 35 Smart Hub қызметін пайдалану
- 45 Samsung тіркелгісін пайдалану
- 47 Ambient Mode қызметін пайдалану
- 53 Графикалық сурет режимін пайдалану
- 62 Пернелер тіркесімі функциясын пайдалану
- 64 PC on TV қызметін пайдалану
- 70 Apps қызметін пайдалану
- 74 e-Manual функциясын пайдалану
- 76 Internet функциясын пайдалану

- 77 SmartThings қызметін пайдалану
- 80 Суреттерді/бейне/музыка ойнату
- 86 Multi View қызметін пайдалану
- 89 Vixby қызметін пайдалану
- 94 Ойын тақтасы функциясын пайдалану

### ТД қарау

- 97 Нұсқау. функциясын пайдалану
- 100 Бағдарламаларды жазу
- 102 Қарауды жоспарлау параметрлерін орнату
- 104 Timeshift қызметін пайдалану
- 104 Бағдарламаны немесе Timeshift жазу барысында қол жетімді түймелер және функциялар
- 106 Арналар тізімі функциясын пайдалану
- 107 Арналарды өңдеу
- 108 Таңдаулы тізімді пайдалану
- 109 ТД қарауға қолдау көрсететін функциялар

### Сурет және Дыбыс

- 116 Зерделі режим қызметін пайдалану
- 118 Сурет сапасын реттеу
- 120 Сыртқы құрылғылар үшін қарау ортасы параметрлерін орнату
- 123 Суретке қолдау көрсететін функциялар
- 125 Дыбыс режимі және Маман параметрлері конфигурациялау
- 127 Дыбысқа қолдау көрсету функцияларын пайдалану

### Жүйе және Қолдау

- 129 Уақыт функциялары мен таймерлерді пайдалану
- 132 Қуатты және энергияны үнемдеу режимі функцияларын қолдану
- 134 Теледидардың бағдарламалық жасақтамасын жаңарту
- 135 Көру және есту қабілеттері төмен адамдарға арналған аудио және бейне функциялар
- 141 Дауыстық атқарымдарды пайдалану
- 142 Басқа функцияларды пайдалану

144 HbbTV

145 Теледидар қарау картасын ("CI немесе CI+ Card") пайдалану

148 Телемәтін функциясы

#### Сақтық шаралары және Ескерімдер

152 Жазып алу және Timeshift функцияларын пайдалану алдында

153 Аналогтік таратылымның дыбыстық параметрлері

154 Apps пайдаланардан бұрын оқып шығыңыз

155 Internet функциясын пайдалану алдында оқыңыз

157 Фотосурет, бейне немесе саз файлдарын ойнату алдында оқыңыз.

169 TД-ды орнатқаннан кейін оқыңыз

170 UHD кіріс сигналдары үшін қолданылатын ажыратымдылықтар

171 8K үлгісі қолдау көрсететін кіріс сигналдарына арналған ажыратымдылықтар (QN7\*\*A сериясы немесе одан кейінгі)

172 FreeSync (VRR) үшін қолдау көрсететін ажыратымдылықтар

173 Кең экранда қолдау көрсетілетін ажыратымдылықтар

174 Компьютерге қосылу алдында оқыңыз (қолдау көрсететін ажыратымдылықтар)

177 Видео сигналдарға арналған қолдау көрсетілетін ажыратымдылықтар

179 Bluetooth құралдарын пайдалану алдында оқыңыз

180 Лицензиялар & басқа ақпарат

## Ақаулықты түзету

### Суретке қатысты мәселелер

182 Суретті тексеру

### Дыбыс және шуылға қатысты мәселелер

188 Дыбысты тексеру

### Арна және таратылым мәселелері

### Сыртқы құрылғыны қосуға қатысты мәселелер

### Желіге қатысты мәселелер

### Anynet+ (HDMI-CEC) қызметіне қатысты мәселелер

### Қашықтан басқару пультіне қатысты мәселелер

### Жазу мәселелері

### Қолданбалар

### Медиа файлдары

### Дауысты тану мәселелері

### Басқа мәселелер

### Теледидар жұмысындағы ақаулықтарды анықтау

### Қолдау алу

204 Қашықтықтан басқару арқылы қолдау көрсету

204 Қызмет көрсету үшін байланыс дерегін табу

204 Қызмет көрсетуді сұрау

## Жиі қойылатын сұрақтар

Теледидар экраны дұрыс көрсетілмейді

205 Теледидар экраны дұрыс көрсетілмейді

Теледидар іске қосылмайды.

210 Теледидарыңыз іске қосылмаса

Сурет бұрмаланып көрсетіледі немесе дыбыс құрылғысынан дыбыс шықпайды

216 Теледидар сыртқы құрылғыға дұрыс жалғанбаған кезде

Интернетке қол жетімді емес

220 Теледидар интернетке қосылмаса

Дыбыс шықпайды немесе үндеткіштерден оғаш дыбыс естіледі

225 Теледидардан дыбыс шықпаса немесе дыбыс үзіліп-үзіліп шықса

Қашықтан басқару пульті жұмыс істемейді

231 Қашықтан басқару пульті жұмыс істемесе

Бағдарламалық жасақтаманы жаңарту

235 Теледидардың бағдарламалық жасақтамасын соңғы нұсқасына жаңарту

## Арнайы мүмкіндіктер нұсқаулығы

Мәзір экранын зерттеу

241 Қашықтан басқару пультіні пайдалану

243 Арнайы мүмкіндіктер мәзірін пайдалану

247 Теледидарды Дауыстық нұсқаулық қосулы тұрғанда пайдалану

249 Нұсқаулықты пайдалану

253 Қарауды жоспарлау қызметін пайдалану

254 Арналар тізімі функциясын пайдалану

256 Жазып алу

259 Smart Hub қызметін пайдалану

263 e-Manual іске қосу

264 Vixby қызметін пайдалану



# Guide

Әр түрлі функцияларды қалай қолдануды үйреніңіз.

## Қосылымдар

Теледидарға антенна сымын жалғау арқылы тікелей таратылатын хабар арналарын көріп, LAN кабелі немесе сымсыз кіру протоколы арқылы интернетке кіре аласыз. Түрлі ағытпалардың көмегімен сондай-ақ сыртқы құрылғыларды жалғауға болады.

## Қосу нұсқаулығы


Теледидарға жалғауға болатын сыртқы құрылғылар туралы толық ақпаратты қарап шығуға болады.

 >  **Сигнал көзі** > **Қосу нұсқаулығы** [Қазір көру](#)

Бұл бейне ойнатқыш, ойын құрылғылары және дербес компьютер сияқты әр түрлі сыртқы құрылғыларды сурет арқылы қосу жолдарын көрсетеді. Егер жалғау әдісін және сыртқы құрылғыны таңдасаңыз, жалғау туралы егжей-тегжейлі мәлімет көрсетіледі.


- **Аудио құрылғы:** HDMI (eARC), Оптикалық, Bluetooth, Wi-Fi, Wi-Fi көлемдік динамигін орнату
- **Бейне құрылғы:** HDMI
- **Смартфон:** Экранды ортақ пайдалану (Smart View), SmartThings, Apple AirPlay, NFC on TV, Tap View
- **ДК:** HDMI, Экранды ортақ пайдалану (Сымсыз), Apple AirPlay
- **Енгізу құрылғысы:** Қашықтық басқару пульті, Пернетақта, Тінтуір, USB ойын тақтасы, USB-камера, Bluetooth құрылғысы
- **Ойын консолі:** HDMI

- **Сыртқы жады: USB флэш-дискісі, Қатты диск жады (HDD)**

 **HDMI ақауларын жою** пайдаланып, HDMI сымының және сыртқы құрылғылардың қосылымын тексере аласыз (шамамен 2 минутқа жуық уақыт қажет).

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты кейбір функцияларға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

 Қосу әдісі мен қол жетімді сыртқы құрылғылар модельге байланысты әр түрлі болады.





 Теледидардағы сурет үлгіге және географиялық аймаққа байланысты жоғарыдағы суреттен басқаша болуы мүмкін.

## Antenna (Антенна) қосу

Теледидарға антенна сымын жалғауға болады.

- Кабель немесе жерсерік қорапшасы арқылы жалғасаңыз, антенна қосылымы қажет емес.
- Теледидардағы порт өнім үлгісіне және аймаққа байланысты төмендегі суреттен басқаша болуы мүмкін.



Екі жалғастырғышты да Multi-Switch немесе DiSEqC Switch т.б. арқылы қосып, **Антеннаның байланыс түрі** параметрін **Қос** қалпына қоюды ұсынамыз.

- Қосу әдісі үлгіге немесе географиялық өңірге байланысты әр түрлі болуы мүмкін.
- DVB-T2 жүйесіне географиялық аймаққа байланысты қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## Интернетке қосылу

Интернетке теледидар арқылы қосылуға болады.


[🏠](#) > [⚙️ Параметрлер](#) > [Жалпы](#) > [Желі](#) > [Желі параметрлерін ашу](#) [Қазір көру](#)

Қолжетімді желіге қосу үшін желі параметрлерін конфигурациялаңыз.

### Интернетке сым арқылы қосылу

[🏠](#) > [⚙️ Параметрлер](#) > [Жалпы](#) > [Желі](#) > [Желі параметрлерін ашу](#) > [Сымды](#)

Егер LAN кабелін жалғасаңыз, теледидар Интернетке автоматты түрде кіреді.





- 🔗 Теледидар желіге автоматты түрде қосылмаса, "Ақаулықтарды жою" тарауындағы ["Желіге қатысты мәселелер"](#) тармағын қараңыз.
- 🔗 LAN сымымен қосу үшін CAT 7 (\*STP түрі) сымын пайдаланыңыз. (100/10 мегабит/сек)  
\* Shielded Twisted Pair
- 🔗 Егер желінің жылдамдығы 10 мегабит/сек-тен төмен болса, теледидарды интернетке жалғау мүмкін емес.
- 🔗 Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## Интернетке сымсыз қосылу

 >  [Параметрлер](#) > [Жалпы](#) > [Желі](#) > [Желі параметрлерін ашу](#) > [Сымсыз](#)

Қосылу әрекетін бастамай тұрып, өзіңізде сымсыз кіру протоколының атауы (SSID) және қауіпсіздік кілті параметрлерінің бар екенін тексеріңіз. Желінің атауы (SSID) мен қауіпсіздік кілтін сымсыз кіру протоколын конфигурациялау экранынан көруге болады. Қосымша ақпаратты сымсыз кіру протоколының пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.





- Теледидардағы сурет үлгіге және географиялық аймаққа байланысты жоғарыдағы суреттен басқаша болуы мүмкін.
- Егер ешбір сымсыз кіру протоколы табылмаса, тізімнің соңындағы **Желіні қосу** тармағын таңдаңыз да, желінің атауын (SSID) енгізіңіз.
- Егер сымсыз кіру нүктесінде WPS немесе PBC түймесі бар болса, тізімнің төменгі жағындағы **WPS параметрін пайдалану** түймесін таңдап, содан кейін кіру нүктесінен 2 минут ішінде WPS немесе PBC түймесін басыңыз. Теледидар автоматты түрде жалғанады.
- Бұрыннан қосылып тұрған желі атауларын (SSIDs) қарау немесе жою үшін кезелімді **Сақталған желілерді басқару** тармағына апарып, содан кейін Таңдау түймесін басыңыз.
- Wi-Fi-ды ажырату үшін > **Параметрлер** > **Жалпы** > **Желі** > **Желі күйі** тармағынан **Ажырату** пәрменін таңдаңыз.

## Интернетке қосылу күйін тексеру

> **Параметрлер** > **Жалпы** > **Желі** > **Желі күйі** [Қазір көру](#)

Ағымдық желі мен интернеттің қалып-күйін қараңыз.

## Желіні қалпына келтіру


> **Параметрлер** > **Жалпы** > **Желі** > **Желіні қалпына келтіру** [Қазір көру](#)

Желі параметрлерінің зауыттық мәндерін қалпына келтіріңіз.

## Теледидарды мобильдік құрылғы көмегімен іске қосу

 >  [Параметрлер](#) > [Жалпы](#) > [Желі](#) > [Маман параметрлері](#) > [Мобильді құрылғымен қуатты қосу](#)

Теледидар қосылып тұрған желіге қосылған мобильді құрылғыны пайдаланып теледидарды қосуға болады.

 Бұл функция SmartThings қолданбасы немесе Apple AirPlay функциясы арқылы теледидарға қосылған мобильді құрылғыда жұмыс істейді.


Apple AirPlay функциясына үлгіге немесе географиялық өңірге байланысты қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## Теледидарға IP басқару құралын жалғау

 >  [Параметрлер](#) > [Жалпы](#) > [Желі](#) > [Маман параметрлері](#) > [IP қашықтан басқару пульті](#)

IP құралын басқару үшін теледидарға IP басқару құралын қашықтан қосуға болады.

 Бұл функцияны пайдалану үшін [Мобильді құрылғымен қуатты қосу](#) қосулы тұруы керек.

 Осы мүмкіндікті қосу басқа IP басқару құрылғыларына теледидарды басқаруға рұқсат беруі мүмкін. Біз тек рұқсат етілген үшінші тараптың таңдаулы басқару құралы Samsung TV теледидарына арнайы орнатылып, реттелген болса және сіздің Wi-Fi желіңіз құпия сөзбен қорғалған болса, осы мүмкіндікті қосуды ұсынамыз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## Сымсыз желіге жалғауға мүмкіндік беру

 >  [Параметрлер](#) > [Жалпы](#) > [Желі](#) > [Маман параметрлері](#) > [Wi-Fi](#)

Wi-Fi құрылғысына жалғауді іске қоса аласыз.

 Сымсыз желіге жалғау үшін бұл функция белсенді болуға тиіс.



## Теледидардың атауын өзгерту

 >  [Параметрлер](#) > [Жалпы](#) > [Жүйе реттегіші](#) > [Құрылғы атауы](#) [Қазір көру](#)

Желідегі ТД-дың атауын өзгертуге болады. Тізімнің соңынан [Пай-ушы енг.](#) параметрін таңдап, атауды өзгертіңіз.

## TV теледидарындағы мобильдік құрылғы экранын көрсету

Мобильді құралыңыздың экранын Smart View, Tap View немесе Multi View арқылы теледидар экранынан көре аласыз.

Мобильді құрылғының көмегімен экранды қалай ортақ пайдалану туралы ақпаратты  >  [Сигнал көзі](#)  
> [Қосу нұсқаулығы](#) > [Смартфон](#) > [Экранды ортақ пайдалану \(Smart View\)](#) тарауынан қараңыз.

- Экранды ортақ пайдалану (Smart View) функциясын өшіру үшін мобильді құрылғыны ажыратыңыз немесе қашықтан басқару пультіндегі  түймесін басыңыз.
- Мобильдік құрылғыңыздағы Smart View мәзірін пайдаланып, қатынас тәрізді параметрлерді реттей аласыз.
- Егер iPhone немесе iPad пайдаланушысы болсаңыз, AirPlay пайдаланыңыз. Қосымша ақпаратты  >  [Сигнал көзі](#) > [Қосу нұсқаулығы](#) > [Смартфон](#) > [Apple AirPlay](#) тарауынан қараңыз.  
 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
- ([Smart View](#)/[Apple AirPlay](#)) экранды ортақ пайдалану функциясы теледидардың [Multi View](#) экранында (немесе мобильдік құрылғыңыздың экранында) пайда болады.  
 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
- TV теледидары сымсыз роутерге және DFS арнасына қосылса, экранды бөлісу функциясының радио өнімділігі нашарлауы мүмкін. Бұған жол бермеу үшін роутердің параметрлерін DFS арнасын пайдалануды тоқтату үшін өзгертіңіз. Параметрлерді өзгерту туралы мәліметтерді роутер өндірушісі ұсынған нұсқаулықтан қараңыз.




## Тар View қызметін пайдалану

Теледидарда ұялы құрылғыны түртіп, **Multi View** немесе ұялы құрылғы экранын теледидар экранынан қарай аласыз. Ұялы құрылғыда музыкалық қолданбаны іске қосу кезінде теледидардағы ұялы құрылғыны түрткенде, теледидар экраны **Музыка қабырғасы** экранына ауысады.

 Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

 Бұл функция Android 8.1 не одан жоғары жүйесі бар Samsung мобильді құрылғыларында бар.


 **Музыка қабырғасы** экраны — бұл музыка жанры мен битіне байланысты өзгеретін көзге көрінетін бейне әсерлерімен бірге музыканы тыңдауға мүмкіндік беретін функция.

### 1. Мобильді құрылғыда Тар View бағдарламасын іске қосыңыз.

 Конфигурация туралы қосымша ақпаратты "Тар View қосу" тақырыбынан қараңыз.


### 2. Мобильді құрылғыдағы экранды іске қосыңыз.


### 3. Теледидарда ұялы құрылғыны түртіңіз. Теледидар экраны **Multi View, Музыка қабырғасы** немесе ұялы құрылғының экранына ауысады.

 Тар View пәрменін **Ambient Mode** немесе **Графикалық сурет** режимінде орындаған кезде теледидарда мобильді құрылғының экраны ғана көрінеді.

### 4. **Multi View, Музыка қабырғасы** экранын немесе теледидардағы ұялы құрылғы экранынан қараңыз.

 Көрсетілген теледидар экраны үлгі түріне қарай әр түрлі болуы мүмкін.

 Бұл функция теледидардағы ұялы құрылғыны түрткен кезде шығарылатын дірілдерді анықтау арқылы Screen/Sound Mirroring функциясын іске қосады.

 Теледидар экранынан және жақтау бұрыштарынан алшақ түртіңіз. Теледидардың немесе мобильді құрылғының экранына сызат түсуі немесе сынуы мүмкін.

 Ұялы құрылғыны мұқабасына салып, оны теледидардың сыртқы шетіне сәл тигізуді ұсынамыз.

## Tap View функциясын қосу

Tap View функциясын SmartThings қолданбасынан іске қосыңыз.

 SmartThings қолданбасының нұсқасына қарай, теледидарды мобильді құрылғыда тіркеу керек болуы мүмкін.

 Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

1. Мобильді құрылғыдағы SmartThings қолданбасын іске қосыңыз.
2. Мобильдік құрылғыдан SmartThings қолданбасындағы (☰ > ⚙️) Параметрлер тармағын таңдаңыз.
3. Tap View функциясын қосыңыз.

 Бірінші рет жалғағаннан кейін теледидардың қалқымалы терезесінен [Рұқсат](#) пәрменін таңдаңыз.

## Ұялы құрылғы экранын Multi View экранында қарау

Ұялы құрылғымен ([Smart View](#)/[Apple AirPlay](#)/[Tap View](#)) экранды ортақ пайдалануды бастаған кезде, теледидар экраны **Multi View** немесе ұялы құрылғы экранына ауысады. **Multi View** экраны көмегімен бір уақытта бірнеше контентті қараңыз.

 Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

 Қосымша ақпаратты "[Multi View қызметін пайдалану](#)" тарауынан қараңыз.

## Кабельдерді сыртқы құрылғыларға қосу

Теледидарға жалғауға болатын сыртқы құрылғыларға арналған қосылым кабельдері туралы толық ақпаратты қарауға болады.

Кабель атауы	Сурет	Сипаттама
HDMI - HDMI		Әр кабель сыртқы құрылғыдан келетін сандық бейне және аудио сигналдарды теледидардың HDMI портына қатар тасымалдайды. Кабельдер сыртқы құрылғылардың кіріс/шығыс порттарының түрлеріне қарай әр түрге бөлінеді.
HDMI - MINI HDMI		
HDMI - Микро HDMI		
HDMI - USB C түрі		
HDMI - DisplayPort		
Шағын DisplayPort - HDMI		

Кабель атауы	Сурет	Сипаттама
DVI - HDMI		DVI-HDMI кабельдері аудио сигналдарды емес, тек сандық бейне сигналдарды ғана тасымалдай алады. Біз HDMI - HDMI кабельдерін пайдалануды ұсынамыз.
Оптикалық		<p>Оптикалық кабельдер сыртқы дыбыстауыш құрылғыларға сигналды барынша толық жеткізеді.</p> <p>Оптикалық кабельдер бейне сигналдарды тасымалдай алмайды.</p>
Компонент		<p>Компонент кабельдері аналогты сигналдарды тасымалдайды.</p> <p>Бейне сигнал HD (1080i) суреттерін беру үшін қызыл, жасыл және көк терминалдарға жеке жіберіледі. Аудио сигнал қызыл және ақ терминалдарға жіберіледі.</p>
Құралас		<p>Құралас кабельдер аналогты сигналдарды тасымалдайды.</p> <p>Бейне сигнал сары терминалға және аудио сигнал қызыл және ақ терминалдарға жіберіледі.</p>





 Қосылым сымдары үлгіге немесе географиялық өңірге байланысты әр түрлі болуы мүмкін.

## ТД-ға қосылған сыртқы құрылғыларды ауыстыру.

Теледидар бағдарламалары мен сыртқы құрылғылардың мазмұнын кезек ауыстыруға болады.

### > Сигнал көзі


Жалғаулы тұрған сыртқы құрылғыны **Сигнал көзі** экранынан таңдаған кезде, таңдалған құрылғыдан шығатын деректер теледидар экранында көрсетіледі.



-  Әдеттегі қашықтан басқару пультіндегі SOURCE түймесін басыңыз.
-  Әмбебап қашықтан басқару пульті қолданылатын құрылғыны (Blu-ray ойнатқыш, ойын қосымшасы, т.с.с.) теледидардың қашықтан басқару пультімен басқару үшін құрылғыны теледидардағы HDMI ұясына жалғаңыз, содан кейін құрылғыны іске қосыңыз. Теледидарда көрсетілген шығыс деректері автоматты түрде құрылғының шығыс деректеріне ауысады немесе құралды басқаратын әмбебап қашықтан басқару құралын автоматты түрде конфигурациялауға болады. Қосымша ақпаратты "Сыртқы құрылғыларды Samsung қашықтан басқару құралымен басқару - Әмбебап қашықтан басқ. жиынтығы пайдалану" тарауынан қараңыз.
-  USB құралы USB портына қосылғанда, құрылғыдағы медиа мазмұн тізіміне оңай ауысуға мүмкіндік беретін қалқыма хабар пайда болады.
-  Құрылғыға және географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## Сыртқы құрылғының атауы мен белгішесін өзгерту

### > Сигнал көзі

Жалғанған сыртқы құрылғының ұяшық атауын өзгертуге немесе оны Бірінші экран қатарына қосуға болады.




-  Теледидардағы сурет үлгіге және географиялық аймаққа байланысты жоғарыдағы суреттен басқаша болуы мүмкін.
1. Кезелімді қосылған сыртқы құрылғыға жылжытыңыз.
  2. Жоғары бағыттау түймесін басыңыз. Мына функцияларға қолжетімді болады.
    -  Қолжетімді функциялар порттың түріне байланысты өзгеше болуы мүмкін.

## 1 Әмбебап қашық-тан басқ. жиынтығы

Теледидарға жалғанған сыртқы құрылғыларды Samsung қашықтан басқару пультімен басқаруға болады. Сыртқы құрылғыларды басқару үшін оларды экрандағы нұсқауларды орындай отырып тіркеңіз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

 Қосымша ақпаратты "Сыртқы құрылғыларды Samsung қашықтан басқару құралымен басқару - Әмбебап қашық-тан басқ. жиынтығы пайдалану" тарауынан қараңыз.

## 2 Түзету

Сигнал порттарының атауын өзгертуге және құрылғының белгішелерін өзгертуге болады.

## 3 Ақпарат

Сыртқы құрылғы қатысты толық ақпаратты көруге болады.

## 4 Басты экранына қосу

Сыртқы құрылғыны жылдам ауыстырып-қосу үшін оның ұяшығын Бірінші экран экранына қосуға болады.

## Қосымша функцияларды пайдалану

Мына функцияларды **Сигнал көзі** экранында пайдалануға болады.

- **PC on TV**

Қашықтағы компьютер немесе Экранды ортақ пайдалану (Сымсыз) көмегімен компьютерге кіру үшін теледидарды пайдаланыңыз.

 Қосымша ақпаратты "PC on TV қызметін пайдалану" тарауынан қараңыз.

- **Қосу нұсқаулығы**

Құрылғыны жалғау туралы нұсқауларды көрсетеді.

 **Қосу нұсқаулығы** туралы қосымша ақпаратты "Қосу нұсқаулығы" тарауынан қараңыз.

- **Қашықтан басқару пернесінің нұсқаулығы**


Қашықтан басқару пультінің қалай пайдаланылатынын көре аласыз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Әмбебап қашық-тан басқ. жиынтығы**



Бұл сыртқы құрылғыларды Samsung құрылғысына тіркеуге және оларды қашықтан басқару пультімен басқаруға мүмкіндік береді.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.


 Қосымша ақпаратты "Сыртқы құрылғыларды Samsung қашықтан басқару құралымен басқару - Әмбебап қашық-тан басқ. жиынтығы пайдалану" тарауынан қараңыз.

## Жалғау бойынша ескертпелер

### Сыртқы құрылғыны қосқанда мынаны ескеріңіз.

-  Ұяшықтардың сандары және олардың атаулары мен орналасқан жерлері үлгіге байланысты әр түрлі болуы мүмкін.
-  Сыртқы құрылғыны ТД-ға қосу үшін оның пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз. Сыртқы құрылғы ұяшықтарының сандары, атаулары мен орналасқан жерлері өндірушіге байланысты әр түрлі болуы мүмкін.

### HDMI қосылымына қатысты ескерту

- Келесі HDMI сымдарын пайдалануды ұсынамыз:
  - High Speed HDMI Cable
  - High Speed HDMI Cable with Ethernet
  - Premium High Speed HDMI Cable
  - Premium High Speed HDMI Cable with Ethernet
  - Ultra High Speed HDMI Cable
- Жуандығы 17 мм немесе аз HDMI сымын пайдаланыңыз.
- Сертификатталмаған HDMI кабелін пайдалану экранның бос болуына немесе қосылымның қатесіне әкелуі мүмкін.
- HDMI параметрлерінің өзгешелігіне байланысты кейбір HDMI сымдары мен құралдары ТД-мен үйлеспейді мүмкін.
- Бұл ТД HDMI Ethernet арнасына қолдау көрсетпейді. Ethernet - IEEE тарапынан стандартталған коаксиалды кабельдер арқылы құрылатын жергілікті аймақтық желі (LAN).
- Ең жақсы UHD қарау сапасына қол жеткізу үшін 3 метрден қысқарақ кабельді пайдаланыңыз.
- Көптеген компьютерлік графикалық адаптерлерде HDMI порттары жоқ, бірақ оның орнына DVI немесе DisplayPort порттары бар. Егер дербес компьютеріңіз HDMI бейне шығыс портына қолдау көрсетпесе, дербес компьютеріңізді DVI -HDMI немесе HDMI-DisplayPort кабелімен қосыңыз.
- Теледидар DVD/BD ойнатқышы немесе қорапшаға HDMI арқылы қосылған кезде қарқынды синхрондау режимі автоматты түрде қосылады. Осы қарқынды синхрондау режимінде теледидар сыртқы құрылғыларды анықтап, оларға HDMI арқылы қосылуын жалғастырады. Бұл функцияны қосылған құрылғының HDMI кабелін ағытып сөндіруге болады.
  -  Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## Аудио құрылғыларды қосуға қатысты ескерту

- Аудионың сапасын жақсарту үшін АВ қабылдағышты пайдаланған дұрыс.
- Егер оптикалық сымның көмегімен сыртқы аудио құрылғыны жалғасаңыз, **Дыбыс шығысы** параметрі жалғанған құрылғыға автоматты түрде ауысады. Дегенмен, мұны орындау үшін сыртқы аудио құрылғыны оптикалық сымды жалғамай тұрып іске қосу керек. **Дыбыс шығысы** параметрін қолдан өзгерту үшін төмендегінің бірін орындаңыз:


 Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Жылдам баптаулар** экранын жалғанған құрылғыға ауыстыру үшін пайдаланыңыз:

Таңдау түймесімен **Оптикалық** параметрін **Дыбыс шығысы** мәзірінен таңдаңыз. (🏠 > ⚙️ **Параметрлер** > жоғары бағытталатын меңзер түйме > **Дыбыс шығысы**).

- **Параметрлер** экранын жалғанған құрылғыға ауыстыру үшін пайдаланыңыз:

**Оптикалық** параметрін **Дыбыс шығысы** мәзірінен таңдаңыз. (🏠 > ⚙️ **Параметрлер** > **Дыбыс** > **Дыбыс шығысы**).

 Дыбыс құрылғысын теледидарға жалғаған кезде оның пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.


- Жалғанған аудио құрылғыны пайдалану кезінде одан әдеттен тыс шуыл шықса, онда бұл аудио құрылғының өзінің ақаулы екенін білдіруі мүмкін. Бұндай жағдай орын алса, аудио құрылғыны өндірушіден көмек сұраңыз.
- Сандық аудио 5.1-арна таратылымында ғана жұмыс істейді.

## Компьютерлерді қосуға қатысты ескерту

- Теледидарда қолданылатын ажыратымдылықтар туралы ақпаратты "Компьютерге қосылу алдында оқыңыз (қолдау көрсететін ажыратымдылықтар)" тарауынан қараңыз.
- Дербес компьютерді және теледидарды сымсыз қосу үшін бұлар өзара бір желі арқылы қосылып тұруы керек.
- Мазмұнды басқа желілік құрылғылармен, мысалы IP (интернет протоколы) сақтау жүйесімен бөлісу кезінде желінің конфигурациясына, сапасына немесе функциясына байланысты, мысалы желіде NAS (Network-Attached сақтау) бар болса, онда ортақ пайдалануға қолдау көрсетілмейді.



## Ұялы құралдарды қосуға қатысты ескерту

- Smart View функциясын пайдалану үшін мобильдік құрылғы Экранның айналық көшірмесі немесе Smart View тәрізді экранды бейнелеу функциясына қолдау көрсетуі керек. Мобильді құрылғыңыздың экранды бейнелеу функциясын қолданатын-қолданбайтынын тексеру үшін мобильді құрылғыны пайдаланушы нұқсқаулығын қараңыз.
- Экранды ортақ пайдалану (Smart View) функциясы 2,4 ГГц ортада бірқалыпты жұмыс істемеуі мүмкін. Жақсырақ нәтижеге қол жеткізу үшін 5,0 ГГц қолдануды ұсынамыз. Үлгі түріне байланысты 5 ГГц қолжетімді болмауы мүмкін.
- Wi-Fi Direct функциясын пайдалану үшін ұялы құрылғыда Wi-Fi Direct функциясы қолданылатын болуы керек. Мобильді құрылғыңыздың Wi-Fi Direct қолданатын-қолданбайтынын тексеру үшін мобильді құралдың пайдаланушы нұқсқаулығын қараңыз.
- Ұялы құрылғы мен Smart теледидар бір желі арқылы бір біріне жалғанған болуға тиіс.
- Егер iPhone немесе iPad пайдаланушысы болсаңыз, AirPlay пайдаланыңыз. Қосымша ақпаратты  >  [Сигнал көзі](#) > [Қосу нұсқаулығы](#) > [Смартфон](#) > [Apple AirPlay](#) тарауынан қараңыз.  
 Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
- Желі жағдайларының қандай болуына қарай, бейне немесе дыбыс файлдары үзік-үзік тоқтауы мүмкін.
- Мазмұнды басқа желілік құрылғылармен, мысалы IP (интернет протколы) сақтау жүйесімен бөлісу кезінде желінің конфигурациясына, сапасына немесе функциясына байланысты, мысалы желіде NAS (Network-Attached сақтау) бар болса, онда ортақ пайдалануға қолдау көрсетілмейді.














## Қашықтан басқару және сыртқы құрылғылар





Теледидардың жұмысын Samsung Smart қашықтан басқару пульті құралымен басқара аласыз. Пайдалануды оңайлату үшін пернетақта сияқты сыртқы құрылғыларды жұптастырыңыз.





### Samsung Smart қашықтан басқару пульті (QLED TV / AU9 немесе одан кейінгі сериялары/The Frame) туралы ақпарат

Samsung Smart қашықтан басқару пульті түймелері туралы үйреніңіз.



Түймешік	Сипаттама
 (Қосу)	<p>ТД-ды қосу және сөндіру үшін басыңыз.</p> <p>The Frame үлгісінде теледидар қарап отырғанда <b>Графикалық сурет</b> режиміне ауысу үшін басыңыз. <b>Графикалық сурет</b> режимінде теледидар қарау үшін басыңыз. Теледидарды толық сөндіру үшін басып тұрыңыз.</p>
 (Дауыстық көмекші)	<p>Дауыстық көмекші функциясын орындайды. Дауыстық көмекші функциясын іске қосу үшін түймені басып, дауысыңызбен нұсқау беріңіз де, содан кейін түймені босатыңыз.</p> <p> Дауыстық көмекші қолдау көрсететін тілдер мен функциялар географиялық аймаққа байланысты әр түрлі болуы мүмкін.</p>
 (Түс / Нөмір түймесі)	<p>Осы түймені басқан сайын түрлі түсті түймелер терезесі мен виртуалды сандар тақтасы кезек-кезек көрсетіледі.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Осы түймені қолданыстағы функцияға тән қосымша параметрлерге қол жеткізу үшін пайдаланыңыз.</li> <li>Виртуалды сандар тақтасын экранға шығару үшін басыңыз. Сандарды енгізу үшін сандар пернетақтасын қолданыңыз. Сандарды таңдап, санды енгізу үшін <b>Дайын</b> параметрін таңдаңыз. Арнаны ауыстыру, PIN, ZIP кодын және т.с.с. енгізу үшін пайдаланыңыз.</li> <li> Телемәтін қызметіне қолдау көрсететін арна үшін 1 секунд немесе бұдан көбірек басқанда, теледидар экранында ТТХ мәзірі пайда болады. Қосымша ақпаратты "<u>Телемәтін функциясы</u>" тарауынан қараңыз.</li> <li> Егер экранда бірнеше жолағы бар Түс түймесі пайда болса, Түс түймесі таңдап, содан кейін меңзер түйменің (жоғары/төмен/солға/оңға) көмегімен белгілі бір түсті таңдаңыз. Осы әдісті қолданыстағы функцияға тән қосымша параметрлерді ашу үшін пайдаланыңыз.</li> </ul>
 (Multi View)	<p><b>Multi View</b> функциясына тікелей кіру үшін түймені басыңыз.</p> <p> 1 секунд не одан ұзағырақ басылған кезде, <b>Пернелер тіркесімі</b> мәзірінің экраны пайда болады.</p> <p> Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.</p>
 1 Меңзер түйме (жоғары/төмен/солға/оңға)	<p>Кезелімді жылжытады.</p>
 2 Таңдау	<p>Меңзер қойылған элементті таңдайды немесе іске қосады. Бағдарлама көріп отырған кезде басылса, бағдарламаға қатысты толық ақпарат көрсетіледі.</p>
 (Қайту)	<p>Алдыңғы мәзірге оралу үшін басыңыз. 1 секунд немесе бұдан астам басылғанда, жұмыс істеп тұрған функция ажыратылады. Бағдарламаны көріп отырып басқанда, алдыңғы арна пайда болады.</p>
 (Smart Hub)	<p>Бірінші экран-ға оралыңыз.</p> <p>The Frame режимінде теледидар режиміне ауысу үшін <b>Графикалық сурет</b> режимін басыңыз.</p>











Түймешік	Сипаттама
 (Ойнату/кідірту)	<p>Басқан кезде, ойнатуды басқаратын құралдар пайда болады. Осы басқару құралдарымен ойнап тұрған мазмұнды басқаруға болады.</p> <p>Бағдарлама көріп отырып жазу немесе Timeshift функциясын пайдалану үшін түймені басыңыз.</p> <p>Ойын тақтасы пайдалану үшін <b>Ойын режимі</b> режимінде түймені басып тұру керек.</p> <p> Ойын тақтасы функциясына үлгіге немесе географиялық өңірге байланысты қолдау көрсетілмеуі мүмкін.</p>
+/- (Дыб дең)	<p>Дыбысты реттеу үшін түймені жоғары немесе төмен жылжытыңыз. Дыбысты үнсіз режимге қою үшін түймені басыңыз. 1 секунд немесе бұдан астам басқанда, <b>Арнайы мүмкіндіктердің төте жолдары</b> пайда болады.</p>
^/∨ (Арна)	<p>Арнаны өзгерту үшін түймені жоғары немесе төмен жылжытыңыз. <b>Нұсқау.</b> экранын қарау үшін түймені басыңыз. 1 секунд не одан ұзағырақ басылған кезде, <b>Арналар тізімі</b> экраны пайда болады.</p> <p>Арнаны жылдам ауыстыру үшін түймені жылдам жоғары не төмен басыңыз.</p>
 (Бастау қолданбасының түймесі)	<p>Түйме арқылы көрсетілген қолданбаны іске қосыңыз.</p> <p> Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.</p>




-  Samsung Smart қашықтан басқару пульті құрылғысын теледидардан 6 метрден азырақ жерден пайдаланыңыз. Пайдалану қашықтығы сымсыз байланыс жағдайларына қарай әр түрлі болуы мүмкін.
-  Құрылғының үлгілеріне немесе географиялық өңірлерге байланысты Samsung Smart қашықтан басқару пульті суреттері, түймелері және функциялары әр түрлі болуы мүмкін.
-  Samsung Smart қашықтан басқару пульті құралын HDMI-CEC (Anynet+) функциясына қолдау көрсетпейтін үйлесімді сыртқы құрылғыны басқару үшін пайдаланғыңыз келсе, құрылғы үшін әмбебап қашықтан басқару пульті конфигурациялау қажет. Қосымша ақпаратты "Сыртқы құрылғыларды Samsung қашықтан басқару құралымен басқару - Әмбебап қашықтан басқ. жиынтығы пайдалану" тарауынан қараңыз.
-  Samsung Smart қашықтан басқару пульті құралын HDMI-CEC (Anynet+) функциясына қолдау көрсететін үйлесімді сыртқы құрылғыны басқару үшін пайдаланғыңыз келсе, құрылғыны теледидардың HDMI портына HDMI сымымен жалғаңыз. Қосымша ақпаратты "Anynet+ (HDMI-CEC) қызметін пайдалану" тарауынан қараңыз.





## Samsung Smart қашықтан басқару пульті (AU8 сериялары туралы)

Samsung Smart қашықтан басқару пульті түймелері туралы үйреніңіз.





Түймешік	Сипаттама
 (Қосу)	ТД-ды қосу және сөндіру үшін басыңыз.
 (Дауыстық көмекші)	<p>Дауыстық көмекші функциясын орындайды. Дауыстық көмекші функциясын іске қосу үшін түймені басып, дауысыңызбен нұсқау беріңіз де, содан кейін түймені босатыңыз.</p> <p> Дауыстық көмекші қолдау көрсететін тілдер мен функциялар географиялық аймаққа байланысты әр түрлі болуы мүмкін.</p>
 (Нөмір түймесі)	<p>Виртуалды сандар тақтасын экранға шығару үшін басыңыз. Сандарды енгізу үшін сандар пернетақтасын қолданыңыз.</p> <p>Сандарды таңдап, санды енгізу үшін <b>Дайын</b> параметрін таңдаңыз. Арнаны ауыстыру, PIN, ZIP кодын және т.с.с. енгізу үшін пайдаланыңыз.</p> <p> Телемәтін қызметіне қолдау көрсететін арна үшін 1 секунд немесе бұдан көбірек басқанда, теледидар экранында ТТХ мәзірі пайда болады. Қосымша ақпаратты "<u>Телемәтін функциясы</u>" тарауынан қараңыз.</p>
 (Түс түймесі)	Басқан кезде экранда түрлі түсті түймелер пайда болады. Осы түймені қолданыстағы функцияға тән қосымша параметрлерге қол жеткізу үшін пайдаланыңыз.
 1 Меңзер түйме (жоғары/төмен/солға/оңға)	Кезелімді жылжытады.
 2 Таңдау	Меңзер қойылған элементті таңдайды немесе іске қосады. Бағдарлама көріп отырған кезде басылса, бағдарламаға қатысты толық ақпарат көрсетіледі.
 (Қайту)	Алдыңғы мәзірге оралу үшін басыңыз. 1 секунд немесе бұдан астам басылғанда, жұмыс істеп тұрған функция ажыратылады. Бағдарламаны көріп отырып басқанда, алдыңғы арна пайда болады.
 (Smart Hub)	Бірінші экран-ға оралыңыз.


Түймешік	Сипаттама
 (Ойнату/кідірту)	<p>Басқан кезде, ойнатуды басқаратын құралдар пайда болады. Осы басқару құралдарымен ойнап тұрған мазмұнды басқаруға болады.</p> <p>Бағдарлама көріп отырып жазу немесе Timeshift функциясын пайдалану үшін түймені басыңыз.</p>
+ / - (Дыб дең)	<p>Дыбысты реттеу үшін түймені жоғары немесе төмен жылжытыңыз. Дыбысты үнсіз режимге қою үшін түймені басыңыз. 1 секунд немесе бұдан астам басқанда, <b>Арнайы мүмкіндіктердің төте жолдары</b> пайда болады.</p>
^ / v (Арна)	<p>Арнаны өзгерту үшін түймені жоғары немесе төмен жылжытыңыз. <b>Нұсқау</b>. экранын қарау үшін түймені басыңыз. 1 секунд не одан ұзағырақ басылған кезде, <b>Арналар тізімі</b> экраны пайда болады.</p> <p>Арнаны жылдам ауыстыру үшін түймені жылдам жоғары не төмен басыңыз.</p>
 (Бастау қолданбасының түймесі)	<p>Түйме арқылы көрсетілген қолданбаны іске қосыңыз.</p> <p> Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.</p>




-  Samsung Smart қашықтан басқару пульті құрылғысын теледидардан 6 метрден азырақ жерден пайдаланыңыз. Пайдалану қашықтығы сымсыз байланыс жағдайларына қарай әр түрлі болуы мүмкін.
-  Құрылғының үлгілеріне немесе географиялық өңірлерге байланысты Samsung Smart қашықтан басқару пульті суреттері, түймелері және функциялары әр түрлі болуы мүмкін.
-  Samsung Smart қашықтан басқару пульті құралын HDMI-CEC (Anynet+) функциясына қолдау көрсетпейтін үйлесімді сыртқы құрылғыны басқару үшін пайдаланғыңыз келсе, құрылғы үшін әмбебап қашықтан басқару пультін конфигурациялау қажет. Қосымша ақпаратты "Сыртқы құрылғыларды Samsung қашықтан басқару құралымен басқару - Әмбебап қашық-тан басқ. жиынтығы пайдалану" тарауынан қараңыз.
-  Samsung Smart қашықтан басқару пульті құралын HDMI-CEC (Anynet+) функциясына қолдау көрсететін үйлесімді сыртқы құрылғыны басқару үшін пайдаланғыңыз келсе, құрылғыны теледидардың HDMI портына HDMI сымымен жалғаңыз. Қосымша ақпаратты "Anynet+ (HDMI-CEC) қызметін пайдалану" тарауынан қараңыз.

## Samsung Smart қашықтан басқару пульті құрылғысын теледидарға жалғау

Теледидарды басқару үшін Samsung Smart қашықтан басқару пульті құрылғысын теледидарыңызға жалғаңыз.

ТД-ды ең алғаш рет қосқан кезде Samsung Smart қашықтан басқару пульті құралы ТД-мен автоматты түрде жұптасады. Егер Samsung Smart қашықтан басқару пульті теледидармен автоматты түрде жұптаспаса, оны теледидардың алдыңғы жағына бағыттаңыз да,  және  түймелерін бір мезгілде қатар 3 секунд немесе одан көбірек басыңыз.



-  Құрылғының үлгілеріне немесе географиялық өңірлерге байланысты Samsung Smart қашықтан басқару пульті суреттері, түймелері және функциялары әр түрлі болуы мүмкін.
-  Samsung Smart қашықтан басқару пульті туралы қосымша ақпаратты ["Samsung Smart қашықтан басқару пульті \(QLED TV / AU9 немесе одан кейінгі сериялары/The Frame\) туралы ақпарат"](#) тарауынан қараңыз.
-  AU8 серияларымен бірге келетін Samsung Smart қашықтан басқару пульті құралы туралы ақпаратты ["Samsung Smart қашықтан басқару пульті \(AU8 сериялары туралы\)"](#) тармағынан қараңыз.






# Сыртқы құрылғыларды Samsung қашықтан басқару құралымен басқару - Әмбебап қашық-тан басқ. жиынтығы пайдалану

Теледидарды және оған қосылған сыртқы құрылғыларды Samsung қашықтан басқару құралымен басқару.

 >  **Сигнал көзі** > **Әмбебап қашық-тан басқ. жиынтығы**

Теледидарға жалғанған сыртқы құрылғыларды Samsung қашықтан басқару пультімен басқаруға болады. Сыртқы құрылғыларды басқару үшін оларды экрандағы нұсқауларды орындай отырып тіркеңіз.

-  Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
-  Сонымен қатар, сыртқы Samsung құрылғыларын қосымша параметрлер орнатпай-ақ теледидардың қашықтан басқару пультімен басқару үшін **Anynet+ (HDMI-CEC)** функциясын пайдалануға болады. Қосымша ақпаратты "[Anynet+ \(HDMI-CEC\) қызметін пайдалану](#)" тарауынан қараңыз.
-  Теледидарға жалғанған кейбір сыртқы құрылғылар әмбебап қашықтан басқару функциясын қолдамауы мүмкін.
-  Сыртқы құрылғы мен теледидар логотипінің алдыңғы жағына ешбір нәрсе қоймаңыз. Бұл қашықтан басқару пультінен сигналдардың қате берілуіне себеп болуы мүмкін.
-  ТД сыртқы құрылғыны және оның қосылым портын да (HDMI 1, HDMI 2, т.б.) жадында сақтайды.
-  Әмбебап қашық-тан басқ. жиынтығы көмегімен сыртқы құрылғыларды басқару барысында қиындық туындаса, сыртқы құрылғыларды басқаша реттеп орналастырыңыз.
-  Бұл функция сыртқы құрылғылардың функциялары мен теледидардың орнатылған жеріне байланысты дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

## Anynet+ (HDMI-CEC) қызметін пайдалану

Anynet+ (HDMI-CEC) арқылы жалғанған сыртқы құрылғыны қашықтан басқару пульті арқылы басқарыңыз.


Теледидардың қашықтан басқару пульті теледидарға HDMI кабелі арқылы жалғанған және Anynet+ (HDMI-CEC) қолданылатын сыртқы құрылғыларды басқару үшін пайдалануға болады. Қашықтан басқару пультінің көмегімен тек Anynet+ (HDMI-CEC) құрылғысын ғана орнатып, пайдалана аласыз.

### Сыртқы құрылғыны Anynet+ арқылы қосу және оның мәзірін пайдалану









 >  **Параметрлер** > **Жалпы** > **Сыртқы құрылғы менеджері** > **Anynet+ (HDMI-CEC)** [Қазір көру](#)

1. **Anynet+ (HDMI-CEC)** параметрін **Қосу** қалпына қойыңыз.
2. ТД-ға HDMI-CEC-үйлесімді құрылғыны жалғаңыз.
3. Жалғанған сыртқы құрылғыны қосыңыз.

Құрылғы теледидарға автоматты түрде жалғанады. Жалғау үрдісі аяқталғаннан кейін теледидардың қашықтан басқару құралының көмегімен қосылған құрылғының мәзіріне кіріп, құрылғыны басқара аласыз.

 Жалғау толық аяқталуы үшін 2 минутқа жуық уақыт қажет.

### Anynet+ (HDMI-CEC) құрылғысын жалғардан бұрын оқып шығу

-  Anynet+ (HDMI-CEC) функциясы қосылған құрылғылар теледидарға HDMI кабелі арқылы жалғануы керек. Кейбір HDMI сымдары Anynet+ (HDMI-CEC) функциясына қолдау көрсетпеуі мүмкін.
-  Теледидардың әмбебап қашықтан басқару пульті үшінші тараптың HDMI-CEC режимі қолданылмайтын кабель қорапшасын, Blu-ray ойнатқыштарын және үй театрларын басқару үшін бейімдеуге болады. Қосымша ақпаратты "Сыртқы құрылғыларды Samsung қашықтан басқару құралымен басқару - Әмбебап қашықтан басқ. жиынтығы пайдалану" тарауынан қараңыз.
-  Anynet+ функциясын HDMI-CEC режиміне қолдау көрсетпейтін сыртқы құрылғыларды басқару үшін қолдануға болмайды.
-  Теледидардың қашықтан басқару пульті кейбір жағдайларда жұмыс істемеуі мүмкін. Егер мұндай жағдай орын алса, құрылғыны қайта Anynet+ (HDMI-CEC) функциясы қосулы құрылғы ретінде баптау керек.
-  Anynet+ (HDMI-CEC) функциясы тек HDMI-CEC режимін қолданатын сыртқы құрылғылар күту режимінде немесе тоққа қосулы тұрса ғана жұмыс істейді.
-  Anynet+ (HDMI-CEC) функциясы үй кинотеатрларынан басқа сыйысымды 12 сыртқы құрылғыны (бірдей 3 құрылғыны) басқара алады. Anynet+ (HDMI-CEC) тек бір үй кинотеатры жүйесін ғана басқара алады.
-  Сыртқы құрылғыдан 5.1-арналы аудиожазбаларды тыңдау үшін құрылғыны теледидарға HDMI кабелі арқылы жалғаңыз да, 5.1 үй кинотеатр жүйесін құрылғының сандық аудио шығыс ағытпасына тікелей жалғаңыз.
-  Егер сыртқы құрылғы Anynet+ және әмбебап қашықтан басқару пультінің екеуіне бірдей бапталған болса, құрылғыны тек әмбебап қашықтан басқару пультімен ғана басқаруға болады.

## Теледидарды пернетақта, тінтуір немесе геймпадпен басқару






Теледидарды басқаруды жеңілдету үшін пернетақтаны, тінтуірді немесе геймпадты қосу.

 >  **Параметрлер** > **Жалпы** > **Сыртқы құрылғы менеджері** > **Енгізу құрылғысының менеджері** [Қазір көру](#)


Теледидарды басқаруды жеңілдету үшін пернетақтаны, тінтуірді немесе геймпадты жалғауға болады.





### USB пернетақтасын, тінтуірді немесе геймпадты қосу

Пернетақта, тінтуір немесе геймпад кабелін USB портына қосыңыз.






-  Тінтуірді қоссаңыз ол **Internet** қолданбасы мен **PC on TV** функциясында ғана жұмыс істейді.
-  XInput USB геймпаттарына қолдау көрсетіледі.
-  Қосымша ақпаратты **Енгізу құрылғысы** тармағын **Қосу нұсқаулығы** ( >  **Сигнал көзі** > **Қосу нұсқаулығы** > **Енгізу құрылғысы**) арқылы ашып қараңыз.


### Bluetooth пернетақтасын, тінтуірді немесе геймпадты қосу

 >  **Параметрлер** > **Жалпы** > **Сыртқы құрылғы менеджері** > **Енгізу құрылғысының менеджері** > **Bluetooth құрылғыларының тізімі**

-  Егер құрылғы анықталмаса, пернетақтаны теледидарға жақын қойыңыз да, **Жаңарту** параметрін таңдаңыз. ТД қолжетімді құрылғыларды қайта іздейді.
-  Тінтуірді жалғасаңыз, оған **Internet** қолданбасында ғана қолжетімді.
-  Bluetooth құрылғысын қосуға қатысты ақпаратты Bluetooth құрылғысының пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.
-  Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## Пенетақтаны және тінтуірді жалғау

Түймешік	Сипаттама
Бағыт пернелері	Кезелімді жылжытады
Windows пернесі	ТД параметрлерін көрсетеді
Кіру пернесі	Меңзердегі элементті таңдайды немесе іске қосады
ESC пернесі	Алдыңғы экранға оралуға арналған
F1 / F2 / F3 / F4 пернесі	Түрлі түсті түймелер —  /  /  / 
F5 пернесі	Бірінші экран көрсетеді
F6 пернесі	<b>Сигнал көзі</b> экранын көрсетеді
F7 пернесі	<b>Арналар тізімі</b> көрсетеді
F8 пернесі	Үнсіз режимге қояды
F9 / F10 пернесі	Дыбысты реттейді
F11 / F12 пернесі	Арнаны ауыстырады
Бетті жоғары / төмен жылжыту	<b>Internet</b> қолданбасында көрсетілген веб-парақшаны шарлайды.
Сол жақ пернемен шерту	<b>Internet</b> қолданбасында ғана жұмыс істейді. Дербес компьютердегідей мәзірді немесе сілтемені шертіп, функцияны бастауға болады.
Оң жақ пернемен шерту	<b>Internet</b> қолданбасында ғана жұмыс істейді. Келесі функцияларды пайдалануға болады:  Таңдалған элементке байланысты мәзірде көрсетілетін опциялар әр түрлі болуы мүмкін. <ul style="list-style-type: none"> <li>• <b>Ашу</b></li> <li>• <b>Сілтемені жаңа қойындыда ашу</b></li> <li>• <b>Шолу режимін қосу</b></li> </ul>

 Перненің жұмысы кей қолданбаларға немесе пернетақтаға байланысты басқаша болуы мүмкін.

## Кіріс құрылғыларын баптау

🏠 > ⚙️ Параметрлер > Жалпы > Сыртқы құрылғы менеджері > Енгізу құрылғысының менеджері

- П-тақта параметрлері


Пернетақтаны [Пернетақта тілі](#) және [Пернетақта түрі](#) функцияларымен баптауға болады.

- Тінтуір параметрлері

Тінтуірді [Негізгі түйме](#) және [Көрс-ш жылдамд.](#) функцияларымен баптауға болады.

## Экрандағы виртуалды пернетақтамен мәтін енгізу

Теледидарға мәтін енгізу үшін виртуалды пернетақтаны пайдаланыңыз.



✎ Теледидардағы сурет үлгіге және географиялық аймаққа байланысты жоғарыдағы суреттен басқаша болуы мүмкін.

### 1 Ұсынылған мәтін

Іздеу термині ретінде пайдаланғыңыз келген сөзді тергенде, осы функция ішінен біреуін таңдауға болатын мүмкін варианттарды көрсетеді.

## 2 Параметр.

Экрандағы виртуалды пернетақтадан  таңдаңыз. Келесі функцияларға қол жетімді:


 Қазір жұмыс істеп тұрған функцияға байланысты қолданылатын параметрлер әр түрлі болуы мүмкін.

- [Ұсынылған мәтін](#)
- [Ұсынылған мәтіндік деректерді қалпына келтіру](#)
- [Өзгерту түймелерін көрсету](#)
- [Тіл](#)

## 3 Өңдеу түймелері

Виртуалды пернетақтадағы таңбаларды енгізгеннен кейін қалқымалы Өңдеу түймелері түймелерінің кез келгенін таңдау арқылы өңдеу функциясын жылдам орындауға болады.

### Қашықтан басқару пультінің микрофонымен және экрандағы виртуалды пернетақта көмегімен мәтін енгізу

Виртуалды пернетақта экранға шығып тұрғанда  түймесін Samsung Smart қашықтан басқару пульті құралынан басып тұрып, Samsung Smart қашықтан басқару пульті микрофонына сөйлеңіз де, содан кейін түймені босатыңыз. Сіздің айтқаныңыз экранда мәтін түрінде пайда болады.

 Мәтінді дауыспен енгізу кейбір функцияларға қолдау көрсетпеуі мүмкін.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты Samsung Smart қашықтан басқару пульті функциясына қолдау көрсетілмеуі мүмкін.









# Смарт функциялар

Smart Hub арқылы көптеген қолданбаларды тамашалауға болады.

## Smart Hub қызметін пайдалану


Smart Hub негізгі функцияларының сипаттамаларын қараңыз.

Smart Hub арқылы интернеттің іздеу функциясын пайдалануға, түрлі қолданбаларды орнатуға және пайдалануға, сыртқы құрылғыларда сақталған фотосуреттер мен бейнежазбаларды қарауға немесе музыка естуге және басқа да көптеген функцияларды орындауға болады.

-  Кейбір Smart Hub қызметтері ақылы болып табылады.
-  Smart Hub қызметін пайдалану үшін теледидар интернетке қосылып тұруы керек.
-  Кейбір Smart Hub функцияларына қызмет провайдеріне, тілге немесе географиялық өңірге байланысты қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
-  Smart Hub қызметінде интернет қызметінің үзілуіне байланысты іркіліс орын алуы мүмкін.
-  Smart Hub пайдалану үшін Smart Hub қызмет көрсету және жеке ақпарат жинау және пайдалану шартына келісім беруіңіз керек. Келісім бермесеңіз қосымша қызметтер мен функцияларды пайдалана алмайсыз. [Шарттар және құпиялылық](#) толық мәтінін  > [Параметрлер](#) > [Шарттар және құпиялылық](#) беттерін шарлау арқылы қарап шығуға болады. [Қазір көру](#)
-  Егер Smart Hub қызметін қолдануды тоқтатқыңыз келсе, келісімшартты үзуіңіз керек. Smart Hub қызмет келісімшартын бұзу үшін [Smart Hub параметрін бастапқы күйіне қайтару](#) ( > [Параметрлер](#) > [Қолдау](#) > [Құрылғы күтімі](#) > [Өзін-к диагностика](#) > [Smart Hub параметрін бастапқы күйіне қайтару](#)) таңдаңыз.

## Бірінші экран көрсету

 түймесін басыңыз.



 Теледидардағы сурет үлгіге және географиялық аймаққа байланысты жоғарыдағы суреттен басқаша болуы мүмкін.

Бірінші экран көмегімен жақында немесе жиі қолданылған қолданбаларды оңай іске қосуға болады. Сондай-ақ қолданбаларды экранда жылжытуға немесе жоюға болады.

### **1** Параметрлер

Кезелім **Параметрлер** белгісіне жылжыған кезде, мәзірдің үстіңгі жағында жылдам параметр белгішелерінің тізімі пайда болады. Жиі пайдаланылатын функцияларды белгішелерді шерту арқылы жылдам орнатуға болады.

- **e-Manual**

Теледидарға кіріктірілген пайдаланушы нұсқаулығын ашуыңызға болады.

- **Зерделі режим**

**Зерделі режим** режимінде теледидар қоршаған ортаны, дыбысты, мазмұнды және сіздің теледидарды қолдану ерекшеліктеріңізге талдау жасап, сізге барынша сай келетін ұсыныстар жасайды. **Зерделі режим** режимін қосу немесе сөндіру үшін Таңдау түймесін басыңыз. Нақты параметрлерді орнату үшін меңзер түймесін басып, **Зерделі режим параметрлері** таңдаңыз.

 Бұл функция тек QLED (43Q7\*A/50Q7\*A, Q6\*A/Q5\*A үлгісін қоспағанда) және The Frame теледидарларында жұмыс істейді.

 Зерделі режим туралы қосымша ақпаратты "[Зерделі режим қызметін пайдалану](#)" тарауынан қараңыз.



- **Сурет режимі**

Ең тамаша қарау тәжірибесін беретін сурет режимін таңдауға болады. Сурет режимін өзгерту үшін Таңдау түймесін басыңыз. Нақты параметрлерді реттеу үшін меңзер түймесін басып, **Суретті реттеу** параметрін таңдаңыз.

- **Дыбыс режимі**

Дыбыс режимін жеке талғамыңызға сай таңдауға болады. Дыбыс режимін өзгерту үшін Таңдау түймесін басыңыз. Нақты параметрлерді реттеу үшін меңзер түймесін басып, **Эквалайзерді реттеу** параметрін таңдаңыз.

- **Дыбыс шығысы**

ТД-дан шығатын дыбыс естілетін үндеткішті таңдауға мүмкіндік береді. Аудио шығыс режимін өзгерту үшін Таңдау түймесін басыңыз. Bluetooth дыбыстағышын қосу үшін жоғары меңзер түймесін басып, **Bluetooth динамиктер тізімі** таңдаңыз.

 Үлгіге немесе географиялық өңірге байланысты Bluetooth дыбыстағышын қосу функциясына қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Ойын режимі**

Ойын мүмкіндіктері көбірек болуы үшін, теледидар экранын оңтайландыру мақсатында **Ойын режимі** параметрін орнатуға болады. **Ойын режимі** режимін қосу немесе сөндіру үшін Таңдау түймесін басыңыз. Нақты параметрлерді орнату үшін меңзер түймесін басып, **Ойын режимі параметрлеріне өтіңіз** таңдаңыз.

 Ойын режимі туралы қосымша ақпаратты "Сыртқы құрылғылар үшін қарау ортасы параметрлерін орнату" тармағынан қараңыз.

 Бұл функция тек сыртқы кіріс көзі қосылса ғана жұмыс істейді.

- **Субтитр**

ТД бағдарламаларын субтитрлерімен бірге көруге болады. **Субтитр** функциясын қосу/сөндіру үшін Таңдау түймесін басыңыз. **Арнайы мүмкіндіктердің төте жолдары** функциясын қосу үшін меңзер түймесін басып, содан кейін **Арнайы мүмкіндіктердің төте жолдары** параметрін таңдаңыз.

- **Аудио тілі**

Естігіңіз келген аудио тілді өзгертуіңізге болады. Нақты параметрлерді реттеу үшін меңзер түймесін басып, **Дыбыс параметрлеріне өту** параметрін таңдаңыз.

- **PIP**

Жалғанған сыртқы құрылғыларды пайдаланғанда, ТД таратылымын сурет ішіндегі сурет (PIP) терезесінен қарауға болады. Нақты параметрлерді реттеу үшін меңзер түймесін басып, **PIP кодын реттеу** параметрін таңдаңыз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Желі**

Ағымдық желі мен интернеттің қалып-күйін қарай аласыз. Меңзер түймесін басып **Желі күйі** немесе **Желі параметрлері** таңдаңыз.

- **Сурет өлшемі**

Көргіңіз келген суреттің өлшемін өзгертуіңізге болады. Нақты параметрлерді реттеу үшін меңзер түймесін басып, **Сурет өлшемі опциясына өту** параметрін таңдаңыз.

- **Түс реңкі**

Бейнені көру үшін қолайлы түстің реңін таңдауға болады. Қалаған түс реңкін таңдау үшін Таңдау түймесін басыңыз.

- **Сурет анықтығы**

Әр түрлі қимылдары бар суреттерді оңтайландыруға болады. Осы функцияны қосу немесе сөндіру үшін Таңдау түймесін басыңыз. Нақты параметрлерді орнату үшін меңзер түймесін басып, **Сурет анықтығының параметрлері** таңдаңыз.

- **Контрастты арттырғыш**

Теледидар экранындағы өте жарық немесе өте қараңғы тұстардың айырмашылықтарын болдырмауға болады. **Контрастты арттырғыш** параметрін өзгерту үшін Таңдау түймесін басыңыз.

- **Цифрлық шығыс аудио пішімі**

Сандық аудио үшін шығыс пішімін таңдауға болады. **Dolby Digital+** опциясына тек HDMI (eARC) функциясы арқылы ғана Dolby Digital+ пішіміне қолдау көрсететін құрылғылар арқылы қосылуға болады.

- **Түс кеңістігі**

Теледидар экранына түстер спектрін орнатуыңызға болады. Қалаған түс реңкін таңдау үшін Таңдау түймесін басу керек. Нақты параметрлерді орнату үшін меңзер түймесін басып, **Түс кеңістігі параметрлері** таңдаңыз.

- **Құрылғы күтімі**

Теледидарға диагностика жасау және оны оңтайландыру үшін **Құрылғы күтімі** іске қосыңыз. Сонымен қатар, **Құрылғы күтімі** теледидар жадысын тексере және оңтайландыра алады. Қандай да бір қиындық анықталса, техникалық көмек керек болады.

- **Қосатын таймер**

ТД-ды белгілі бір уақытта автоматты түрде қосу үшін **Қосатын таймер** функциясын орнатуға болады. **Қосатын таймер** функциясы тек **Сағат** функциясы бапталған болса ғана жұмыс істейді.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Өшіретін таймер**

Теледидарды белгілі бір уақытта автоматты түрде өшетін ету үшін **Өшіретін таймер** орнатуға болады. **Өшіретін таймер** функциясы тек **Сағат** функциясы бапталған болса ғана жұмыс істейді.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Барлық баптаулар**

**Параметрлер** мәзірін көрсетеді.

 Бұл функциялар құрылғының үлгісіне немесе географиялық өңірге байланысты жұмыс істемеуі мүмкін.

## 2 **Сигнал көзі**

ТД-ға қосылған сыртқы құрылғыларды таңдай аласыз.

 Қосымша ақпаратты "ТД-ға қосылған сыртқы құрылғыларды ауыстыру." тарауынан қараңыз.

## 3 **SmartThings**



Бұл функция теледидарға өзі тұрған жердегі құрылғыларды қосуға және басқаруға мүмкіндік береді.

 Қосымша ақпаратты "SmartThings қызметін пайдалану" тарауынан қараңыз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.



#### 4 🔍 Іздеу

Smart Hub арқылы арналарды, бағдарламаларды, бейнефильм тақырыптарын және қолданбаларды іздеуге болады.

-  Осы функцияны пайдалану үшін теледидар интернетке қосулы болуға тиіс.
-  Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.



#### 5 📺 Apps

Теледидарға тиісті қолданбаларды орнатып, жаңалықтар, спорт ойындары, ауа райы және ойын тәрізді мазмұндардың кең ауқымын тамашалауға болады.

-  Осы функцияны пайдалану үшін теледидар интернетке қосулы болуға тиіс.
-  Қосымша ақпаратты "[Apps қызметін пайдалану](#)" тарауынан қараңыз.




#### 6 🖥️ Multi View



Теледидар қарап отырған кезде, сонымен бір мезгілде бірнеше бөлек экранды қарауға болады.

-  Қосымша ақпаратты "[Multi View қызметін пайдалану](#)" тарауынан қараңыз.
-  Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.


#### 7 🌫️ Ambient Mode

Теледидар қарамаған кезде, оның айналаңызға сәйкес келетін әрлі мазмұнымен тіршілік ететін ортаңызды көркейте аласыз немесе теледидар экранынан ауа райын, уақытты және жаңалықтарды нақты уақыт режимінде қарай аласыз.

Теледидар режиміне оралу үшін **Ambient Mode** режиміндегі  түймені басыңыз. Теледидарды сөндіру үшін  түймесін басыңыз. Кез келген The Frame үлгісі жағдайында  түймесін басып тұрыңыз.

-  Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
-  **Ambient Mode** туралы қосымша ақпаратты "[Ambient Mode қызметін пайдалану](#)" тарауынан қараңыз.

## 8 Басты

Бұл мәзір  түймесін басқанда бірінші пайда болады. Содан кейін [Samsung ес. жазб.](#), [Хабарландыру](#) немесе [Құпиялылық таңдаулары](#) кез келгенін тез пайдалана аласыз.

 Қолжетімді функциялар үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты әр түрлі болуы мүмкін.

- [Samsung ес. жазб.](#)

Жаңа есептік жазба жасау немесе есептік жазбадан шығу үшін [Samsung ес. жазб.](#) тармағына өтіңіз.

 [Samsung ес. жазб.](#) туралы қосымша ақпаратты "[Samsung тіркелгісін пайдалану](#)" тарауынан қараңыз.

-  [Хабарландыру](#)

Теледидарда болатын барлық шараларға қатысты хабарландырулар тізімін қарауға болады. Жоспарлы көрсетілім, бағдарлама көруді жоспарлау уақыты келсе немесе тіркелген құрылғыда оқиға орын алса, экранда хабарландыру пайда болады.

Егер кезелімді [Хабарландыру](#) қалпына қойып, содан кейін Таңдау түймесін бассаңыз, оң жақтан хабарландыру терезесі көрінеді және келесі функцияларға қолжетімді болады:

-  [Барлығын жою](#)

Барлық хабарландыруларды жоюға болады.

-  [Параметрлер](#)

Хабарландыру алғыңыз келген қызмет түрлерін таңдауыңызға болады.

[Дыбысты іске қосу](#) таңдасаңыз, хабарландыру көрсетілгенде хабарландыру дыбысы естіледі.


- [Құпиялылық таңдаулары](#)

Smart Hub және әр түрлі басқа қызметтер үшін құпиялылық саясатын қарауға және орнатуға болады.

## 9 Universal Guide


**Universal Guide** - теледидар шоулары, драмалар, бейнефильм тәрізді мазмұндарды бір жерден іздеуге және рақаттана пайдалануға мүмкіндік беретін қолданба. **Universal Guide** талғамыңызға сәйкес келетін ақпарат ұсына алады.

Бұл функцияны мобильдік құрылғыңыздағы Samsung SmartThings қолданбасымен пайдалануға болады.

 Әмбебап нұсқаулық нұсқаулығына қатынасу үшін Бірінші экран экранында қашықтан басқару пультіндегі төмен меңзер түймесін басыңыз.

 Осы қолданбалардағы мазмұнды теледидар арқылы рақаттана пайдалану үшін бұлар теледидарға орнатылып тұруы керек.

 Кейбір ақылы мазмұнды қарағанда, соларда қолданылатын қолданба арқылы төлем жасау керек болуы мүмкін.

 Желі жағдайларына және ақылы арналарға төлеген жарналарыңызға байланысты кейбір мазмұндарға шектеу қойылуы мүмкін.

 Балалар осы қызметті пайдаланғанда ата-аналары бақылауы қажет.


 Қызмет провайдеріне байланысты суреттер бұлыңғыр болып көрінуі мүмкін.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## Графикалық сурет

Теледидар қарамай отырғанда немесе теледидар сөндірілі тұрғанда, өнер туындысы не фотосурет тәрізді кескіндерді өңдеу немесе дисплейге шығару үшін **Графикалық сурет** режимі функциясын пайдалануға болады.

- Бұл функцияға The Frame арқылы ғана қол жетімді.
- Қосымша ақпаратты "Графикалық сурет режимін пайдалану" тарауынан қараңыз.



- Теледидардағы сурет үлгіге және географиялық аймаққа байланысты жоғарыдағы суреттен басқаша болуы мүмкін.

### 10 Бірінші экран элементін жылжыту

Жылжытқыңыз келген қолданбаға қарай кезелімді жылжытыңыз да, қашықтан басқару пультіндегі Таңдау түймесін басып тұрыңыз, содан кейін параметрлер мәзіріндегі **Қозғ.** тармағын таңдаңыз. Сол немесе оң меңзер түймесімен қолданбаны қалаған орынға жылжытып, Таңдау түймесін басыңыз. Таңдалған қолданба Басты экранға жылжытылады.

- Universal Guide қолданбасы қолданылмайтын аймақта қашықтан басқару пультіндегі меңзер түймені басыңыз.

### 11 Бірінші экран элементін алу

Жойғыңыз келген қолданбаға қарай кезелімді жылжытыңыз да, қашықтан басқару пультіндегі Таңдау түймесін басып тұрыңыз, содан кейін параметрлер мәзіріндегі **Алып тас** тармағын таңдаңыз. Таңдалған қолданба жойылады.

- Әмбебап нұсқаулық қолданылмайтын аймақта қашықтан басқару пультіндегі төмен меңзер түймесін басыңыз.
- Жиі пайдаланғыңыз келген қолданбаны Бірінші экран экранына Apps көмегімен қосуға болады. Таңдаулы қолданбаны Бірінші экран қатарына қосу үшін "Орнатылған қолданбаларды басқару" тармағын қараңыз.

## Smart Hub автоматты түрде қосу

 >  Параметрлер > Жалпы > Смарт функциялар > Smart Hub қызметін автоматты іске қосу [Қазір көру](#)

Smart Hub қызметін автоматты іске қосу параметрін Қосу қалпына қойғанда, теледидарды қосқан кезде оның экранында Бірінші экран автоматты түрде көрінеді. Бұл функцияны да қосуға немесе сөндіріп қоюға болады. Ағымдық мәзірден Таңдау түймесін басыңыз.

## Соңғы пайдаланылған қолданбаны автоматты түрде қосу

 >  Параметрлер > Жалпы > Смарт функциялар > Соңғы қолданбаны автоматты іске қосу [Қазір көру](#)

Соңғы қолданбаны автоматты іске қосу параметрі Қосу қалпына қойылса, ТД-ды қосқан кезде соңғы пайдаланылған қолданба автоматты түрде қосылады. Бұл функцияны да қосуға немесе сөндіріп қоюға болады. Ағымдық мәзірден Таңдау түймесін басыңыз.

 Қолданба түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.


 Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## Samsung Business TV қолданбасын автоматты түрде іске қосу


 >  Параметрлер > Жалпы > Смарт функциялар > Samsung Business TV қолданбасын автоматты іске қосу

Samsung Business TV қолданбасын автоматты іске қосу параметрі Қосу қалпына қойылса, ТД-ды қосқан кезде, Samsung Business TV қолданбасы автоматты түрде қосылады. Бұл функцияны да қосуға немесе сөндіріп қоюға болады. Ағымдық мәзірден Таңдау түймесін басыңыз.

Samsung Business TV қолданбасын теледидардан пайдалану үшін оны Google Play Store немесе App Store дүкенінен орнатыңыз. Samsung Business TV қолданбасын мобильдік құрылғы экранындағы нұсқауларды орындау арқылы пайдаланыңыз.

 Соңғы қолданбаны автоматты іске қосу Қосу күйіне орнатылған кезде, Samsung Business TV қолданбасын автоматты іске қосу Қосу күйіне орнатылса, Samsung Business TV қолданбасы теледидар қосылған кезде автоматты түрде қосылады.

 Ол Android 6.0/iOS 9.0 нұсқасында немесе одан кейінгі нұсқаларда қолжетімді.

 Сіз қызмет келісімшартын қабылдап, жеке ақпаратты қолдануымызға келіссеңіз, Бірінші экран экранындағы Samsung Business TV қолданбасы автоматты түрде орнатылады.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## Multi View функциясында автоматты түрде орналастыру

 >  [Параметрлер](#) > [Жалпы](#) > [Смарт функциялар](#) > [Жібергенде Multi View режимін автоматты түрде іске қосу](#)

Мазмұнды YouTube көмегімен мобильді құрылғыңызға орналастырған кезде, ол [Multi View](#) функциясында автоматты түрде пайда болады. Функцияны Таңдау түймесін басып қосуға немесе сөндіруге болады.

 Ол Multi View қолданатын кез келген хабар тарататын, сыртқы құрылғы немесе қолданба үшін экранда болады.




 Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## Smart Hub қосылымдарын тексеру

 >  [Параметрлер](#) > [Қолдау](#) > [Құрылғы күтімі](#) > [Өзін-к диагностика](#) > [Smart Hub қосылымын тексеру](#) [Қазір көру](#)

## Smart Hub параметрлерін бастапқы қалпына қайтару

 >  [Параметрлер](#) > [Қолдау](#) > [Құрылғы күтімі](#) > [Өзін-к диагностика](#) > [Smart Hub параметрін бастапқы күйіне қайтару](#) [Қазір көру](#)

 Smart Hub параметрлерін бастапқы қалпына қайтаруға болады. Smart Hub параметрлерін бастапқы қалпына қайтару үшін PIN кодты енгізіңіз. Әдепкі PIN код: "0000" (Франция мен Италия үшін: "1111"). PIN кодты  >  [Параметрлер](#) > [Жалпы](#) > [Жүйе реттегіші](#) > [PIN кодын өзг](#) қойындысында орнатуға болады.




 [PIN кодын өзг](#) функциясына үлгіге немесе географиялық өңірге байланысты қолдау көрсетілмеуі мүмкін.





# Samsung тіркелгісін пайдалану

Samsung тіркелгіңізді құрып, оны басқарыңыз.

 >  [Параметрлер](#) > [Жалпы](#) > [Жүйе реттегіші](#) > [Samsung ес. жазб.](#) [Қазір көру](#)

 Шарттар және саясат толық мәтінін Samsung есептік жазбаңызға кіргеннен кейін  >  [Параметрлер](#) > [Жалпы](#) > [Жүйе реттегіші](#) > [Samsung ес. жазб.](#) > [Менің ес. жазб.](#) > [Шарттар мен талаптар, құп. саясаты](#) арқылы көре аласыз.

 Samsung ес. жазб. есептік жазбасын жасау немесе оған кіру үшін теледидар экранындағы нұсқауларды орындаңыз.

 Samsung ес. жазб. есептік жазбасын теледидарда, мобильдік құрылғыда және бір идентификаторы бар веб-сайтта пайдалануға болады.

## Samsung тіркелгісіне кіру

 >  [Параметрлер](#) > [Жалпы](#) > [Жүйе реттегіші](#) > [Samsung ес. жазб.](#) > [Жүйеге кіру](#)

## Жаңа тіркелгі жасау

 >  [Параметрлер](#) > [Жалпы](#) > [Жүйе реттегіші](#) > [Samsung ес. жазб.](#) > [Есеп-шот ашу](#)




## Samsung есептік жазбасын басқару

 >  [Параметрлер](#) > [Жалпы](#) > [Жүйе реттегіші](#) > [Samsung ес. жазб.](#) > [Менің ес. жазб.](#)

Samsung есептік жазбаңызға кіргеннен кейін мына функцияларды пайдалана аласыз:


- [Жүйеден шығу](#)


Теледидарды бірнеше адам пайдаланса, басқалар есептік жазбаңызға кірмеуі үшін, одан шыға аласыз.

 [Samsung ес. жазб.](#) ( >  [Параметрлер](#) > [Жалпы](#) > [Жүйе реттегіші](#) > [Samsung ес. жазб.](#)) есептік жазбаңыздан шығу үшін кезелімді есептік жазбаңыздың белгісіне апарып, Таңдау түймесін басыңыз. Қалқымалы терезе көрсетілген кезде [Жүйеден шығу](#) параметрін таңдаңыз.

- [Профильді өңдеу](#)

Есептік жазбаңыздың деректерін өңдеуіңізге болады.

 Жеке ақпаратты қорғау үшін, [Профильді өңдеу](#) енгізіңіз және содан соң [Ж-ге к-у әдісі](#) әдісін [Идентификаторыңызды таңдап, құпиясөзді енгізіңіз \(қауіпсіздік деңгейі жоғары\)](#) параметріне орнатыңыз.

 Егер теледидарды іске қосқан сайын теледидардың сіздің тіркелгіңізге автоматты түрде кіруін қаласаңыз, [Қосылған күйде қалу](#) түймесін шертіңіз.

 Теледидарды бірнеше адам пайдаланса, жеке ақпаратты қорғау үшін [Қосылған күйде қалу](#) функциясын өшіріңіз.

- **Төлем ақпараты**

Төлем ақпаратын қарауға немесе басқаруға болады.

- **Сақтық көшірме жасау**

Теледидар параметрлерінің сақтық көшірмесін бұлт қызметіне сақтауға болады. Теледидардың параметрлерін бастапқы қалпына келтіргенде немесе ауыстырғанда оны қайта сақтық көшірмелерді пайдаланып қалпына келтіруге болады.

- **Теледидарды тіркеу**

Ағымдағы теледидарды тіркеуге немесе тіркелген ақпаратты көруге болады. Өнімді тіркегеннен кейін қызметтерді алу оңай болады.


 Тіркелген ақпаратты Samsung тіркелгі веб-сайтынан (<https://account.samsung.com>) көруге немесе жоюға болады.

- **Интернеттен синхрондау**

Samsung есептік жазбасына кіріп **Интернеттен синхрондау** параметрлерін конфигурациялағаннан кейін, басқа құрылғыларда тіркелген сайттағы таңдаулар мен бетбелгілерді ортақ пайдалануға болады.

- **Ес-к жазбаны жою**

Теледидардағы есептік жазбаны жоюға болады. Samsung есептік жазбаңызды теледидардан жойсаңыз да, жүйеден шыққан жоқсыз.

 Samsung есептік жазбасынан бас тарту үшін Samsung есептік жазбалар веб-сайтына (<https://account.samsung.com>) барыңыз.

- **Шарттар мен талаптар, құп. саясаты**

Пайдаланушы шарты мен құпиялық саясатын қарап шығуыңызға болады.

 Пайдалану шарттары мен талаптарын, құпиялық саясатын қарау үшін **Мәліметтерді қарау** тармағын таңдаңыз.

## Ambient Mode қызметін пайдалану

Ambient Mode режимінде қолданылатын функциялар туралы оқыңыз.


### > Ambient Mode

Теледидар қарамаған кезде, оның айналаңызға сәйкес келетін әрлі мазмұнымен тіршілік ететін ортаңызды көркейте аласыз немесе теледидар экранынан ауа райын, уақытты және жаңалықтарды нақты уақыт режимінде қарай аласыз.


 Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

 **Ambient Mode** режимінде кейбір функцияларға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

### Ambient Mode шарлау экраны



 Теледидардағы сурет үлгіге және географиялық аймаққа байланысты жоғарыдағы суреттен басқаша болуы мүмкін.

 түймесі **Ambient Mode** режимінде басылған кезде, экранның төменгі жағында **Ambient Mode** шолғыш экраны пайда болады. **Ambient Mode** браузерінің экранынан мазмұнды таңдауға және **Ambient Mode** параметрлерін өзгертуге болады.

## 1 Функция және мазмұнды алдын ала қарау

Экранның астыңғы жағынан санат таңдаған кезде қолжетімді функциялар мен мазмұн осы жерде пайда болады.

Мазмұн элементіне қатысты толық ақпаратты қарау үшін оған кезелімді апарып, содан кейін меңзер түймесін басыңыз.


## 2 "Ambient" параметрлері

Келесі **Ambient Mode** параметрлерді конфигурациялауға болады:

 Қолданыстағы функциялар үлгі түріне қарай әр түрлі болуы мүмкін.

- **Автоматты ашықтық**

**Ambient Mode** параметрінің жарығын автоматты түрде өзгертеді.

 Осы функцияны **Сөндіру** қалпына қойғанда, теледидар экраны жарығының деңгейі айналадағы жарыққа сәйкес автоматты түрде реттелмейді.

- **Осыдан кейін ұйықтау**

**Ambient Mode** экраны автоматты түрде сөнетін уақытты орнатады.

 Көрсетілген уақыт аралығында қашықтан басқару пультімен ешбір әрекет жасалмаса, экран сөнеді.

- **Экран параметрлері**

Мазмұнның жарықтылығы, қанықтылығы және түс реңкі сияқты параметрлерді баптауға болады.

- **Ашықтық**

Бұл функция мазмұнның жарығын реттейді.

- **Қанықтық**

Бұл функция мазмұнның қанықтылығын реттейді.

- **Түс реңкі**

Бұл функция мазмұнның түстерін реттейді.

- **Қызыл реңк / Жасыл реңк / Көк реңк**

Бұл функция қызыл, жасыл және көк түстердің контрастын реттейді.

- **Барлық фотосуреттерді қалпына келтіру**

Мобильдік құрылғыңыздан немесе Samsung Cloud арқылы жүктелген фотосуреттерді автоматты түрде бастапқы қалпына келтіреді.


 Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## 3 ТД

Теледидар қарау экранына кіруге болады.

#### 4 Мазмұн санатын таңдау

**Ambient Mode** экраны үшін қалаған мазмұн мен фондық жарықты таңдауға болады.

 Қалаған мазмұнды таңдап, параметрлерді өзгерту үшін мобильді құрылғының SmartThings қолданбасын қолдана аласыз.

 Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

 Қолжетімді контент санаттары үлгіге немесе географиялық өңірге байланысты әр түрлі болуы мүмкін.

- **Процедура**

SmartThings қолданбасы арқылы тәуліктің әр кезеңіне сәйкес келетін мазмұнды таңдаңыз немесе жеке әдетіңізге сай келетін күнделікті жұмыстарыңызды рақаттана құрыңыз.

- **Q жинағы**

Samsung QLED теледидарына арналған мазмұнды қамтамасыз етеді.

- **Арнайы шығарылым**

Әлемнің ең үздік, алдыңғы қатарлы дизайнерлері мен қол өнер иелері жасаған өнер туындылары мен интерьерды тамашалауға мүмкіндік береді.

- **Режим**

Көңіл күйіңізге сәйкес келетін атмосфера жасау үшін әртүрлі нұсқаларды көріңіз.

- **Демалыс**


Көңіліңізді жайландыратын, табиғаттан шабыт алған, тыныштандыратын мазмұн таңдауымен демалыңыз.


- **Декор**

Бұл сізге мағыналы да әдемі дизайнды таңдауға мүмкіндік береді.

- **Менің альбомым**

Мобильдік құрылғыда немесе Samsung Cloud желісінде сақталған суретті **Ambient Mode** экранының фондық суреті ретінде сақтауға мүмкіндік береді.

 Мобильдік құрылғыдан немесе Samsung Cloud желісінен сурет жүктеу үшін мобильдік құрылғыда SmartThings қолданбасын пайдаланыңыз.

 Фотосурет параметрлерін конфигурациялауға қатысты толық ақпарат алу үшін **Анықтаманы қарау** тармағын қараңыз. Бұл функцияға фотосуретті **Менің альбомым** санатынан таңдап алғаннан кейін қолжетімді.

- **Синемаграф**

Фотосуреттің бір бөлігін қайта-қайта қимылдату арқылы көз тартатын мазмұнды қамтамасыз етеді.

- **Ақпар**


Ауа райы, температура, уақыт және жаңалықтар тәрізді маңызды, ағымдық ақпаратты таңдауға мүмкіндік береді.


- **Бейнелі жұмыс**

Бұл сізге әлемге танымал фотосурет немесе өнер туындысы тәрізді мазмұнды таңдауға мүмкіндік береді.

- **Фондық тақырып**

Samsung ұсынатын фондық суретті таңдауға мүмкіндік береді.

 Мобильдік құрылғыдағы SmartThings қолданбасының көмегімен жеке фондық тақырып әзірлеу үшін фондық сурет түсіріңіз. Осы функцияны пайдаланғанда желінің күйіне қарай суретті тасымалдау және оңтайландыру әрекеттері баяулауы мүмкін.

 Осы фондық тақырыпты фондық контент элементі ретінде орната аласыз. Фондық тақырыпты контент мазмұнының фоны ретінде орнату үшін **Ambient Mode** экранын көріп отырғанда төмен меңзер түймесін басыңыз.

- **Ambient Mode қолданбасы туралы ақпарат**

**Ambient Mode** туралы ақпаратты көруіңізге болады.

## Мазмұнға әсер енгізу

**Ambient Mode** арқылы көрсетілетін мазмұнды тамашалау кезінде мазмұнның келесі параметрлерін өзгерту үшін меңзер түймесін басыңыз:

 Үлгіге немесе мазмұнға байланысты қолжетімді функцияларға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Ауа райы сүзгісі**

Мазмұнға ауа райы әсерін қосуға болады.

- **Уақыт сүзгісі**

Мазмұн үшін кез келген фондық уақыт пішімін таңдауға болады.

- **Фотосурет сүзгісі**

Мазмұн үшін фотосурет әсерін таңдауға болады.

- **Түс және тақырып**


Бұл мазмұнның түсін немесе тақырыбын өзгертеді.

- **Атмосфералар**

Мазмұнға сәйкес келетін сарынды таңдайды.

- **Фондар**

Бұл мазмұнның фондық жарығын өзгертеді.

 Мобильдік құрылғыдағы SmartThings қолданбасын жеке фондық тақырыпты әзірлеу үшін қабырға суретін түсіруге қолдануға болады. Қосымша ақпарат алу үшін **Әдістер** белгісін таңдаңыз. Бұл функцияда желінің жағдайына қарай кескін тасымалдау және оны оңтайландыру үдерісі кешеуілдеуі мүмкін.



- **Көлеңке әсерлері**



Мазмұнға сіз таңдаған көлеңке әсерін береді.

## Мазмұн туралы толық ақпаратты қарау

**Ambient Mode** арқылы мазмұн тамашалау барысында мазмұн туралы толық ақпаратты қарау үшін меңзер түймесін басыңыз.

## Теледидар қарау экранына Ambient Mode арқылы кіру

Теледидар қарау экранына **Ambient Mode** арқылы кіру үшін  түймесін басыңыз немесе  **ТД** параметрін **Ambient Mode** шарлау экранынан таңдаңыз.

 Теледидар сөндірулі тұрғанда  түймесін бассаңыз, теледидар қарау экраны пайда болады.






## Графикалық сурет режимін пайдалану


Графикалық сурет режимінде қолданылатын функциялар туралы қосымша ақпарат алыңыз.

### > Графикалық сурет


 Бұл функцияға The Frame арқылы ғана қол жетімді.



**Графикалық сурет** функциясын теледидарды толық экранда көрмей отырғанда, өнер туындылары не фотосурет тәрізді мазмұндарды экранға шығару үшін пайдалануға болады.

- Пульттегі  түймесін басып, теледидар режиміне немесе **Графикалық сурет** режиміне ау.
- Теледидар режиміне ауысу үшін  түймесін **Графикалық сурет** режимінде басыңыз.
- Теледидарды толықтай өшіру үшін пульттің  түймесін басып тұрыңыз немесе теледидардың төменгі оң жақ артқы бұрышындағы теледидар басқарушысының түймесін басыңыз.

 Samsung Smart қашықтан басқару пульті қашықтан басқару пультінен басқа қашықтан басқару пультін пайдалансаңыз, теледидар толық сөнбеуі мүмкін.

- **Графикалық сурет** режимінде теледидардың жарығы мен түс реңі қоршаған ортаға байланысты автоматты түрде реттеледі және теледидар автоматты түрде өшеді.

 Әдепкі бойынша теледидар **Графикалық сурет** режимінде айналадағы жарық күңгірт тартқан кезде экран автоматты түрде сөнетіндей етіп бапталған.

- Теледидар көзге көрінетін өзгерістерді, соның ішінде пайдаланушының қозғалысын анықтап, автоматты түрде қосылуы немесе өшуі үшін, қимыл детекторының сезгіштігін орнату мақсатында теледидардағы **Графикалық сурет** режимі параметрлерін ( >  **Графикалық сурет** > **Параметрлер**) немесе мобильдік құрылғыдағы SmartThings қолданбасын пайдалануға болады.


 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Графикалық сурет** режимінде мобильдік құрылғыны теледидарға SmartThings арқылы қосып мобильдік құрылғыдағы фотосуреттерді қарауға болады.

 Теледидардың үлгісіне немесе мобильдік құрылғыға қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

 Қолдау көрсетілетін функциялар SmartThings қолданбасының нұсқасына қарай әр түрлі болуы мүмкін.

## Кескіндерді қарау



Теледидардағы сурет үлгіге және географиялық аймаққа байланысты жоғарыдағы суреттен басқаша болуы мүмкін.

Кескінді **Графикалық сурет** режимінде қарау үшін төмендегі мәзірлердің біреуін таңдаңыз. Суреттерді таңдауға болатын ішкі мәзірге ауысу үшін Таңдау түймесін, төрт меңзер түймелердің бірін немесе ↻ түймесін **Графикалық сурет** режимінде басыңыз. Қажетті кескінге өту үшін қашықтан басқару пультінің меңзер түймелерін пайдаланып, содан кейін Таңдау түймесін басыңыз. Таңдалған суреттің төменгі жағында ✓ **Орнату** пайда болады және таңдалған суретті **Графикалық сурет** режимінде тамашалауға болады.

Суреттерді **Графикалық сурет** режимінде қарау кезінде қашықтан басқару пультіңдегі төмен меңзер түймесін басу арқылы суреттер туралы толық ақпарат таба аласыз.

- **Картиналар дүкені**

Түрлі суреттерді сатып алу үшін **Картиналар дүкені** қолданбасына өтіңіз.

Желі байланысының күйіне байланысты **Картиналар дүкені** пайда болмауы мүмкін.

Суреттерді сатып алу немесе бағалау үшін алдымен Samsung ес. жазб. есептік жазбаңызға кіріңіз.

- **Соңғылар**

Соңғы таңдалған кескіндерді реттеуге болады.


- **Менің жинағым**

♥ **таңдаулы** ретінде орнатылған өнер туындылары мен фотосуреттер тізімін **Таңдаулылар** режимінде қарауға болады. Сонымен қатар сыртқы немесе мобильді құрылғыда сақталған қажетті элементтерді таңдап, оларды **Суреттерім** қалтасына сақтай аласыз.

 SmartThings қолданбасын пайдаланып, фотосуреттерді мобильді құрылғыға сақтауға болады.

- **Іздеу**

Орындаушының аты, өнер туындысының атауы және т.б. шарттар арқылы өнер туындыларын оңай тауып алуға болады.

 Бұл функция тек ағылшын тіліндегі терминдерді іздеуге мүмкіндік береді.

- **Жаңалықтар мен іс-шаралар**

Соңғы жаңалықтар немесе іс-шаралар туралы ақпаратты да тауып аласыз.

### Уақыт бойынша суреттерді қарау

1. Пульттегі меңзер түймелердің көмегімен **Менің жинағым** опциясына өтіңіз.
2. **Таңдаулылар** немесе **Суреттерім** қалтасына өту үшін меңзер түймелерді қолданыңыз. USB немесе SmartThings қолданбасы арқылы байланысқан мобильді құрылғыдағы суреттерді көру үшін жалғанған құрылғыдағы суреттерді таңдап, оларды **Суреттерім** қалтасына сақтаңыз.
3. **Слайд-шоуды бастау** немесе **Слайд-шоуды бастау (кездейсоқ)** опциясына өту үшін пульттің меңзер түймелерін пайдаланыңыз.
4. Суреттер ауыстырылатын уақыт аралығын таңдау үшін қашықтан басқару пультінің меңзер түймелерін пайдаланыңыз, содан кейін Таңдау түймесін басыңыз.

## Кескіндерді сыртқы жады құрылғысынан импорттау

1. Кескіндер салынған сыртқы жады құрылғысын теледидарға жалғаңыз.
2. Пульттегі меңзер түймелердің көмегімен **Менің жинағым** қалтасына өтіңіз де, жалғанған сыртқы жад құрылғысына ауысыңыз.
3. Кескінге жылжу үшін қашықтан басқару пультіндегі меңзер түймелерді пайдаланыңыз да, Таңдау түймесін басыңыз.

 Бірнеше кескінді таңдауыңызға болады.

4. Экранның төменгі жағындағы **Суреттерім ішіне сақтау** опциясына өту үшін пульттің меңзер түймелерін пайдаланып, Таңдау түймесін басыңыз.
5. Таңдалған сурет немесе суреттер **Суреттерім** қалтасында сақталады.

 Ұсынылатын ажыратымдылықтар: 3840 x 2160 (16:9)

## Менің жинағым қалтасынан суреттерді өшіру

**Менің жинағым** қалтасында сақталған суреттерді өшіруге болады.

1. Пульттегі меңзер түймелердің көмегімен **Менің жинағым** опциясына өтіңіз.
2. **Таңдаулылар** немесе **Суреттерім** қалтасына өту үшін пульттің меңзер түймелерін пайдаланыңыз.
3. **Алып тас** пәрменіне өту үшін пульттегі меңзер түймелерді пайдаланып, Таңдау түймесін басыңыз.
4. Кескінге жылжу үшін қашықтан басқару пультіндегі меңзер түймелерді пайдаланыңыз да, Таңдау түймесін басыңыз.

 Бірнеше кескінді таңдауыңызға болады.

5. Экранның төменгі жағындағы **Таңдалғанды жою** опциясына өту үшін пульттің меңзер түймелерін пайдаланып, Таңдау түймесін басыңыз.

### Картиналар дүкені дүкенінен сатып алу


1. Пульттегі меңзер түймелердің көмегімен [Картиналар дүкені](#) опциясына өтіңіз.
2. Тақырыпқа жылжу үшін қашықтан басқару пультіндегі меңзер түймелерді пайдаланыңыз да, Таңдау түймесін басыңыз. Экранда кез келген қосалқы тақырыптарды немесе суреттерді таңдауға болады.  
 Кіріс жолы әр тақырыпта әр түрлі болуы мүмкін.
3. Суретке өту үшін қашықтан басқару пультінің меңзер түймелерін пайдаланып, Таңдау түймесін басыңыз.
4. Экранның төменгі жағындағы [Мәлімет](#). пәрменіне өту үшін пульттің меңзер түймелерін пайдаланып, [Көркем туындымен танысу](#) опциясын таңдаңыз.  
 [Картина қоймасына мүшелік](#) мүшелігіне қосылған болсаңыз, [Сынақ мүшелігін алу](#) немесе [Тегін сынақ](#) көрсетіледі.
5. Төлем тәсілін таңдау үшін қашықтан басқару пультінің меңзер түймелерін пайдаланып, содан кейін Таңдау түймесін басыңыз.
6. Төлемді іске асыру үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

### Картина қоймасына мүшелік жазылу

[Картина қоймасына мүшелік](#) мүшелігіне жазылсаңыз, [Картиналар дүкені](#) дүкеніне кіріп, әртүрлі өнер туындыларын жаңаларымен ауыстыру арқылы шексіз қолдана аласыз.

1. Пульттегі меңзер түймелердің көмегімен [Картиналар дүкені](#) опциясына өтіңіз.
2. Пульттегі меңзер түймелердің көмегімен [Мүшелік](#) опциясына өтіңіз.
3. Мүшелік ақпаратты енгізу үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

## Таңдалған кескіннің стилін орнату



 Теледидардағы сурет үлгіге және географиялық аймаққа байланысты жоғарыдағы суреттен басқаша болуы мүмкін.

Қажетті суретке өту үшін пульттегі меңзер түймелерді пайдаланыңыз. Келесі мәзірлерді пайдалануға болады:

- **Мәлімет.**

Кескін туралы көбірек ақпаратты іздеуге болады.

- **Фотосурет сүзгісі**

Кескіндерге өз таңдауыңызға сай түрлі сүзгі әсерлерін қолдануыңызға болады.


 Бұл функция тек **Суреттерім** қалтасында сақталған суреттер үшін қолжетімді.


- **Күңгірт**

Кескінге өз қалауыңызша сан алуан жиек мәнерлері мен түстерді қолдана аласыз.

- **таңдаулы**


Қалаған кескінді қашықтан басқару пультінің Таңдау түймесін басып таңдаулы кескін ретінде орнатуға (немесе орнатпауға) болады. "Таңдаулы" деп орнатылған элементтер тізімін **Менің жинағым** > **Таңдаулылар** тармағынан көруге болады.

–  **таңдаулы**: Таңдаулы ретінде орнатылмаған.

–  **таңдаулы**: Таңдаулы ретінде орнатыңыз.


## Кескінге жиек мәнері мен түсті қолдану

1. Жиек стилі мен түсін өзгертіңіз келген суретке өту үшін пульттегі меңзер түймелердің көмегімен экранның төменгі жағындағы **Күңгірт** опциясына өтіңіз де, Таңдау түймесін басыңыз.

 Сурет қатынасының 16:9 мәніне тең болуына немесе болмауына байланысты жиек стильдері әртүрлі болуы мүмкін.

2. Қалаған жиек мәнері мен түсті таңдау үшін қашықтан басқару пультіндегі меңзер түймелерді пайдаланыңыз.

3. Жақтау стилін және түсін өзгертіп, кезелімді кескінге бағыттау үшін Таңдау түймесін басыңыз.

 Егер жақтаудың түрін немесе түсін ғана өзгерткіңіз келсе, оны өзгертіңіз де, содан кейін барлық өзгертулерді сақтау үшін Таңдау түймесін басыңыз.

4. Таңдалған жақтау стилі мен түсін сақтау үшін Таңдау түймесін қайта басыңыз.

 Шығу үшін  түймесін бассаңыз, өзгертілген жиек стилі мен түсі сақталмайды.

## Графикалық сурет режимін орнату

**Графикалық сурет** режимінде экранның төменгі жағындағы **Параметрлер** мәзір элементіне ауысу үшін қашықтан басқару пультінің меңзер түймелерін пайдаланыңыз. Келесі функцияларды реттеуге болады:

- **Ашықтық**

Экранның төменгі жағындағы **Өзгерту** опциясына өту үшін пульттің меңзер түймелерін пайдаланып, Таңдау түймесін басыңыз. Келесі экранда суреттің жарықтылығын реттеңіз. Қажетті параметрлерді таңдағаннан кейін қашықтан басқару пультінің Таңдау түймесін басыңыз.

- **Түс реңкі**

Экранның төменгі жағындағы **Өзгерту** опциясына өту үшін пульттің меңзер түймелерін пайдаланып, Таңдау түймесін басыңыз. Көрсетілген өнер туындысының түсін келесі экранда реттеңіз. Қажетті параметрлерді таңдағаннан кейін қашықтан басқару пультінің Таңдау түймесін басыңыз.

- **Осыдан кейін ұйықтау**

Орнатылған уақыт аралығында теледидардың айналасында ешбір қимыл анықталмаса, теледидар автоматты түрде сөнеді. Төменгі элементтерге өту үшін пульттің меңзер түймелерін пайдаланыңыз. Қажетті уақытты таңдағаннан кейін қашықтан басқару пультінің Таңдау түймесін басыңыз.

 **Осыдан кейін ұйықтау** функциясына үлгіге немесе географиялық өңірге байланысты қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Қозғалыс детекторы**

Қимыл детекторының сезгіштік деңгейін реттеуге болады. Төменгі элементтерге өту үшін пульттің меңзер түймелерін пайдаланыңыз. Қажетті сезгіштік деңгейін таңдағаннан кейін қашықтан басқару пультінің Таңдау түймесін басыңыз.

 **Қозғалыс детекторы** функциясына үлгіге немесе географиялық өңірге байланысты қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Night Mode**


Осы функция қосулы тұрғанда теледидардың айналасында ешбір жарық болмаса, теледидар автоматты түрде сөнеді. Төменгі элементтерге өту үшін пульттің меңзер түймелерін пайдаланыңыз, содан кейін осы функцияны қосыңыз немесе өшіріңіз.

## Графикалық сурет режимін SmartThings қолданбасымен бірге пайдалану

Мобильді құрылғыға SmartThings қолданбасын орнатқаннан кейін келесі функцияларды пайдалануға болады:

Google Play Store, Samsung Apps немесе App Store арқылы SmartThings қолданбасын жүктеп алуға болады.


 Функциялар немесе термин сөздер SmartThings қолданбасының нұсқасына қарай әр түрлі болуы мүмкін.

 Планшет құрылғыларда **Графикалық сурет** режимінің функцияларына SmartThings қолданбасы қолдау көрсетпеуі мүмкін.

- Кескіндерді таңдау.
- Фотосуреттерді мобильдік құрылғыдан теледидарға сақтау: Фотосуреттерді қосу немесе фото коллаж жасау арқылы фотосуреттерді мобильдік құрылғыдан теледидарға сақтаңыз.
- **Картина қоймасына мүшелік** жазылу.
- Коллаж жасау: Бірнеше кескінді бір кескінге біріктіріңіз.
- Суреттерге жиек стилі мен түстерін қолдану.
- **Графикалық сурет** режимінің жарықтығын орнату.
- **Осыдан кейін ұйықтау** параметрін орнату: **Графикалық сурет** режимінде көрсетілген уақыт ішінде ешқандай қозғалыс байқалмаса, теледидар автоматты түрде өшеді.

 **Осыдан кейін ұйықтау** функциясына үлгіге немесе географиялық өңірге байланысты қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Motion Detector Sensitivity** параметрін орнату: Датчиктің сезгіштік параметрін **Графикалық сурет** режимінде қозғалыс автоматты түрде анықталған кезде теледидар автоматты түрде іске қосылатындай етіп орнатыңыз.







 **Motion Detector Sensitivity** функциясына үлгіге немесе географиялық өңірге байланысты қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Night Mode** параметрін орнату: Бөлмеде жарық жоқ кезде, The Frame режимі автоматты түрде өшетіндей етіп орнатыңыз.



## Графикалық сурет режимін пайдалану кезіндегі сақтық шаралары


 Motion Sensor функциясына үлгіге немесе географиялық өңірге байланысты қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- Қозғалыс сенсоры теледидардың астыңғы жағында орналасқан. Теледидардың алдыңғы жағындағы датчикті бөгеп тастамаңыз. Қимыл датчигіне, сондай-ақ экранның жарықтылығы мен түс реңкіне кері әсер етуі мүмкін.
- Экранда қимылсыз кескіндерді ұзақ уақыт көрсету себебінен пайда болатын экранның күйіп кетуін азайту үшін [Графикалық сурет](#) режимі алгоритмдерді пайдаланады.
- Қимыл сенсорының жұмысы теледидарды орнату және жұмыс істеу ортасына қарай әр түрлі болуы мүмкін.
  - Экранның жарықтылығы мен түсіне теледидар тұрған жердегі еденнің түсі әсер етуі мүмкін.
  - Стандартты жарық көздерінен басқа жарық көздері қолданылған (галоген, флюоросцентті) ортада, жарықтың орналасуына, түрлеріне және сандарына қарай, қимыл сенсорының қимыл анықтауы әр түрлі болуы мүмкін.
  - Теледидардың айналасы тым қараңғы не өте жарық болса, экранның жарығы шектеулі болуы не сенсор дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
  - Теледидар өте жоғары не өте төмен орнатылса, сенсор дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
  - Қимыл датчигі жыпылықтаған жарықдиодтың, үй жануарының, сырттағы көліктің немесе басқа заттың қимылын сезіп, жұмыс істей бастауы мүмкін.
- [Қуат. авто ө.](#) функциясының параметрлеріне байланысты [Графикалық сурет](#) режиміне пайдаланушы ештеңе енгізбеген болса (мысалы, пульттен енгізбесе ( >  [Параметрлер](#) > [Жалпы](#) > [Қуатты және энергияны үнемдеу режимі](#) > [Қуат. авто ө.](#))), теледидар өшуі мүмкін.
-  >  [Параметрлер](#) > [Жалпы](#) > [Жүйе реттегіші](#) > [Уақыт](#) > [Ұйқы таймері](#) және [Өшіретін таймер](#) функциясы [Графикалық сурет](#) режимінде жұмыс істемейді.
-  >  [Параметрлер](#) > [Жалпы](#) > [Қуатты және энергияны үнемдеу режимі](#) > [Бейнебет қалқымасы](#) функциясы [Графикалық сурет](#) режимінде жұмыс істемейді.


## Пернелер тіркесімі функциясын пайдалану

Көздер мазмұнын пәрмендер тізбегін қолданбай-ақ, оңай пайдалануға болады.

Пернелер тіркесімі мәзірінің экранын көру үшін  немесе  түймесін 1 секунд немесе одан ұзақ басыңыз.

Теледидар режиміне оралу үшін  түймесін басыңыз.

 Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.



 Теледидардағы сурет үлгіге және географиялық аймаққа байланысты жоғарыдағы суреттен басқаша болуы мүмкін.

### 1 Көздер

ТД-ға қосылған сыртқы құрылғыларды таңдай аласыз.

### 2 Арналар

Хабар тарату арналарын қосуға, жылжытуға немесе алып тастауға болады.

### 3 e-Manual

e-Manual нұсқаулығын көрсетеді.

### 4 Параметрлер

Негізгі бейнебет мәзірін көрсетуге арналған.

### 5 Ауа, Кабель, Жерсерік немесе Қызмет провайдері

Мазмұн бағдарламасының түрін таңдаңыз: **Ауа**, **Кабель**, **Жерсерік** немесе **Қызмет провайдері**.

 Кіріс хабар тарату сигналына қарай осы функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## Арналарды қосу

1. Ағымдағы арнаны қосу үшін кезелімді ⊕ жылжытыңыз.
2. ⊕ таңдаңыз.
3. Қажетті орынға өтіңіз.
4. Таңдау түймесін басыңыз.

Нысандағы арна (**Арналар**) белгіленген орынға қосылды.

## Арналарды жылжыту

1. Кезелімді жылжытылатын арнаға апарыңыз.
2. Төмен меңзер түймесін басыңыз.
3. **Қозғ.** таңдаңыз.
4. Таңдалған арнаны қажетті орынға апарыңыз.
5. Таңдау түймесін басыңыз.

Таңдалған арна жылжиды.

## Арналарды тізімнен алу

1. Кезелімді тізімнен алынатын арналарға апарыңыз.
2. Төмен меңзер түймесін басыңыз.
3. **Алып тас** таңдаңыз.

Таңдалған арна тізімнен алынады.

## PC on TV қызметін пайдалану

Экранды ортақ пайдалану (Windows ДК), AirPlay (Mac), Қашықтағы дербес компьютер немесе Easy Connection to Screen көмегімен компьютерге кіру үшін теледидарды пайдаланыңыз.

 >  [Сигнал көзі](#) > [PC on TV](#) > [Windows ДК](#)

 >  [Сигнал көзі](#) > [PC on TV](#) > [Mac](#)

Экранды ортақ пайдалану (Windows ДК), AirPlay (Mac), Қашықтағы дербес компьютер немесе Easy Connection to Screen көмегімен компьютерге кіру үшін теледидарды пайдалануға болады.

 Компьютердегі сияқты ыңғайлы пайдалану үшін теледидарға алдын ала пернетақта мен тінтуірді жалғаңыз.

## Экранды ортақ пайдалану (Windows ДК) / AirPlay (Mac) қызметін пайдалану

Дербес компьютердің параметрлерін реттеу және теледидарды дербес компьютерге сымсыз қосу үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

 Бұл функция экранды сымсыз ортақ пайдалануға мүмкіндік беретін дербес компьютерлерде ғана жұмыс істейді.

- Windows ОЖ арқылы жалғану Windows 10 жүйесінде жұмыс істейді.
- Mac ОЖ арқылы жалғану AirPlay жүйесінде жұмыс істейді.


## Easy Connection to Screen қызметін пайдалану

Компьютеріңізге Easy Connection to Screen қолданбасын орнатқаннан кейін қашықтан кіру функциясын оңай пайдалана аласыз.

Easy Connection to Screen компьютер қолданбасын жүктеп алып, орнату үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз. Содан кейін қашықтағы компьютерді байланыстыруға болады.

1. [smsng.co/PConTV](https://smsng.co/PConTV) сайтынан Easy Connection to Screen компьютер қолданбасын жүктеп алып, компьютерге орнатыңыз.
2. Теледидар мен компьютерге бір Samsung ес. жазб. есептік жазбасымен кіріңіз.
3. Компьютер қосылып, желі арқылы байланысқан кезде, компьютерде **PC on TV** басты экраны көрсетіледі.

 Easy Connection to Screen компьютер қолданбасы Windows 10 жүйесінде қолжетімді.

 Брандмауэр конфигурациясы, роутер түрі және сымсыз сигнал қарқыны сияқты желі ортасына байланысты төмен жылдамдық, байланыстың ажырауы немесе шектелуі сияқты мәселелер орын алуы мүмкін.




## Қашықтағы компьютерді қосу

 >  [Сигнал көзі](#) > [PC on TV](#) > [Windows ДК](#) > [Қашықтағы дербес компьютер \(RDP\)](#)




[Қазір көру](#)

 >  [Сигнал көзі](#) > [PC on TV](#) > [Mac](#) > [Қашықтағы дербес компьютер \(VNC\)](#) [Қазір көру](#)

Windows жүйесінде жұмыс істейтін компьютерге қашықтан жалғауға арналған **Компьютерге қашықтан қосылу (RDP)** құралын және Mac жүйесінде жұмыс істейтін компьютер үшін **Виртуальды желіні есептеу (VNC)** құралын қамтамасыз етеді. Компьютерге қашықтан жалғану үшін қашықтағы компьютердің IP мекенжайын енгізіңіз немесе сақталған профильді таңдаңыз. Дұрыс пайдаланушы аты мен құпия сөзін енгізіңіз де, дұрыс протоколды таңдаңыз. Егер сол желі арқылы кіруге болатын компьютер болса, табылған IP және протокол көрсетіледі.

-  Жиі пайдаланылатын дербес компьютерді тіркеу үшін кезелімді [Пайдаланушы профильдерін басқару](#) тармағына жылжытып, содан кейін Таңдау түймесін басыңыз. Қалқымалы терезе пайда болғанда [Қосу](#) параметрін таңдап, содан кейін дербес компьютер туралы деректерді енгізіңіз.
-  Компьютер қуат үнемдеу режиміне өткен кезде, жалғау мүмкін емес. Қуат үнемдеу режимін болдырмау ұсынылады.
-  Сым арқылы қосылатын желіні қосу ұсынылады, өйткені экран немесе дыбыс желі күйіне байланысты үзілуі мүмкін.

### 1. PC on TV функциясын пайдалану үшін компьютеріңіздің параметрлерін конфигурациялаңыз.

-  Windows жүйесімен RDP протоколы арқылы байланысу мүмкіндігі Windows 10 Professional немесе одан кейінгі нұсқаларда қолжетімді.
-  Mac жүйесінде VNC протоколы арқылы жұмыс істейтін қашықтан жалғану функциясы тек Mac OS X 10.5 не одан кейінгі жүйелерде қолданылады.
- Windows операциялық жүйесі:
  - 1) Жұмыс үстелі немесе Windows Explorer браузерінде **Менің компьютерім** белгішесін оң жақ пернемен шертіп, **Сипаттар** параметрін шертіңіз.
  - 2) **Кеңейтілген жүйе параметрлерін** шертіңіз. **Жүйе сипаттары** терезесі пайда болады.
  - 3) **Қашықтан қойындысын** шертіп, **Бұл компьютерге қашықтан көмек алу үшін жалғануға рұқсат ету** тармағын таңдаңыз.
- Mac операциялық жүйесі:
  - 1) **Мәзір** > **Жүйе** > **Теңшелімдер** параметрін таңдағаннан кейін **Ортақ пайдалану** түймесін басыңыз.
  - 2) **Экранды ортақ пайдалану және Қашықтан кіру** құсбелгілерін қойыңыз.
  - 3) App Store дүкенінен жүктелген ажыратымдылықты өзгерту қолданбасын іске қосыңыз, содан соң ажыратымдылықты 1440 x 900 немесе одан төмен мәнге ауыстырыңыз.
    -  Егер Mac операциялық жүйесінде ажыратымдылықты өзгертпесеңіз, қашықтағы компьютерді қосу кезінде алдыңғы сурет пайда болуы мүмкін.

## 2. Компьютерді қашықтан қосу үшін қажет параметрлерді енгізіңіз.

Пайдаланушы профильдерін басқару

- 1 Дербес компьютер/г IP мекенжайы немесе профиль
- 2 Па-ушы аты Пайдаланушы атын енгізіңіз.
- 3 Күпия сөз Күпиясөз енгізіңіз.

Менің тіркелгі деректерімді есте сақтаңыз және ТД басты экранына қосыңыз. Таңбашалар арқылы басты экраннан тікелей қосылуға болады.


Анықтама Қосу Болдырмау

Теледидардағы сурет үлгіге және географиялық аймаққа байланысты жоғарыдағы суреттен басқаша болуы мүмкін.

### 1 Дербес компьютер/профиль

Жалғанғыңыз келген компьютердің IP мекенжайын немесе профайлын енгізіңіз.

- Windows жүйесін қолдансаңыз, әрі қосылғыңыз келген компьютер де дәл осы желіде тұрса (роутер/АР), "cmd" пәрменін **Параметрлер > Желі және интернет > Желі сипаттарын қарау** немесе **Бастау > Іске қосу** арқылы орындап, содан кейін "ipconfig" пәрменін беру арқылы компьютердің IPv4 мекенжайын тексеріңіз.
- Mac компьютерін қолдансаңыз, IP мекенжайын **Параметрлер > Қашықтан қатынасу тармақтарынан** қарауға болады.
- Теледидар мен компьютер бір желіге қосылып тұрмаса, жалпыға ортақ IP мекенжайын білу және роутер мен АР конфигурациялау керек. Компьютерге қосулы тұрған роутердің порттарды қайта жіберу мүмкіндігі бар-жоғын тексеріңіз. Компания брендмауэр тәрізді қосымша қауіпсіздік мүмкіндіктерін берсе, онда қауіпсіздік технигінен көмек сұраңыз.



## 2 Па-ушы аты

Компьютердің Па-ушы аты дерегін енгізіңіз. Па-ушы аты дерегін тексеру жолы:

- Windows операциялық жүйесі: Басқару панелі > Пайдаланушы тіркелгілерін басқару
- Mac операциялық жүйесі: Жүйенің орнатылған параметрлері > Пайдаланушылар & Топтар


## 3 Құпия сөз

Кіру тіркелгісінің құпия сөзін енгізіңіз.

- ✎ PIN қолдану үшін PIN кодты енгізбей, оның орнына компьютердің құпия сөзін енгізу керек.


## Қашықтағы компьютерде мультимедиа мазмұнын ойнату

Қашықтағы компьютерге кіргеннен кейін тінтуір меңзерін экранның үстіңгі жағына жылжытқанда, үстіңгі панель пайда болады. Қалтаны ортақ пайдалану белгішесін үстіңгі панельде шерткен кезде, Windows немесе Mac операциялық жүйесінде ортақ пайдаланылатын қалталар пайда болады. Қалтадағы кез келген медиа мазмұнын ойнатуға болады.

 Мультимедиа мазмұнын ойнатуға қатысты ақпаратты "[Суреттерді/бейне/музыка ойнату](#)" тарауынан қараңыз.

Бұл функцияны пайдалану үшін компьютерге кіру үшін қалтаны ортақ пайдалану опциясы төменде көрсетілгендей қосылуы тиіс:

- Windows операциялық жүйесі:
  1. Windows Explorer іске қосыңыз, содан кейін ортақ пайдалану үшін қалтаға өтіңіз.
  2. Қалтаны оң жақ пернемен шертіп, **Сипаттар** параметрін таңдаңыз.
  3. **Сипаттар** терезесі пайда болғаннан кейін, **Ортақ пайдалану** қойындысын шертіп, **Кеңейтілген ортақ пайдалану** параметрін таңдаңыз.
  4. **Кеңейтілген ортақ пайдалану** терезесі пайда болғаннан кейін, **Осы қалтаны ортақ пайдалану** құсбелгі көзін таңдаңыз.
- Mac операциялық жүйесі:
  1. **Мәзір** > **Жүйе теңшелімдері** параметрін таңдап, **Ортақ пайдалану** пәрменін басыңыз.
  2. **Файлды ортақ пайдалану** құсбелгі көзін таңдаңыз.
  3. Ортақ пайдалануға қалтаны қосу үшін, төменгі жақтағы **Қосу+** түймесін басыңыз.
  4. Қалтаны таңдап, **Қосу+** түймесін басыңыз.

 Сым арқылы қосылатын желіні қосу ұсынылады, өйткені экран немесе дыбыс желі күйіне байланысты үзілуі мүмкін.

 Бейне файлды қашықтағы компьютер арқылы ойнатқан кезде экран немесе дыбыс бұзылуы мүмкін.

## Samsung DeX қызметін пайдалану

**Samsung DeX** функциясын теледидардан сымсыз желі арқылы қосуға болады.

ТД-ды **Samsung DeX** арқылы мобильді құрылғыдан қосқан кезде, кейбір үлгілерді табу мүмкін емес. Мұндай жағдайда экрандағы нұсқауларды орындау арқылы байланыс орнатуға болатын экрандағы Dex Guide нұсқаулығына қатынасыңыз.

 Бұл функция Samsung DeX функциясына қолдау көрсететін мобильді құрылғыларда ғана жұмыс істейді.



## Microsoft 365 қызметін пайдалану

Microsoft 365 веб-сайтына кіргеннен кейін құжатты оқуға немесе жасауға болады.

- ✎ Браузерді толық экран режимінде іске қосыңыз.
- ✎ Microsoft 365 бетінде URL мекенжайын өзгерту мүмкін емес.

## Бұлт қызметін қосу

**Бұлт қызметін қосу** белгішесін таңдаңыз. Браузердің белгілеу функциясын пайдаланып, **PC on TV** функциясына бұлт қызметі сілтемесін қосуға немесе бұл сілтемені жоюға болады.



- ✎ Бұлт қызметін қосу үшін Samsung есептік жазбаңызға кіруіңіз керек.
- ✎ **PC on TV** функциясына қосуға болатын бұлт қызметтер саны шектеулі.

## Бұлт қызметі қызметін пайдалану

**PC on TV** функциясына қосылған бұлт қызметі белгішесін таңдап бұлт қызметіне кіре аласыз.

- ✎ Веб беттегі экран компьютерге қарағанда өзгеше болуы мүмкін.
- ✎ Кез келген мәтінді көшіруге және қоюға болады. Суреттің кей пішімдеріне қолдау көрсетілмейді.
- ✎ Бұлт қызметі қызметінде жүйеге оңай және қауіпсіз кіру үшін, **PC on TV Pass** және **Samsung Pass** қызметіне қосымша қолдау көрсетіледі.

**Samsung Pass** немесе **PC on TV Pass** параметрлерін орнату.

**Samsung Pass** немесе **PC on TV Pass** параметрін Пайдалану  >  **Сигнал көзі** > **PC on TV** > етіп орнату **PC on TV** браузерін (қосымша Microsoft 365 немесе **Бұлт қызметін қосу** таңдау) > **Интернет мәзірі** > **Параметрлер** орындау.

**PC on TV Pass** функциясы бұлт қызметінің идентификаторы мен құпиясөзді ұялы құрылғыларда биометриялық аутентификациясыз оңай басқаруға мүмкіндік береді. Осы мақсат үшін Samsung есептік жазбаңызға тіркелу керек. Құпиясөз теледидарда қауіпсіз сақталу үшін шифрланған.

Алайда, сайттың саясатына байланысты **PC on TV Pass** жүйесіне кіру жүзеге аспауы мүмкін.

- ✎ Бұлт қызметіне қауіпсіз кіру үшін браузердің автоматты түрде сөнуін қолдануға немесе журналды өшіруге болады.
- ✎ Бұлт қызметіне кіру алдында "Internet функциясын пайдалану алдында оқыңыз" қараңыз.

Бұлт қызметі келесі пернетақта тіркесімдерін қолдайды:

- F1: **PC on TV** функциясының басты экранына оралады.
- F5: Жаңалаңыз.
- F8: Дыбысты өшіреді.
- F9/F10: Дыбысты реттейді.
- F11: Толық экран немесе әдепкі экран арасында ауысады.


# Apps қызметін пайдалану

Әр түрлі қолданбаларды Smart Hub арқылы жүктеп, іске қосыңыз.

🏠 > 📺 Apps

Теледидарға тиісті қолданбаларды орнатып, жаңалықтар, спорт ойындары, ауа-райы және ойын тәрізді мазмұндардың кең ауқымын тамашалауыңызға болады.

- ✎ Осы функцияны пайдалану үшін теледидар интернетке қосулы болуға тиіс.
- ✎ Smart Hub қызметін алғаш рет іске қосқанда, әдепкі қолданбалар автоматты түрде орнатылады. Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты әдепкі қолданбалар әртүрлі болуы мүмкін.



- ✎ Теледидардағы сурет үлгіге және географиялық аймаққа байланысты жоғарыдағы суреттен басқаша болуы мүмкін.

## 1 👤 Samsung ес. жазб.

Жаңа есептік жазба жасау немесе есептік жазбадан шығу үшін **Samsung ес. жазб.** тармағына өтіңіз.

- ✎ Samsung есептік жазбаңыздан шығып қалсаңыз, оған қайта кіру үшін 👤 **Жүйеге кіру** таңдаңыз.
- ✎ Егер **Apps** арқылы жаңа қолданбаларды жүктеп алғыңыз келсе, алдымен Samsung есептік жазбаңызға кіріңіз.



## 2 🔍 Қолданбаны іздеу

Қолданылатын қолданбаларды ісдеуге болады.

## 3 ⚙️ Параметрлер

Орнатылған қолданбаларды басқаруға болады.





## Қолданбаны орнату

1. Орнатқыңыз келетін қолданбаға жылжыңыз да, Таңдау түймесін басыңыз. Толық ақпарат бейнебеті көрсетіледі.
2. **Орнату** режимін таңдаңыз. Орнату аяқталғаннан кейін **Ашу** мәзірі пайда болады.
3. Қолданбаны дереу қосу үшін **Ашу** параметрін таңдаңыз.
  -  Орнатылған қолданбаны **Параметрлер** экранынан көруге болады.
  -  Теледидардың ішкі жадындағы орын жеткіліксіз болса, кейбір арнайы қолданбаларды USB құралына орнатуға болады.
  -  USB құралына орнатылған қолданбаны USB құралы ТД-ға қосылып тұрса ғана іске қосуға болады. Егер қолданба жұмыс істеп тұрғанда USB құрылғысы тоқтап қалса, қолданба тоқтатылады.
  -  USB құрылғысына орнатылған қолданбаны компьютерде немесе басқа теледидарда пайдалану мүмкін емес.

## Қолданбаны іске қосу


**Жүктеп алынған қолданба** қалтасынан қажетті қолданбаны пайдалануға болады.

Таңдалған қолданбаларда төмендегі белгішелер пайда болады және олар төмендегіні білдіреді:

-  : Бағдарлама USB құралына орнатылған.
-  : Қолданбаның құпия сөзі бар.
-  : Қолданбаны жаңарту керек.
-  : Бұл қолданба ортақ пайдалану функциясына қолдау көрсетеді.

## Орнатылған қолданбаларды басқару

⚙️ **Параметрлер** тармағын **Apps** мәзірінен таңдаңыз. Орнатылған қолданбаларды басқаруға болады.



📌 Теледидардағы сурет үлгіге және географиялық аймаққа байланысты жоғарыдағы суреттен басқаша болуы мүмкін.

### 1 Қолданбаны жою

1. Жойғыңыз келген қолданбаны таңдаңыз.
2. **Жою** таңдаңыз.

Таңдалған қолданба жойылады.

- 📌 Қолданбаны жойған кезде қолданбаға қатысты деректердің де жойылғанына көз жеткізіңіз.
- 📌 Стандартты қолданбаларды жүйеден жоюға болмайды.

### 2 Қолданбаларды Бірінші экран экранына қосу

1. Қосқыңыз келген қолданбаны таңдаңыз.
2. **Басты экранына қосу** таңдаңыз.
3. Басты экран ашылғаннан кейін таңдалған қолданбаны қалаған орынға жылжытыңыз.
4. Таңдау түймесін басыңыз.




Таңдалған қолданба Бірінші экран қатарына қосылады.

- 📌 Таңдалған қолданба әлдеқашан Бірінші экран қатарына қосылса, бұл функция сөндіріліп тұрады.

### 3 Қолданбаларды бұғаттау және бұғатын ашу

1. Бұғаттау немесе бұғатын ашу үшін қолданбаны таңдаңыз.
2. [Бұғ-у/Бұғ. ашу](#) таңдаңыз.

Таңдалған қолданба құлыпталады немесе құлпы ағытылады.

 Қолданбаны құлыптау немесе құлпын ағыту үшін PIN кодты енгізіңіз. Әдепкі PIN код: "0000" (Франция мен Италия үшін: "1111"). PIN кодты  >  [Параметрлер](#) > [Жалпы](#) > [Жүйе реттегіші](#) > [PIN кодын өзг](#) қойындысында орнатуға болады.

 [PIN кодын өзг](#) функциясына үлгіге немесе географиялық өңірге байланысты қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

### 4 Қолданбаларды жылжыту

1. Жылжытқыңыз келген қолданбаны таңдаңыз.
2. [Қозғ.](#) таңдаңыз.
3. Қолданбаны қажетті орынға апарыңыз.
4. Таңдау түймесін басыңыз.

Таңдалған қолданба басқа жерге көшірілген.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

### 5 Қолданбаны қайтадан орнату

1. Қайтадан орнатылатын қолданбаны таңдаңыз.
2. [Қайта орнату](#) таңдаңыз.

Қайта орнату басталады.

### 6 Қолданбаның толық ақпаратын тексеру


1. Тексерілетін қолданбаны таңдаңыз.
2. [Мәліметтерді қарау](#) таңдаңыз.

Қолданба ақпаратының экраны көрсетіледі.

 Қолданбаға [Мәліметтерді қарау](#) экраны арқылы баға беруге болады.

### 7 Бағдарламаларды автоматты түрде жаңарту

Орнатылған қолданбаларды автоматты түрде жаңарту үшін [Автоматты жаңарту](#) параметрін [ҚОСУ](#) қалпына қойыңыз.

 Автоматты түрде жаңарту функциясы тек теледидар интернетке қосулы тұрған кезде ғана жұмыс істейді.

## е-Manual функциясын пайдалану

Теледидарға кіріктірілген нұсқаулықты басқарыңыз және оқыңыз.


### е-Manual іске қосу

🏠 > ⚙️ **Параметрлер** > **Қолдау** > **е-Manual мазмұнын ашу**

Теледидардың негізгі функциялары туралы ақпарат қамтылған кіріктірілген е-Manual қарауға болады.

- ✎ Samsung веб-сайтынан е-Manual көшірмесін жүктеп алып көруге немесе дербес компьютер немесе мобильдік құрылғы арқылы басып шығаруға болады (<https://www.samsung.com>).
- ✎ Кейбір мәзір экрандарына электрондық нұсқаулықтан кіру мүмкін емес.

### е-Manual аясында түймелерді пайдалану



✎ Теледидардағы сурет үлгіге және географиялық аймаққа байланысты жоғарыдағы суреттен басқаша болуы мүмкін.

#### 1 🔍 (Іздеу)

Тиісті бетті жүктеу үшін іздеу нәтижелерінің ішінен элементті таңдаңыз.

#### 2 🕒 (Соңғы көрінген бөлімдер)

Жақында қаралған тақырыптар тізімі ішінен тақырыпты таңдаңыз.

#### 3 🗺️ (Сайт картасы)

Әр элементке арналған тізімдер е-Manual арқылы көрсетіледі.


#### 4 A-Z (Көрсеткіш)

Тиісті бетке өту үшін кілт сөзді таңдаңыз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

#### 5 Құрылғы күтімі

ТД құрылғысының күйін оңтайландырыңыз және диагностикалаңыз. Сақтау орнын тексеріп, тазалауға, мәселелерді анықтауға немесе техникалық қолдау сұрауыңызға болады.



 Көкпен жазылған сөздер (мысалы, **Internet**) мәзір элементін көрсетеді.

 Теледидардағы сурет үлгіге және географиялық аймаққа байланысты жоғарыдағы суреттен басқаша болуы мүмкін.

#### 6 (Қазір көру)

Тиісті мәзір элементіне кіруге және функцияны дереу қолданып көруге мүмкіндік береді.

#### 7 (Байланыстыру)







e-Manual бетіндегі асты сызылған тақырыпқа дереу кіріңіз.

# Internet функциясын пайдалану

ТД-дан интернетті шарлаңыз.

 > **Internet**

**Internet** қосылған кезде жақында қаралған веб-сайттарды немесе көрсетілген ұсыныстамаларды көруіңіз мүмкін. Қалаған веб-сайтты таңдаған кезде, оған дереу кіру мүмкіндігін алуға болады.

-  Пернетақта мен тінтуірді қосқаннан кейін **Internet** функциясын оңай пайдалана аласыз.
-  Веб парақшаларды Samsung Smart қашықтан басқару пульті немесе Қашықтық. басқару пульті меңзер түймелерімен шарлауға болады.
-  Веб-беттер компьютердегі беттерден өзгеше болуы мүмкін.
-  **Internet** пайдалану алдында "Internet функциясын пайдалану алдында оқыңыз" тармағын қараңыз.
-  **Internet** қолданбасының кіріктірілген **Samsung Pass параметрлері** ( > **Internet** > **Интернет мәзірі** > **Параметрлер** > **Samsung Pass**) функциялары бар.

**Samsung Pass** функциясының көмегімен веб-сайтқа оңай әрі қауіпсіз кіруге болады. Веб-сайтқа қайта кіргенде идентификатор және құпия сөзді енгізбей-ақ, оған мобильдік құрылғыңыздағы **Samsung Pass** биометриялық аутентификациясымен кіре аласыз.

Алайда, веб-сайттың саясатына байланысты **Samsung Pass** жүйесіне кіру жүзеге аспауы мүмкін. Мұндай кезде мобильдік құрылғыңызға **Samsung Pass** жүйесіне тіркелген Samsung есептік жазбасы арқылы кіре аласыз.






## SmartThings қызметін пайдалану

Бұл функция теледидарға өзі тұрған жердегі тұрғаны анықталған әр түрлі құрылғыларды қосуға және басқаруға мүмкіндік береді.

### > SmartThings

Теледидарды пайдаланып, Bluetooth, BLE (төмен қуатты Bluetooth) немесе Wi-Fi арқылы қосылған құрылғыларды қашықтан басқару пультімен басқаруға болады.


-  Теледидарға және құрылғының орналасуына қарай функцияларды қашықтан басқару пультімен басқара алмауыңыз мүмкін. Бұндай жағдайда құрылғыны жылжытыңыз.
-  Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
-  Құрылғының үлгісіне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

### Құрылғыны тіркеу

- Теледидардың қасында кез келген құрылғының бары анықталса, теледидар экранында қалқыма терезе пайда болады.
  -  Құрылғы анықталмаған жағдайда, қалқымалы терезе көрсетілмеуі мүмкін.
- Құрылғыны тіркеу үшін **Тіркелу** параметрін таңдаңыз.
  -  **Жабу** режимін таңдаңыз. Сонда құрылғыны тіркеу қалқыма терезесі пайда болады.  
Құрылғыны  >  SmartThings > **Құрылғыны қосу** қадамдары арқылы тіркеуге болады.
  -  USB немесе HDMI кабелі арқылы қосылған кез келген құрылғы автоматты түрде тіркеледі.
  -   >  SmartThings, әр құрылғыда қолжетімді опцияларды көруге болады.  
Құрылғы түріне қарай қолжетімді опциялар әр түрлі болуы мүмкін.

## SmartThings экранының көрінісі

🏠 > 🌐 SmartThings



📝 Теледидардағы сурет үлгіге және географиялық аймаққа байланысты жоғарыдағы суреттен басқаша болуы мүмкін.

### 1 👤 Samsung ес. жазб.

Жаңа есептік жазба жасау немесе есептік жазбадан шығу үшін [Samsung ес. жазб.](#) тармағына өтіңіз.

📝 Егер Samsung ес. жазб. тіркелгіңізден шығып кетсеңіз, оған қайта кіру үшін 👤 [Жүйеге кіру](#) таңдаңыз.

### 2 ⚙️ Параметрлер

[SmartThings](#) параметрлерін конфигурациялауға болады.


### 3 Құрылғыны қосу

Теледидарыңызда тіркеуге болатын құрылғылардың тізімін көрсетеді. Кез келген құрылғыны таңдап тіркеуге болады.

### 4 Тізім / Карта

Табылған құрылғыларды картада немесе тізімде көрсетеді.

### 5 Құрылғы тізімінің санаты

 Құрылғы түріне қарай қолжетімді опциялар басқа мүмкін.

- Жер

SmartThings қолданбасы арқылы байланысқан барлық жерді көрсетеді.



- **TV жанындағы құрылғылар**

Жалғауға және басқаруға болатын барлық табылған құрылғыларды көрсетеді.


Қалаған құрылғыны таңдағаннан кейін басқару параметрлерін іске қоса аласыз.

 Құрылғы түріне қарай қолжетімді опциялар басқа мүмкін.

## Қолжетімді құрылғылар

Түрі	Толық сипаттамасы
Мобильдік құрылғылар	Galaxy сериялары (S6, Android 7.0 немесе кейінгі) iPhone сериялары (iOS7.1 немесе кейінгі)  Андроид құрылғыларына SmartThings қолданбасы орнатылып тұруы керек.
ИҚ қашықтан басқару пульттеріне арналған құрылғылар (ИҚ сниффинг)	Ауа баптағыш, ауа тазартқыш, робот шаңсорғыш, электрлі желдеткіш, ылғалдандырғыш
Bluetooth құрылғылары	Bluetooth үндеткіші, құлақаспап, дыбыс құрылғысы, пернетақта, тінтуір, ойын құрылғысы
SmartThings құрылғылары	SmartThings құрылғылары туралы толық ақпаратты мына сайттан алыңыз: <a href="https://www.smartthings.com/products">https://www.smartthings.com/products</a> .
Сыртқы құрылғылар	DVD ойнатқышы, Blue-ray ойнатқышы, үй театры жүйесі, ойын консолі, OTT қорапшасы, қабылдағыш, USB құралы  Бұл құрылғыларды HDMI немесе USB портына қосу керек.


 Қолданылатын құрылғылардың толық тізімін көру үшін [www.samsung.com](http://www.samsung.com) сайтына барыңыз.

 Бұл функцияға сыртқы құрылғыға байланысты қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## Суреттерді/бейне/музыка ойнату

Теледидарда, USB құрылғыларында, мобильдік құрылғыларда, фотоаппараттарда, компьютерлерде, т.б. сақталған медиа мазмұнды ойнатыңыз.

🏠 > 📺 **Сигнал көзі** > Қосылған құрылғы [Қазір көру](#)



✎ Теледидардағы сурет үлгіге және географиялық аймаққа байланысты жоғарыдағы суреттен басқаша болуы мүмкін.

USB құрылғылары, мобильдік құрылғылар және теледидардағы камералары сияқты сақтау құрылғыларында сақталған медиа мазмұнды ойнатуға болады.

✎ Егер ТД мазмұнға не жады құралына қолдау көрсетпесе, медиа мазмұнды ойната алмайсыз. Қосымша ақпаратты "Фотосурет, бейне немесе саз файлдарын ойнату алдында оқыңыз." тарауынан қараңыз.

✎ USB құралын жалғау алдында маңызды файлдардың сақтық көшірмесін жасаңыз. Нұқсан келген немесе жойылған файлдарға Samsung жауапты емес.

Жады құралының медиа мазмұн тізімі экранында келесі функцияларды пайдалануға болады.

### 1 Бойынша сүзу

Медиа түрі бойынша медиа мазмұнды сүзгіден өткізеді.

## 2 Сұрыптау реті

Мазмұн тізімін сұрыптайды.

 Сыртқы құрылғыға қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.



## 3 Параметр.

Медиа мазмұн тізімінен таңдалған медиа мазмұнды жояды немесе ойнатады. **Жаңарту** таңдалған кезде, мазмұн тізімі қайтадан жүктеледі.


 Тек жазылған мазмұнды ғана жоюға болады. Мазмұнды жою үшін **Бойынша сүзу** параметрін **Жазылды** етіп өзгертіңіз.


 **Жазылды** функциясына географиялық өңірге байланысты қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## Медиа мазмұнын компьютерде немесе ұялы құрылғыда ойнату

1. Медиа мазмұны бар құрылғыны  >  **Сигнал көзі** қойындысынан таңдаңыз. Құрылғыдағы медиа мазмұнының тізімі пайда болады.
2. Тізімнен медиа мазмұн элементін таңдаңыз.

Таңдалған мазмұн ойналады.

 Кодтау тәсілі немесе файл пішіміне қарай мазмұн ойнатылмауы мүмкін. Сонымен қатар, кейбір функцияларға шектеу қойылуы мүмкін.

 Теледидарға желі арқылы жалғанған құрылғылардағы мазмұн желідегі байланыс ақауларына байланысты дұрыс ойнатылмауы мүмкін. Егер олай болса, USB құрылғысын пайдаланыңыз.

## USB құрылғысында сақталған мультимедиа мазмұнын ойнату

1. USB құрылғысын USB ұяшығына жалғаңыз.
2. Экранда қалқыма хабар пайда болғанда, құрылғыда сақталған мультимедиа мазмұны тізіміне оңай кіру үшін **Шолу** параметрін таңдаңыз.


 Ойнатқыңыз келетін контент сақталған USB құрылғысы теледидарға бұрыннан қосылған болса,  >  **Сигнал көзі** экранынан USB құрылғысын таңдаңыз.

3. Тізімнен ойнатқыңыз келген мазмұн элементін таңдаңыз.




Таңдалған мазмұн ойналады.

## Sound Mirroring пайдаланып, дауысты теледидардың дыбыстағышы арқылы есту

Тұрғын үй-жайыңызда музыка тыңдап, ләззат алыңыз. Теледидарыңызда музыканың жиілігіне сәйкес түрленетін визуализациялар шығады.



1. Мобильдік құрылғының  (Bluetooth) құралдары тізімінен теледидарды іздеп қосылыңыз.
2. Мобильдік құрылғыңызда ойнатқыңыз келген медиа мазмұнды таңдаңыз.

Таңдалған медиа мазмұн теледидардың үндеткіші арқылы ойнатылады.

-  Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
-  Кейбір үлгілерде ойнатылған контенттің суреті режимге байланысты басқаша болуы мүмкін.
-  Теледидар мен дыбыс құрылғысы сымсыз қосылса, әрекетке шектеу қойылуы мүмкін.

## Мультимедиялық мазмұнды ойнату кезінде қол жетімді түймелер және функциялар

Кез келген бейне, фотосурет немесе жазылған мазмұнды ойнату барысында Таңдау түймесін басыңыз. Келесі түймешіктер көрсетіледі.

-  Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл түймелерге немесе функцияларға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
-  Қолданыстағы түймелер мен функциялар сіз қарап немесе ойнатып жатқан мазмұнға қарай әр түрлі болуы мүмкін.

- **Кідірту / Ойнату**

Мультимедиялық мазмұнды кідіртеді немесе ойнатады.

- **Кері өту / Алға өту**

Кезелімді ойнатуды басқару жолағына жылжыту үшін жоғары меңзер түймесін басыңыз, содан кейін бейнежазба бойымен 10 секунд артқа немесе алға жылжу үшін ойын басқару жолағынан сол немесе оң меңзер түймесін таңдаңыз.

- **Нақты ойнату бөлігіне өту үшін ойнату жолағында меңзерді жоғары жылжытып, бес ентаңбаның бірін таңдаңыз.**

-  Пішім түріне байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.



- **Тоқтату**

Ойнатылып жатқан мазмұнды тоқтатыңыз.





- **Алдыңғы / Бұдан әрі**

Алдыңғы немесе келесі мультимедиа мазмұн файлын экранға шығарады.

- **Қайта айналдыру / Алға жылд. айналдыру**








Мультимедиа мазмұнын артқа немесе алға жылдам айналдырады. Артқа немесе жылдам алға айналдыру жылдамдығын әдеттегіге қарағанда 3 есе арттыру үшін, түймені қайта-қайта басыңыз. Қалыпты жылдамдықты қайтару үшін  опциясын таңдаңыз немесе  түймесін басыңыз.

Бейне кідіріп тұрғанда, келесі функцияларды пайдалануға болады. Бейнежазба кідіріп тұрғанда теледидарда аудио ойнамайды.

- **Баяу қайта айналдыру** немесе **Алға баяу айналдыру**:  немесе  опциясын таңдап, бейнежазбаны алға немесе артқа баяу ойнатуға мүмкіндік береді. Ойнатудың 3 жылдамдығы бар. Ойнату жылдамдығын өзгерту үшін опцияны қайталап басыңыз. Қалыпты жылдамдықты қайтару үшін  опциясын таңдаңыз немесе  түймесін басыңыз.

- **360 режимі**



Бейнефайлдар мен фотосуреттердің 360 градустық көрінісін береді.

-  Пішім түріне байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
-  Бейне файлдарының mjpeg кодекін қолдайтын түрлері 360 градуста қарауға қолдау көрсетпейді.
-  Бейне немесе фотосурет 360 градуста қарауды қолдамайтын болса, оған 360 айналымын қолданса, экран бұрамалануы мүмкін.
-  Егер 360 айналымы қолданылса, жылдамдықты екі есе арттырып ойнатқан кезде бейне кідіруі мүмкін.
-  360 градуста қарауға мүмкіндік беретін бейнелерді ойнату барысында 360 айналымын басқа функциялармен қатар пайдаланса, кідіруі мүмкін.
-  Кейбір ажыратылымдылықтар үшін бұл функция сәйкес келмеуі мүмкін.
-  Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.


- **360 градусқа автоматты айналу**

360 градуста қарауға мүмкіндік беретін бейне файлды ойнату барысында көрсетілетін кескіндер санына талду жасау арқылы бейнені қарау бұрышын автоматты түрде түзетеді. Осы функция басталғанда қысқа уақыт ішінде айналу басталады.

Кезелім **360 градусқа автоматты айналу** функциясына қойылған кезде, келесі режимдерге ауысу үшін Таңдау түймесін басыңыз:

-  Жалпы
-  Динамикалық
-  Табиғи

 Бұл функцияға **360 режимі** таңдалса ғана қолжетімді.


 **360 градусқа автоматты айналу** іске қосылған кезде автоматты реттеу орындалады. Кескін түріне қарай реттеу орны әр түрлі болуы мүмкін.


 Бейнежазбаларды қарау бұрышы Жалпы режимінде қолдан реттеледі.

 Пішім түріне байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

 Бейне файлдарының тірред кодегін қолдайтын түрлері 360 градуста қарауға қолдау мүмкіндік бермейді.

 Бейне 360 градуста қарауды қолдамайтын болса, оған 360 айналымын қолданса, экран бұрамалануы мүмкін.

 Егер 360 айналымы қолданылса, жылдамдықты екі есе арттырып ойнатқан кезде бейне кідіруі мүмкін.

 360 градуста қарауға мүмкіндік беретін бейнелерді ойнату барысында 360 айналымын басқа функциялармен қатар пайдаланса, кідіруі мүмкін.

 Кейбір ажыратылымдылықтар үшін бұл функция сәйкес келмеуі мүмкін.

 Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.



- **Қайталау**







Ағымдық мазмұнды қайта-қайта немесе бір қалтадағы барлық файлдарды қайта-қайта ойнатуға арналған.

- **Еркін**

Музыка файлдарын кездейсоқ ретпен ойнатады.



- **Суретті өшіру**  
Экран өшірулі болғанда музыкалық файлдарды ойнатады.
- **Экран бойынша сәйкестендіру**  
Фотосуретті экранның өлшеміне дәлдейді.
- **Солға бұру / Оңға бұру**  
Фотосуретті оңға-солға бұрады.
- **Масшт**  
Фотосуретті үлкейтеді.
- **Фондық әуен**  
Теледидар фотоларды көрсетіп жатқан кезде фондық музыканы кідіртеді немесе жалғастырады.  
 Бұл функцияға **Фондық әуен** опциясын қосқаннан кейін қолжетімді.
- **Параметр.**  
 Қолданыстағы параметрлер үлгі мен мазмұнға қарай әр түрлі болуы мүмкін.





Функция	Сипаттама
<b>Слайдшоу жылдамдығы</b>	Слайд көрмесінің жылдамдығын орнатады.  USB құралында тек бір ғана кескін файлы болса, слайд көрмесі көрсетілмейді.
<b>Слайд-шоу әсері</b>	Слайд көрмесі үшін өтпелі әсерлерді қолданыңыз.  USB құралында тек бір ғана кескін файлы болса, слайд көрмесі көрсетілмейді.
<b>Фондық әуен</b>	Теледидар фотоларды көрсетіп жатқан кезде сіз ашылмалы терезеде параметрлерді орнатқанда фондық музыканы ойнатады.  Саз файлдары да фотосурет файлы сақталған USB құралында сақталуға тиіс.  Фондық музыканы кідірту үшін ойнату экранының астыңғы жағынан <b>Фондық әуен</b> таңдаңыз.
<b>Субтитрлер</b>	Субтитрдің тілі, синхрондау, өлшемі және түсі тәрізді параметрлерін орнатуға болады.  Егер субтитрлер дұрыс көрсетілмесе, кодтау параметрін тексеріңіз.
<b>Бұру</b>	Бейнефайлды бұрады.
<b>Аудио тілі</b>	Аудио тілін өзгертеді.  Бұл функция бейнежазба көп-тректі дыбысқа қолдау көрсетсе ғана жұмыс істейді.
<b>Ақпарат</b>	Ағымдық мультимедия мазмұнына қатысты толық деректі көрсетеді.












# Multi View қызметін пайдалану

Бірнеше мазмұн элементтерін Multi View функциясы арқылы көруге болады.


## > Multi View

 Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

Функцияны іске қосу үшін  >  Multi View түймесін, содан соң қосылатын мазмұнды **Мазмұнды таңдаңыз.** ішінен немесе қажетті тіркесімді  >  Multi View түймесінің жоғарғы жағындағы **Алдын ала орнату** ішінен таңдаңыз. Болмаса, мобильдік құралға арнап экранды ортақ пайдалану функциясын (**Smart View/Apple AirPlay**) қосыңыз.

-  Бұл функцияны Samsung Smart қашықтан басқару пульті пультінің  түймесін басып қосуға немесе тоқтатуға болады.
-   түймесі Samsung Smart қашықтан басқару пульті қашықтан басқару пультінде қолжетімді болғанда, ол түймені басу арқылы **Multi View** функциясын енгізуге болады.
-  3 - 5 мазмұн элементтері бойынша бірнеше көрініске QN8\*\*A және QN9\*\*A үлгілерімен қоса кейбір үлгілер арқылы қолдау көрсетіледі.  түймесі **Multi View** режимінде басылған кезде, экранның төменгі жағының үстінде **Multi View** алдын ала қарау экраны пайда болады. **Multi View** алдын ала қарау экранындағы мазмұнды таңдау арқылы 2-5 мазмұн элементін **Multi View** режимінде көрсетуге болады.
-  Бұл функция тек теледидар бағдарламасын таратушыларда, сыртқы құрылғыларда немесе **Multi View** функциясына қолдау көрсететін қолданбаларда ғана жұмыс істейді.
-  **Multi View** функциясы қолданылып тұрғанда, **Multi View** экранында қолданба кастингі қосылып тұрады. Бұл функция кейбір қолданбаларда жұмыс істемейді.
-  Кейбір үлгілерде мобильді құрылғыңыздағы SmartThings қолданбасына жалғанған камерадағы кескінді көруге болады.
-  Q-Symphony функциясы **Multi View** режимінде қолданылмайды.
-  Қабылдағышқа немесе Дыбыс бағанына жалғанатын сыртқы құрылғы **Multi View** режимінде пайдаланылғанда, дыбыс қабылдағыштан немесе Дыбыс бағанынан емес, теледидар үндеткішінен шығады.


**Multi View** функциясы жұмыс істеп тұрғанда, төмендегі мәзірлерді баптау үшін Таңдау түймесін басыңыз.

 Бұл функция және мәзірдің әр белгішесі үшін берілген таңдау параметрлері үлгі мен аймаққа қарай жұмыс істемеуі мүмкін.


- Осы қолданбадан/сигнал көзінен мазмұнды таңдаңыз.

Жоғарыда экранға шығарылған мазмұн тізімінен таңдай аласыз.


 Мазмұнның тармағын таңдағаннан кейін экранды басқаруға немесе қолданба мен дереккөзді ауыстыруға болады.

-  Қолданбаны/көзді өзгертіңіз.

Таңдалған терезенің мазмұнын өзгертуге болады.

-  (Экран өлшемін өзгертіңіз.)

Қалаған **Multi View** өлшемін таңдайды.

-  (Кадрдағы кадрды орнатыңыз.)


Толық экрандағы кіші экранның орнын таңдайды. Сол жаққа немесе оң жаққа кезелген экран шағын терезе түрінде пайда болады.

 Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

-  (Екі экраннан шыққан дыбысты тыңдаңыз.)


Әр экранның дыбыс көлемін реттеу арқылы екеуінің де дыбысын бір мезгілде естисіз.

 Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

-  (Экранды жойыңыз.)

Таңдалған экранды жоюға болады.

 Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.



-  (Bluetooth динамикін қосыңыз.)

Bluetooth үндеткішін жалғау арқылы дыбысты ести аласыз.

 Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

-  (Толық экранға шығыңыз.)

**Multi View** аяқталады да, толық экран пайда болады.

**Multi View** функциясын тоқтату үшін Samsung Smart қашықтан басқару пульті пультіңдегі  түймесін басып ұстап тұрыңыз. Samsung Smart қашықтан басқару пульті пультінің  түймесін қысқаша басу ағымдағы көріністен шығуды сақтау-сақтамауды таңдауға мүмкіндік береді.

- **Сақтау және шығу**

Функцияны жаппас бұрын ағымдағы **Multi View** көрінісін сақтауға болады.

 Сақталған көріністі **Multi View** ( >  **Multi View** > жоғары меңзер түймесі) тармағынан таңдағаннан кейін, оны пайдалануға болады.

## Віхбу қызметін пайдалану

Теледидарды басқару үшін Samsung Smart қашықтан басқару пульті құрылғысындағы немесе теледидарға микрофонға сөйлеңіз.



- ✎ Віхбу функциясы теледидар интернетке қосулы тұрған кезде ғана жұмыс істейді.
- ✎ Віхбу қолдану үшін Samsung есептік жазбасын тіркеп, оған кіруіңіз керек. Samsung есептік жазбаңызға кірмеген болсаңыз, кейбір функцияларға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
- ✎ Віхбу тек кейбір тілдерге ғана қолдау көрсетеді және қолдау көрсетілетін функциялар географиялық өңірге байланысты әр түрлі болуы мүмкін.
- ✎ Віхбу функциясына үлгіге немесе географиялық өңірге байланысты қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

### Віхбу функциясын дауыс көмегімен бастау


Сіз Віхбу функциясымен "Hi, Віхбу" деп айтып дереу сөйлесе бастауыңызға болады. "Hi, Віхбу" деп айтыңыз, сонда теледидар экранының төменгі жағындағы Віхбу белгісі тыңдау режиміне қосылады. Сөйлеуді жалғастырыңыз.


- ✎ Теледидарға дейінгі қашықтық 3-4 м болса, өнімділік оңтайлы болады. Бұл функцияны пайдалану жолы туралы ақпарат алу үшін "[Дауысты тану мәселелері](#)" тақырыбын қараңыз.
- ✎ Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## Bixby режимін Samsung Smart қашықтан басқару пульті түймелерінің көмегімен бастау


Bixby құралымен Samsung Smart қашықтан басқару пульті түймелерінің көмегімен сөйлесуге болады.  түймесін Samsung Smart қашықтан басқару пульті құрылғысынан басып тұрып нұсқау беріңіз, содан кейін  түймесін босатыңыз.

Bixby нұсқаулығын қарау үшін  түймесін бір рет басыңыз:

-  түймесін басқанда экранның астыңғы жағында [Explore Now](#) пайда болады. Таңдау түймесін басып [Explore Bixby](#) экранына өтіңіз.



## Explore Bixby экраны туралы үйрену



Теледидардағы сурет үлгіге және географиялық аймаққа байланысты жоғарыдағы суреттен басқаша болуы мүмкін.

### 1 Менің профилім

**Менің профилім** экранына өткеннен кейін есептік жазбадан шығыңыз.

Samsung есептік жазбаңыздан шығып қалсаңыз, оған қайта кіру үшін **Менің профилім** таңдаңыз.

### 2 Tutorials

Bixby қызметін пайдалануға қатысты қалқыма терезе пайда болады.

### 3 Settings

Параметрлерді Bixby арқылы өзгертуге болады.

Бұл функциялар құрылғының үлгісіне немесе географиялық өңірге байланысты жұмыс істемеуі мүмкін.

Бұл функцияларды **Bixby Voice параметрлері** ( > **Параметрлер** > **Жалпы** > **Дауыс** > **Bixby Voice параметрлері**) параметрлерінде орнатуға болады.

- **Language**

Bixby тілін өзгертуге болады.

Теледидардың және басқа қолданбалардың тілдері өзгермейді.



Bixby тек кейбір тілдерге ғана қолдау көрсетеді.

- **Voice response**


Vixby дауысын өзгертуге немесе сөндіруге болады.

 Бұл функцияға Vixby режимі үшін таңдалған тілге қарай қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Voice Wake-up**

Vixby сіздің дауысыңызға жауап беретіндей орнатуға болады. Егер Vixby дауысыңызға жауап бермесе, **Voice Wake-up** функциясын қосқаннан кейін қайталап көріңіз. ( > [Explore Now](#) >  [Settings](#) > [Voice Wake-up](#))

 Теледидардың төменгі жағындағы дыбыс датчигі қосулы болса ғана, бұл функцияны пайдалануға болады.

 Теледидарға дейінгі қашықтық 3-4 м болса, өнімділік оңтайлы болады. Бұл функцияны пайдалану жолы туралы ақпарат алу үшін "[Дауысты тану мәселелері](#)" тақырыбын қараңыз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты **Voice Wake-up** функциясына қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Sound feedback**

Vixby басталған кезде дыбыс естіліп, тыңдауды тоқтатады.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Privacy**

Vixby қызметін қолданған кезде Vixby функциясына жеке ақпараттарыңызды қолдануға рұқсат беріп немесе тыйым сала аласыз.

- **Vixby Voice туралы**

Толық талаптар мен шарттарды экранда көрсетеді.

#### **4** Ұсынылатын пәрмендер

Теледидарды Vixby ағымдық мазмұндарын көрген кезде ұсынылатын басқару пәрмендерін экранға шығарады.

Егер ұсынылатын пәрмендерді көргіңіз келмесе, [Дауысты кеңес](#) функциясын [Сөндіру](#) қалпына қойыңыз. (

>  [Параметрлер](#) > [Жалпы](#) > [Дауыс](#) > [Дауысты кеңес](#))

#### **5** All Services


Vixby мүмкіндігін әр түрлі жағдайда пайдалануға мүмкіндік беретін дауыс пәрмендерін үйренуге мүмкіндік береді. Меңзер түймелерінің көмегімен қажетті пәрменге өтіп, содан кейін Таңдау түймесін басыңыз.


Теледидарды түрлі дауыс пәрмендерімен басқаруға болады.

### **Vixby пайдаланардан бұрын оқып шығыңыз**

- Қолдау көрсетілетін дауыспен қатынасу функциялары географиялық аймаққа байланысты басқаша болуы мүмкін.
- Орнатылған тіл еліңіздегі тілден басқа болса, кейбір функцияларға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
- Vixby функциясы теледидар интернетке қосулы тұрған кезде ғана жұмыс істейді.
- Теледидар интернетке қосылып тұрса да, Vixby серверіндегі қатеге байланысты ешбір жауап болмауы мүмкін.



- Егер Vixby жаңартылса, ағымдық функция параметрлері өзгеруі мүмкін.
- Vixby функциясы тек осы функцияны қолдайтын және микрофоны бар қашықтан басқару пультімен жабдықталған теледидарда ғана жұмыс істейді.
- Таңбалар, соның ішінде "-" таңбасы мен арнайы таңбалар қолданылмайды. Демек, сөздің немесе сөйлемнің құрамында сандар немесе таңбалар болса, функция дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Іздеп табылған нәтижелер толық нәтиже бермеуі мүмкін.
- Сізден кейбір қолданбалардың ақшасын төлеу талап етілуі мүмкін. Демек, сізге сервис туралы өтінім немесе келісімшарт кездесуі мүмкін.
- Арна атауларын дауысты пәрмен ретінде айтып, қазіргі арнаны өзгерту үшін [Қызмет провайдері параметрлері](#) орнатуды аяқтау керек. [Қызмет провайдері параметрлері](#) параметрлерін  > [Параметрлер](#) > [Тарату](#) > [Қызмет провайдері параметрлері](#) тармағы ішіне орнатуға болады.

Егер қызмет провайдерінің параметрлері әлі конфигурацияланбаған болса, оларды  > [Параметрлер](#) > [Жалпы](#) > [Қал.кел](#) тармағында конфигурациялаңыз. [Қазір көру](#)

 Бастапқы орнатылған қызмет провайдерінің параметрлері географиялық аймақта қолданылмауы мүмкін.

- Дауысты мәтінді енгізу мен іздеу функциясын пайдалану үшін үшінші тараптарға сіздің дауыстық деректеріңізді жинауға және пайдалануға рұқсат беру шартына келісім беруіңіз керек.
- Vixby функциясын пайдалану үшін сізге мыналар керек:
  - Smart Hub қызметін пайдалану шарттарына келісім беріңіз.
  - Smart Hub қызметі үшін жеке ақпаратты жинау мен пайдалануға қатысты нұсқауларға келісім беріңіз.
  - Дауыспен басқаруға негізделген қызмет үшін жеке ақпараттың жиналуы мен пайдаланылуына келісу.

## Vixby пайдалану шарттары


- Дауыспен әрекеттесу жылдамдығы дауыс деңгейіне/ырғағына, айтылуына және қоршаған орта факторларына байланысты әр түрлі болады (Теледидар дыбысы және қоршаған ортадағы шуыл).

## Ойын тақтасы функциясын пайдалану

Ойын тақтасы көмегімен ойын параметрлерін бақылау әрекетін және ойынды жақсарту параметрлерін оңай басқарыңыз.

 Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

### Ойын тақтасы параметрін іске қосу

Ойын режимі (🏠) > ⚙️ Параметрлер > Жалпы > Сыртқы құрылғы менеджері > (Ойын режимі параметрлері) > Ойын режимі) параметрі **Қосу** немесе **Авт-ы** режимінде болған кезде, **Ойын тақтасы** жолағын пайдалануды бастау үшін Samsung Smart қашықтан басқару пульті құралындағы  түймесін басып ұстап тұрыңыз.


### Ойын тақтасы туралы қосымша ақпарат



 Теледидардағы сурет үлгіге байланысты жоғарыдағы суреттен басқаша болуы мүмкін.

#### 1 Кешіктіріп енгізу

Ойынның **Кешіктіріп енгізу** опциясын көрсетеді. **Ойын Motion Plus Сөндіру** болған кезде, ойын минималды енгізу кідірісімен жұмыс істейді.

 **Дақты азайту** және **Дірілді азайту** үшін **Ойын Motion Plus параметрлері** (🏠) > ⚙️ **Параметрлер** > **Жалпы** > **Сыртқы құрылғы менеджері** > **Ойын режимі параметрлері** > **Ойын Motion Plus параметрлері**) параметрінде мәндерді арттырған кезде, енгізу кідірісі де артады.

#### 2 Кадр/с (кадр/с)

Нақты уақыт режимінде бір секундтағы кадр жиілігін көрсетеді. Кадр жиілігі **VRR** функциясы белсенді болған кезде өзгереді.

### 3 HDR

HDR ойынын ойнаған кезде, **Қосу** болады.

### 4 VRR (айнымалы жаңарту жиілігі)

**FreeSync** немесе **VRR** функциясы белсенді болған кезде, тиісті мәнді көрсетеді.



- **ҚОСУ, ӨШИПУ, FreeSync Premium, FreeSync Premium pro**

### 5 Дыбыс шығысы

Дыбыс шығып тұрған аудио құрылғыны көрсетеді. (мысалы, теледидар үндеткіші, саундбар, Bluetooth құлақаспабы және т.б.)


### 6 Экран қатынасы

Экран қатынасын **16:9** мәнінен (алдыңғы параметр) ультра кең мәнге (**21:9** немесе **32:9**) өзгертуге болады.

-  Ажыратымдылықты компьютерден алғашында тек бір рет орнату керек.
-  **Ойын тақтасы** экран қатынасын ойында немесе компьютерде ультра кең ажыратымдылыққа қолдау көрсетілген жағдайда ғана өзгертуге болады. Экранның **21:9** және **32:9** қатынасына қолдау көрсетіле ме екені ойынның атауына байланысты, сондықтан ойынды шығарған компаниямен кеңесіңіз.

### 7 Экран позициясы

Экранның қатынасын ультра кең қатынасқа (**21:9** немесе **32:9**) орнатқан кезде, экранды ортасынан жоғары немесе төмен жылжыту үшін қашықтан басқару пультіндегі жоғары/төмен меңзер түймесін пайдалануға болады.

-  Қашықтан басқару пультіндегі  $\wedge/\vee$  (арна) түймесін жоғары немесе төмен жылжыту арқылы экранның орнын бірден өзгертуге болады.

### 8 Ойын режимі параметрлері

Мәзірді **Ойын режимі параметрлері** параметріне жылжытады.

### 9 Ақаулықтарды жою

**Ойын тақтасы** параметрін пайдаланған кезде қандай да бір ақаулық пайда болса, осы құжаттағы ақаулықты түзету нұсқауларын қараңыз.

## Супер ультра кең ойын көрінісін орнату

Супер ультра кең ойын көрінісін іске қоспас бұрын, компьютер экранының ажыратымдылығын **Ойын тақтасы** жолағындағы таңдалған экран қатынасына сәйкес орнатыңыз.

- ✎ Ойынның ультра кең ажыратымдылыққа (21:9 немесе 32:9) қолдау көрсете ме екенін тексеріңіз.
- ✎ Компьютерде ажыратымдылықты алғаш рет орнатсаңыз, экран қатынасын теледидардағы **Ойын тақтасы** арқылы өзгертуге болады.




Ойын тақтасы экран қатынасы	Компьютерде орнатылған ажыратымдылық
21:9	3840 x 1600 (60 Гц)
	2560 x 1080 (60 Гц)
	2560 x 1080 (120 Гц)
32:9	3840 x 1080 (60 Гц)
	3840 x 1080 (120 Гц)

- ✎ Қолдау көрсетілетін ажыратымдылық компьютерге жалғанған үлгіге немесе HDMI портына байланысты әртүрлі болуы мүмкін.
  - ✎ Ажыратымдылықты орнатқаннан кейін, теледидардың **Ойын тақтасы** жолағында экран қатынасын өзгерткен кезде, компьютер терезесінің немесе Mac экранының өзгере ме екенін тексеріңіз.
  - ✎ ОЖ немесе құрылғыға байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
- ⚠ Ойын ойнап жатқан кезде, экран қатынасын өзгерту мүмкін емес. Ойынды бастамас бұрын, алдымен Ойын тақтасы жолағында қажетті экран қатынасын таңдаңыз.**

## Ойын экраны мен дыбысы ақауларын жою

**Ойын тақтасы** жолағында экран қатынасын өзгерткеннен кейін, ойын экраны мен дыбысы дұрыс шықпаса, ақауларды төменде көрсетілген әдістермен шешіп көріңіз.

- Ойынның немесе компьютердің ультра кең ажыратымдылыққа қолдау көрсете ме екенін тексеріңіз.
- Ойыннан шығып, қайта бастаңыз.
- **Ойын тақтасы** жолағындағыдай ажыратымдылықты таңдаңыз.
- Экран қатынасы дұрыс өзгерген кезде, экран төмендегідей көрсетіледі.

16:9	21:9	32:9
		


# ТД қарау

Теледидар қарап отырғанда ыңғайлы функцияларды пайдалануға болады. Сонымен қатар, арналар тізімін өңдеуге немесе таңдаулы арналар тізімін жасауға болады.

## Нұсқау. функциясын пайдалану










Әр арнаның бағдарламалар тізіміне жалпы шолуды қараңыз.

 > [Нақты уақыттағы ТД](#) > [Нұсқау.](#)



 Теледидардағы сурет үлгіге және географиялық аймаққа байланысты жоғарыдағы суреттен басқаша болуы мүмкін.

[Нұсқау.](#) экранда әр хабар таратушы бойынша күнделікті бағдарламалар кестесін, бағдарлама ақпаратын көруге, қарайтын бағдарламаны таңдауға және кесте бойынша қарау немесе жазу параметрлерін орнатуға болады.

-  Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты жазу функциясына қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
-  Теледидар көріп отырып [Нұсқау.](#) қарау үшін Samsung Smart қашықтан басқару пульті немесе Қашықтық. басқару пульті құралының  (Арна) түймесін басыңыз.
-  Стандартты қашықтан басқару пультінің GUIDE түймесін басыңыз.
-  Аналогтік арналар туралы ақпаратты қарап, [Нұсқау.](#) мәзірінің аналогтік арна функцияларын пайдалану үшін бастапқы параметрлердегі қызмет көрсетуші параметрлерін аяқтауға тиіссіз.
-  [Нұсқау.](#) мәзірін қарау үшін теледидардың сағатын орнату қажет ( >  [Параметрлер](#) > [Жалпы](#) > [Жүйе реттегіші](#) > [Уақыт](#) > [Сағат](#)).
-  Бастапқы орнатылған қызмет провайдерінің параметрлері географиялық аймақта қолданылмауы мүмкін.

Кезелімді **Нұсқау**. тармағындағы қажетті бағдарламаға апарып, содан кейін Таңдау түймесін басып тұрыңыз. Келесі функцияларды пайдалануға болады:

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты **Нұсқау**. функциясына қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Жазу**

Ағымдық бағдарламаны жазуға болады.

- **Тоқтату**

Қазір қосулы тұрған жазу функциясын тоқтатуға болады.

- **Жазу уақытын өзгерту**

Жоспарланған бағдарламаны жазуды бастау мен аяқтау уақыттарын өзгертуге болады.

- **Қарауды жоспарлау**

Көрсетілуі жоспарланған бағдарламаны қарауды жоспарлауға болады.

- **Жазуды жоспарлау**

Көрсетілуі жоспарланған бағдарламаны жазуды жоспарлауға болады.

- **Жоспарланған көрінісінен бас тарту**




Жоспарлы қараудан бас тартуға болады.

- **Жоспарланған жазуынан бас тарту**

Жоспарланған жазбаларды жоюға болады.

- **Мәліметтерді қарау**

Таңдалған бағдарламаға қатысты толық ақпаратты көре аласыз. Бағдарлама сигналына қарай басқа ақпарат берілуі немесе оған мүлдем қолжетімсіз болуы мүмкін.

**Арна сүзгісі** немесе **Антенна түрі**, **Кесте реттеуіші** экранына өту үшін:  немесе  түймесін басыңыз. (Қашықтан басқару пультінің түймесі  тәрізді болса, екі рет басыңыз.)

- **Арна сүзгісі**

Арналар мен бағдарламаларды **Арналар тізімі** тармағында түрлері бойынша санаттарға бөліп қарай аласыз.

- **Антенна түрі**

Теледидар қабылдайтын хабар тарату сигналдарының түрін өзгертуге болады.

 Кіріс хабар тарату сигналына қарай осы функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Кесте реттеуіші**








**Кесте реттеуіші** немесе **Жазу және жоспарлау реттеуіші** экранын қарауға болады.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты **Нұсқау**. функциясына қолдау көрсетілмеуі мүмкін.



## Бағдарламаларды жазу

Бейнежазғыштың орнына USB құралын пайдаланып, ағымдық және көрсетілетін бағдарламаны жазыңыз.

-  Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
-  Жазу функциясын пайдалану алдында барлық сақтық шараларын оқыңыз. Қосымша ақпаратты "Жазып алу және Timeshift функцияларын пайдалану алдында" тарауынан қараңыз.
-  Тек антенна арқылы қабылданған бағдарламаларды ғана жаза аласыз.
-  Жазу үшін жоспарланған бағдарламалар мен арналардың тұсында  пайда болады.
-  USB құралы қосулы тұрғанда  > **Нақты уақыттағы ТД** параметріне өтсеңіз, **Кесте реттеуіші** экраны **Жазбалар** экранының орнына көрсетіледі.

### Нұсқау. экранынан жылдам және жоспарлы жазу параметрлерін пайдалану

- **Дереу жазу**



Дереу жаза бастау үшін **Нұсқау**. қатарынан бағдарламаны таңдап, Таңдау түймесін басып тұрып, қалқымалы мәзірден **Жазу** параметрін таңдаңыз.

- **Жазуды жоспарлау**

Көрсетілуі жоспарланған бағдарламаны таңдаңыз да, Таңдау түймесін басыңыз, содан кейін жоспарлы бағдарламаның жоспарлы жазылу параметрлерін орнату үшін **Жазуды жоспарлау** таңдаңыз.

### Бағдарламаны қарап отырып жылдам және жоспарлы жазу параметрлерін пайдалану

- **Дереу жазу**

Егер хабар көріп отырып **Жазу** параметрін  түймесін екі рет, содан кейін Таңдау түймесін басқаннан кейін немесе  түймесін бір рет басқаннан кейін таңдасаңыз, жазу басталады.

- **Жазуды жоспарлау**

Бағдарлама ақпараты терезесін экранға шығару үшін бағдарламаны қарап отырып Таңдау түймесін басыңыз. Жоспарлы бағдарламаны таңдау үшін сол жақ немесе оң жақ меңзер түймені пайдаланыңыз. Жоспарлы бағдарламаның жоспарлы жазылу параметрлерін орнату үшін Таңдау түймесін басыңыз да, **Жазуды жоспарлау** таңдаңыз.



## Күн мен уақытты енгізгеннен кейін бейне жазуды жоспарлау

 > [Нақты уақыттағы ТД](#) > [Жазбалар](#) > [Жоспарлар](#) > [Жазу қосу](#)

Жазуды жоспарлау үшін жазылатын хабар бағдарламасының [Антенна](#), [Арна](#), [Қайталау](#), [Күн](#), [Басталу уақыты](#) және [Аяқталу уақыты](#) мәндерін орнатыңыз да [Сақт.](#) параметрін таңдаңыз.

  >  [Параметрлер](#) > [Жалпы](#) > [Жүйе реттегіші](#) > [Уақыт](#) > [Сағат](#) қойындысында қазіргі уақытты тексеріңіз.

 Географиялық аймаққа байланысты мәзірлер көрсетілмеуі мүмкін.

## Жазуды жоспарлау тізімін басқару

 > [Нақты уақыттағы ТД](#) > [Жазбалар](#) > [Жоспарлар](#)

Жоспарлы жазу туралы ақпаратты өзгертуге немесе жоспарлы жазбалардан бас тартуға болады.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты мәзірлер көрсетілмеуі мүмкін.

 [Жазуды жоспарлау](#) және [Қарауды жоспарлау](#) функцияларының көмегімен 30 жазбаны немесе көрсетілмді жоспарлай аласыз.

- [Түзету](#)

Жоспарлы жазуды бастау мен аяқтау уақытын орнатуға болады. Бастау уақытын бағдарлама басталардан 10 минут қалғанға және аяқтау уақытын бағдарлама аяқталғаннан кейін 10 минут өткенге орната аласыз.

- [Жою](#)

Жоспарлы жазылымдарды жоюға болады.

- [Мәліметтерді қарау](#)


Жоспарлы жазылымдарға қатысты толық ақпаратты қарауға болады.

## Жазылған бағдарламаларды қарау

 > [Нақты уақыттағы ТД](#) > [Жазбалар](#) > [Жазбалар](#)

Тізімнен жазбасы бар файлды таңдаңыз. Файл ойнайды.

Кезелімді жазылған файлға апарып, содан кейін оң жақтағы мәзірден [Ойнату](#), [Жою](#) немесе [Мәліметтерді қарау](#) ақпаратын қарауға болады.

 Көрсетілетін түймелер ойнатылатын файл түріне қарай басқаша түрде көрінуі мүмкін. Басқару түймелері туралы толық ақпарат алу үшін "[Бағдарламаны немесе Timeshift жазу барысында қол жетімді түймелер және функциялар](#)" тарауын қараңыз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты мәзірлер көрсетілмеуі мүмкін.

## Жоспарлы жазуды бастау параметрін орнату

 > [Нақты уақыттағы ТД](#) > [Жазбалар](#) > [Параметрлер](#)

- [Жазуды ертерек бастау](#)

Жоспарлы жазуды бастау уақытын бағдарлама нұсқаулығында көрсетілген, бағдарлама басталатын уақыттан бұрын уақытқа қоюға болады.

- [Жазуды аяқталғаннан кейін де жалғастыру](#)

Жоспарлы жазуды аяқтау уақытын бағдарлама нұсқаулығында көрсетілген, бағдарлама аяқталатын уақыттан кейінгі уақытқа қоюға болады.

- [Таңба туралы ақпарат](#)




Пайдаланушыларға жоспар басқарушысындағы таңба және таңбаның түсіндірмесі туралы ақпарат беріңіз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты мәзірлер көрсетілмеуі мүмкін.

## Қарауды жоспарлау параметрлерін орнату

**ТД-ды арнайы арнаны немесе бағдарламаны белгілі уақыт және күн келгенде көрсететін етіп баптаңыз.**

 Жоспарланған көрсетілім үшін бейімделген бағдарламалардың тұсында  белгішесі пайда болады.

 Жоспарлы көрсетілім параметрлерін орнату үшін әуелі теледидардың сағатын орнату керек ( >  [Параметрлер](#) > [Жалпы](#) > [Жүйе реттегіші](#) > [Уақыт](#) > [Сағат](#)).

## Бағыттауыш экрандағы жоспарлы көрсетілім параметрлерін пайдалану

**Нұсқау.** экранынан қарағыңыз келген бағдарламаны таңдап Таңдау түймесін басып тұрыңыз, пайда болған қалқымалы мәзірден [Қарауды жоспарлау](#) таңдаңыз.

## Бағдарлама көріп отырған кезде жоспарлы жазу параметрлерін пайдалану

Теледидарды қарап отырып Таңдау түймесін басыңыз. Бағдарлама ақпараты терезесі пайда болады. Көрсетілетін бағдарламаны сол немесе оң жақ меңзер түймелердің көмегімен таңдаңыз. Сол бағдарламаның көрсетілімін жоспарлау үшін Таңдау түймесін басып, [Қарауды жоспарлау](#) параметрін таңдаңыз.

Бағдарламаларды белгілі бір күні белгілі бір уақытта қарау үшін жоспарлы көрсетілімді пайдалану

 > [Нақты уақыттағы ТД](#) > [Кесте реттеуіші](#) > [Көрініс қосу](#)

 > [Нақты уақыттағы ТД](#) > [Жазбалар](#) > [Жоспарлар](#) > [Көрініс қосу](#)

Көрсетілімді жоспарлау үшін көрсетілетін хабар бағдарламасының мәндерін [Антенна](#), [Арна](#), [Қайталау](#), [Күн](#) және [Басталу уақыты](#) мәндерін орнатыңыз да, [Сақт.](#) параметрін таңдаңыз.

  >  [Параметрлер](#) > [Жалпы](#) > [Жүйе реттегіші](#) > [Уақыт](#) > [Сағат](#) қойындысында қазіргі уақытты тексеріңіз.

 Географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

Жоспарлы көрсетілім уақытын орнату

 > [Нақты уақыттағы ТД](#) > [Кесте реттеуіші](#)

 > [Нақты уақыттағы ТД](#) > [Жазбалар](#) > [Жоспарлар](#)

Жоспарлы қарау туралы ақпаратты өзгертуге немесе жоспарлы жазбалардан бас тартуға болады.

 Ең көбі 30 [Қарауды жоспарлау](#) және [Жазуды жоспарлау](#) атауды енгізе аласыз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты мәзірлер көрсетілмеуі мүмкін.

- [Түзету](#)

Жоспарлы көрсетілімді бастау уақытын орнатуға болады. Егер бағдарламаны [Нұсқау](#). арқылы таңдасаңыз, [Басталу уақыты](#) параметрін бағдарлама басталуға 10 минут қалғанға дейін орнатуға болады.

- [Жою](#)

Жоспарлы қаралымдарды жоюға болады.




- [Мәліметтерді қарау](#)







Жоспарлы қаралымдарға қатысты толық ақпаратты көруге болады.

## Timeshift қызметін пайдалану

Теледидарды ойнату, кідірту және кері айналдыру.



**Timeshift** пайдалану арқылы ТД-ды кідіртуге және кері айналдыруға болады. Бұл функцияны қосқанда **Тарату** функциясы сөнеді. [Қазір көру](#)

Теледидар көріп отырған кезде **Timeshift** функциясын қосқыңыз келсе,  түймесін екі рет басыңыз, содан кейін Таңдау түймесін басыңыз немесе  түймесін басыңыз да, артынша **Timeshift** таңдаңыз немесе  түймесін басыңыз.

-  Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
-  Timeshift функциясы жұмыс істеп тұрғанда  >  **Параметрлер** > **Тарату** тармағындағы кейбір функциялар жұмыс істемейді.
-  Timeshift функциясын пайдалану үшін жазу мақсатында USB құрылғысын жалғау қажет.
-  Timeshift функциясын пайдаланардан бұрын барлық сақтық шараларын оқыңыз. Қосымша ақпаратты "[Жазып алу және Timeshift функцияларын пайдалану алдында](#)" тарауынан қараңыз.

## Бағдарламаны немесе Timeshift жазу барысында қол жетімді түймелер және функциялар




Бағдарлама жазу барысында немесе Timeshift кезінде түймелердің және функциялардың қалай қолданылатынын қараңыз.


-  Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
-  Қолжетімді түймелер мен функциялар, функция түрлеріне қарай өзгеше болуы мүмкін.

Төмен меңзер түймесін басқанда, басқару жолағы пайда болады және келесі опцияларға қолжетімді болады:

- **Кідірту / Ойнату**

Бейне кідіріп тұрғанда, келесі функцияларды пайдалануға болады. Бейнежазба кідіріп тұрғанда теледидарда аудио ойнамайды.

- **Баяу қайта айналдыру** немесе **Алға баяу айналдыру**:  немесе  опциясын таңдап, бейнежазбаны алға немесе артқа баяу (1/8, 1/4, 1/2) ойнатуға мүмкіндік береді. Баяу режимде кері немесе алға айналдыру жылдамдығын 3 есе арттыру үшін опцияны қайта-қайта басыңыз. Қалыпты жылдамдықты қайтару үшін  опциясын таңдаңыз.

-  **Баяу қайта айналдыру** функциясы қосылғанда, қазіргі жазу уақыты мен қазіргі кері айналдыру уақытының арасындағы айырмашылықты көресіз.

- **Кері өту / Алға өту**

Кезелімді ойнатуды басқару жолағына жылжыту үшін жоғары меңзер түймесін басыңыз, содан кейін бейнежазба бойымен 10 секунд артқа немесе алға жылжу үшін ойын басқару жолағынан сол немесе оң меңзер түймесін таңдаңыз.

 Кері өту функциясы қосылғанда, қазіргі жазу уақыты мен қазіргі кері айналдыру уақытының арасындағы айырмашылықты көресіз.

- **Қайта айналдыру / Алға жылд. айналдыру**

 Қазір көрсетіліп тұрған бағдарламаны көріп отырсаңыз, бұл функцияға қолжетімсіз.

- **Жазуды тоқтату / Timeshift тоқтату**

Жазу немесе Timeshift функциясын аяқтайды.

- **Жазу**

Timeshift функциясынан жазу функциясына ауысуға болады. Жазу функциясына ауысқан кезде, Timeshift функциясының көмегімен жазылған мазмұнды жаңа жазбаға қосуға болады.

 Бұл функция Timeshift функциясы қосулы тұрғанда ғана жұмыс істейді.

- **Жазу уақытын өзгерту**

Бағдарлама жазылуға тиіс уақыт аралығын орнатуға болады.

 Бұл функция бағдарлама жазылып тұрған кезде ғана жұмыс істейді.

- **Live TV қызметіне өту**

Жазу барысында немесе Timeshift функциясы өткен сценарийлерді ойнатып тұрғанда, бағдарламаның ағымдық сценарийіне өте үшін таңдаңыз.

- **Ақпар**

Жазылып тұрған немесе уақыты жылжытылған бағдарламаның ақпараттық терезесі көрсетіледі.




# Арналар тізімі функциясын пайдалану

Арнаны ауыстырыңыз немесе басқа цифрлық арналардағы бағдарламаларды тексеріңіз.

## > Нақты уақыттағы ТД > Арналар тізімі

Теледидар көріп отырғанда, **Арналар тізімі** көмегімен арнаны өзгертуге немесе басқа сандық арналардағы бағдарламаларды шолуға болады. Әдеттегі қашықтан басқару пультіндегі CH LIST түймесін басыңыз.

**Арналар тізімі** экранында келесі белгілер бар:

-  : Таңдаулы арна.
-  : Құрсауланған арна.
-  : CI картасын қажет ететін арна.

**Арналар тізімі** экранын қарап отырып сол жақ меңзер түймені бассаңыз, мына функцияларды пайдалана аласыз:

- **Ауа, Кабель** немесе **Жерсерік**

**Ауа, Кабель** және **Жерсерік** режимінің біреуін таңдауға мүмкіндік береді.

 Кіріс хабар тарату сигналына қарай осы функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Бәрі**

Автоматты түрде ізделген арналарды көрсетеді.

 Ағымдағы таңдалған **Ауа, Кабель** немесе **Жерсерік** арқылы қабылданатын арналар көрсетіледі.

- **Samsung TV Plus**

Теледидар Интернетке қосулы тұрғанда, кез келген уақытта виртуалды арна арқылы танымал бағдарламаларды немесе әр тақырып бойынша қызықты сәттерді қарай аласыз. Қалыпты арналардағы тәрізді теледидар **Samsung TV Plus** үшін күнделікті бағдарламаны ұсынады.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Арна түрі**

Таңдалған арна түрлерін ғана қамтитын тізім жасау үшін сұрыптайды. Дегенмен, **Арна түрі** параметрін арна түрі туралы ақпараты бар арналарда ғана пайдалануға болады.

 Кіріс хабар тарату сигналына қарай осы функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.


- **Таңдаулылар**

**Таңдаулылар 1** бастап **Таңдаулылар 5** дейінгі функцияларды көрсетеді.

 Экранға таңдаулы арналарды қамтитын таңдаулылар тізімі ғана шығарылады.

- **Сұрып**

Тізімді **Нөмірі** немесе **Атау** параметрі бойынша сұрыптайды.




 Бұл параметр тек сандық арналарда ғана болады және әрқашан бола бермеуі мүмкін.

## Арналарды өңдеу

Теледидарда сақталған арналарды өңдеңіз.

 > [Нақты уақыттағы ТД](#) > [Арналар тізімі](#) > [Арналарды түзету](#)




[Арналарды түзету](#) бейнебетіндегі белгілер келесіні көрсетеді:

-  : Таңдаулы арна.
-  : Құрсауланған арна.
-  : CI картасын қажет ететін арна.

[Арналарды түзету](#) экранынан арналарды таңдауға және келесі функцияларды пайдалануға болады:

- [Құлып / Құл. ашу](#)

Қажетті арнаны [Арналарды түзету](#) қойындысынан таңдағаннан кейін [Құлып](#) немесе [Құл. ашу](#) тармағын таңдаңыз. Содан кейін арна құлыпталады немесе құлпы ағытылады. Құлыпталған арнаны көру мүмкін емес.

 Егер бұл функцияны пайдаланғыңыз немесе құпия сөзді орнатқыңыз келсе  >  [Параметрлер](#) > [Тарату](#)  
> [Арнаны бұғаттауды қолдану](#) параметрін [Қосу](#) қалпына қойыңыз.

 Құпия сөзді орнатуға қатысты толық ақпаратты "[Құпия сөзді орнату](#)" тармағынан қараңыз.

- [Жою](#)

[Арналарды түзету](#) тізімінен жойғыңыз келген арнаны таңдағаннан кейін [Жою](#) параметрін таңдаңыз. Тізімнен жойылған арналар [Арналар тізімі](#) арқылы көрсетілмейді.

- [Арнаның атын өзгерту](#)

Өзгертілетін арнаны [Арналарды түзету](#) қойындысынан таңдағаннан кейін арнаның атын өзгерту үшін [Арнаның атын өзгерту](#) пәрменін таңдаңыз.


 Арналардың атауларын тек бір-бірден ғана өзгертуге болады.

 Бұл функция аналогты арналарда ғана жұмыс істейді.

- [Нөмірді өзгерту](#)

[Арналарды түзету](#) арқылы көргіңіз келген арнаны таңдағаннан кейін [Нөмірді өзгерту](#) таңдап, арнаның нөмірін өзгертіңіз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

 Арнаның нөмірі өзгерген кезде, оның ақпараты автоматты түрде жаңартылмайды.

- [Samsung TV Plus қызметін қалпына келтіру](#)

Жойылған [Samsung TV Plus](#) арналарын қалпына келтіруге болады.


 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- [Сақтау және шығу](#)

[Арналарды түзету](#) экранын сақтайды және жабады.

## Таңдаулы тізімді пайдалану

Жиі қаралған арналарды таңдаулы арна ретінде тағайындаңыз.

Таңдаулы арналар [Арналарды түзету](#) және [Арналар тізімі](#) экрандарында  белгісімен бөлектеліп тұрады. Жанұя мүшелеріне жеке таңдаулы бағдарламалар тізімін жасауға мүмкіндік беру үшін, барлығы беске дейін таңдаулы тізімді жасауға болады.

### Таңдаулы тізім жасау

 > [Нақты уақыттағы ТД](#) > [Арналар тізімі](#) > [Арналарды түзету](#)

1. Қалаған [Таңдаулылар](#) тізімін таңдау үшін қашықтан басқару пультіндегі сол жақ меңзер түймені басыңыз.
2. [Арналар қосу](#) таңдау үшін оң жақ меңзер түймені басыңыз.
3. Экрандағы тізімінен қалаған арнаны таңдаңыз.
4. [Қосу](#) түймесін басып, таңдалған арнаны [Таңдаулылар](#) тізіміне қосыңыз.

[Арналарды түзету](#) экранынан [Таңдаулылар 1 - Таңдаулылар 5](#) таңдаңыз, сонда төмендегі функцияларды қолдануға болады:

- [Арналар қосу](#)

Арналар тізімінен таңдаулылар тізіміне қосатын бір немесе бірнеше арнаны таңдап, содан кейін [Арналар қосу](#) тармағын таңдаңыз.

- [Алып тас](#)

Таңдаулы арна тізімінен бір немесе бірнеше арнаны жояды.

- [Ретті өзгерту](#)

Таңдаулы тізімдегі таңдалған бір немесе бірнеше арналардың ретін өзгертеді.

- [Таңдаул. ат. өзгерту](#)

Таңдаулы арналар тізімнің атауын өзгертеді.

- [Сақтау және шығу](#)

[Арналарды түзету](#) экранын сақтайды және жабады.





## ТД қарауға қолдау көрсететін функциялар

Теледидар қарап отырғанда қолжетімді функцияларды пайдаланыңыз.

### Таратылым сигналын өзгерту





 > [Нақты уақыттағы ТД](#) > [Арналар тізімі](#)

Қашықтан басқару пультіндегі меңзер түймесін басып, меңзерді [Ауа](#), [Кабель](#), [Жерсерік](#) немесе Қызмет провайдері параметріне жылжытып, содан кейін Таңдау түймесін басыңыз.

-  Теледидар кабель немесе жерсерік қорапшасына жалғанған болса, бұл функцияны пайдаланудың қажеті жоқ.
-  Көрсетілген арна тізімі кіріс сигналдарына байланысты өзгеруі мүмкін.

### Қолжетімді арналарды іздеу



 >  [Параметрлер](#) > [Тарату](#) > [\(Автоматты баптау параметрлері\)](#) > [Автоматты баптау](#)

-  Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
-  Теледидар кабель немесе жерсерік қорапшасына қосылып тұрса, бұл әрекетті орындаудың қажеті жоқ.
-  DVB-T2 жүйесіне географиялық аймаққа байланысты қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
-  Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты [Автоматты баптау параметрлері](#) көрінбеуі мүмкін.

### Кабельді желіні іздеу параметрін таңдау

 >  [Параметрлер](#) > [Тарату](#) > [\(Автоматты баптау параметрлері\)](#) > [Кабельдің іздеу опциясы](#)

Кабель арнасын іздеу үшін жиілік және сигнал тарату жылдамдығы тәрізді қосымша іздеу параметрлерін орнатады.

-  Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
-  Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты [Автоматты баптау параметрлері](#) көрінбеуі мүмкін.

Қолданыстағы арналарды күту режимінде қарап шығу

 >  **Параметрлер** > **Тарату** > **(Автоматты баптау параметрлері)** > **Күту режимінде автоматты реттеу**

Теледидар күту режимінде тұрғанда арналарды автоматты түрде іздеңіз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты **Автоматты баптау параметрлері** көрінбеуі мүмкін.

Ояту уақытын орнату

 >  **Параметрлер** > **Тарату** > **(Автоматты баптау параметрлері)** > **Ояту таймері**

Теледидарды қосу үшін таймерді белгілеңіз және арналарды автоматты іздеңіз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты **Автоматты баптау параметрлері** көрінбеуі мүмкін.

Қызмет провайдері бойынша параметрлерді орнату

 >  **Параметрлер** > **Тарату** > **Қызмет провайдері параметрлері**

Қызмет провайдеріне қатысты параметрлерді баптай аласыз.

- **Қызмет провайдері**

Қызмет провайдері функциясын іске қосады немесе ажыратады.

- **Қызмет провайдері туралы**

Ағымдағы қызмет провайдерін және ол туралы толық мәліметті экранда көрсетеді.

- **Қызмет провайдері параметрлерін ашу**


Қолданыстағы қызмет провайдерін орнатуға болады.


 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## Сандық арна сигналының ақпараты және қарқыны

 >  [Параметрлер](#) > [Қолдау](#) > [Құрылғы күтімі](#) > [Өзін-к диагностика](#) > [Сигнал ақпараты](#)

[Қазір көру](#)

 Егер ТД жеке тұрған, сигналды ауамен қабылдайтын антеннаға қосылып тұрса, антеннаны қарқыны күшті сигнал мен ЖА арнасын барынша жақсы қабылдауға бейімдеу үшін, сигнал қарқыны ақпаратын пайдалануға болады.

 [Сигнал ақпараты](#) тек сандық арналарда ғана жұмыс істейді.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## Белгілі арналардың көрсетілуін шектеу

 >  [Параметрлер](#) > [Тарату](#) > [Арнаны бұғаттауды қолдану](#) [Қазір көру](#)

Мәзірді таңдау арқылы [Арнаны бұғаттауды қолдану](#) функциясын қосып немесе сөндіре аласыз.

Ересектерге арналған мазмұнды балалардың қарауына жол бермеу үшін арнайы арналарды құлыптаңыз.

 Бұл функцияны пайдалану үшін PIN нөмірі қажет.

## Ерес. арн-н арна-ы белгі. қызметін пайдалану

 >  [Параметрлер](#) > [Тарату](#) > [Ерес. арн-н арна-ы белгі.](#)

Ересектерге арналған барлық қызметтерді қосады немесе сөндіреді. Сөндірулі тұрғанда үлкендерге арналған қызметтерге қолжетімсіз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## Телехабардың дыбыс параметрлерін таңдау

 >  [Параметрлер](#) > [Тарату](#) > [Қос дыбыс](#) [Қазір көру](#)

Сtereo немесе қос тілді хабарлар үшін дыбыс параметрлерін орнатыңыз. Қосымша ақпаратты "[Аналогтік таратылымның дыбыстық параметрлері](#)" тарауынан қараңыз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.



## Бағдар-рды бұғаттау қызметін пайдалану

 >  **Параметрлер** > **Тарату** > **Бағдар-рды бұғаттау** Қазір көру

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

Бұл функция балалар көретін бағдарламаларды олардың рейтингтеріне қарай бақылау үшін пайдалы.

**Бағдар-рды бұғаттау** функциясы блю-рей, DVD ойнатқыштары немесе USB файлдары тәрізді сыртқы сигнал көздерінен келетін бағдарламаларды бұғаттамайды.

**Бағдар-рды бұғаттау** мүмкіндігіне кірген сайын қауіпсіздік PIN кодын енгізу керек. Бұл PIN кодты бұғатталған бағдарламаларды қарау үшін де енгізу керек. Әдепкі PIN код: "0000" (Франция мен Италия үшін: "1111"). PIN кодты ауыстыру үшін  >  **Параметрлер** > **Жалпы** > **Жүйе реттегіші** > **PIN кодын өзг** параметріне өтіңіз.

 Құпия сөзді орнатуға қатысты толық ақпаратты "Құпия сөзді орнату" тармағынан қараңыз.

 **Тарату** функциясы HDMI немесе Компонент режимінде жұмыс істемейді.

 Кіріс сигналдың қандай болуына қарай **Бағдар-рды бұғаттау** қолданылмауы мүмкін.

 **PIN кодын өзг** функциясына үлгіге немесе географиялық өңірге байланысты қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## Ортақ интерфейс мәзірін экранға шығару

 >  **Параметрлер** > **Тарату** > **Жалпы интерфейс**

Ортақ интерфейс туралы ақпаратты қарауға болады.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **CI мәзірі**

Ортақ интерфейске ортақ кіру модулінің (CICAM) ақпаратын және параметрлерін көрсетеді.

- **Бағдарлама ақпараты**

CICAM өндірушісін және CAS (Шартты қатынау жүйесі) ақпаратын көрсетіңіз.

- **CICAM PIN реттеушісі**

Ортақ интерфейске ортақ кіру модулінің (CICAM) PIN кодын басқараңыз. PIN кодты сақтаңыз немесе сақталған PIN кодты өзгертіңіз де, содан кейін басқа PIN код орнатыңыз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Дескремблинг режимі**

- **SAM бейне түрлендіру**

SAM құралынан келетін видео кодек кодын автоматты түрде өзгертетін параметрді теңшейді. Егер бұл функцияны пайдаланғыңыз келмесе, өшіріңіз.

 Видео кодек кодын өзгертуге қолдау көрсететін SAM модулін пайдалануыңыз керек.

## Кеңейтілген таратылым параметрлерін теңшеу

 >  [Параметрлер](#) > [Тарату](#) > [Маман параметрлері](#) [Қазір көру](#)

### Таратылым сигналын қолдан баптау

 >  [Параметрлер](#) > [Тарату](#) > [Маман параметрлері](#) > [Қолмен іздеу](#) [Қазір көру](#)

Барлық арналарды қолдан іздеп, ізделген арналарды ТД-ға сақтауға болады.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

### Сандық арналарды баптау

 >  [Параметрлер](#) > [Тарату](#) > [Маман параметрлері](#) > [Қолмен іздеу](#) > [Сандық арнаны баптау](#)

Сандық арналардың тізімін автоматты түрде сканерлеу және оларды теледидарға сақтау үшін **Жаңа** режимін таңдап, **Арна**, **Жиілік** және **Аумақ ені** параметрін конфигурациялап, содан кейін **Іздеу** режимін таңдаңыз.

### Аналогты арналарды баптау

 >  [Параметрлер](#) > [Тарату](#) > [Маман параметрлері](#) > [Қолмен іздеу](#) > [Ұқсас арналарды баптау](#)

Аналогты арналарды сканерлеу үшін **Жаңа** режимін таңдап, **Бағдарлама**, **Түс жүйесі**, **Дыбыс жүйесі**, **Арна** және **Іздеу** параметрін конфигурациялаңыз. Содан кейін ізделген арналарды ТД-ға сақтау үшін **Сақтау** параметрін таңдаңыз.

 Бұл функция аналогты арналарда ғана жұмыс істейді.

### Аналогтік хабарларды дәл баптау

 >  [Параметрлер](#) > [Тарату](#) > [Маман параметрлері](#) > [Нақты баптау](#) [Қазір көру](#)


 Бұл функция аналогты арналарда ғана жұмыс істейді.

### Арна тізімін тасымалдау

 >  [Параметрлер](#) > [Тарату](#) > [Маман параметрлері](#) > [Арна. тізімін жіберу](#)

Арна тізімін USB жады құралына импорттауға немесе экспорттауға болады. Бұл функцияны пайдалану үшін PIN нөмірі қажет.

- **USB құр-нан импор-у:** Арна тізімін USB құралынан импорттайды.
- **USB құр-на эксп-у:** ТД-да сақталған арна тізімін USB жады құралына экспорттайды.

 Бұл функция USB құралы жалғанған кезде жұмыс істейді.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## Арна нөмірін өзгерту параметрін қосу/ажырату

 >  [Параметрлер](#) > [Тарату](#) > [Маман параметрлері](#) > [Арналар нөмірлерін өзгерту](#)

Арна нөмірін өзгерту үшін қолданыңыз. Арнаның нөмірі өзгерген кезде, арна ақпараты автоматты түрде жаңартылмайды.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## САМ операторының профилін жою

 >  [Параметрлер](#) > [Тарату](#) > [Маман параметрлері](#) > [САМ операторы профилін жою](#)

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## Жерсерік жүйесін орнату

 >  [Параметрлер](#) > [Тарату](#) > [Маман параметрлері](#) > [Жерсерік жүйесі](#)

Арнаны іздеуге кіріспей тұрып, жерсерік табағы параметрлерін теңшеуге болады.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## Телемәтін тілін өзгерту

 >  [Параметрлер](#) > [Тарату](#) > [Маман параметрлері](#) > [Телемәтін тілінің параметрлері](#)  
> [Телемәтін тілі](#)

Телемәтін тілін орнатуға немесе өзгертуге болады. Телемәтін тілін өзіңіз қалаған тілде қарау үшін [Негізгі телемәтін тілі](#) ретінде қолданылатын тілді таңдаңыз. Егер бұл тілге қолдау көрсетілмесе телемәтінді [Қосымша телемәтін тілі](#) ретінде орнатылған екінші қалаған тіліңізде қарауыңызға болады.

 Үлгіге, арнаға немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## Таратылымның дыбыстау тілін таңдау

 >  **Параметрлер** > **Тарату** > **Маман параметрлері** > **Дыбыс параметрлері** [Қазір көру](#)

Егер тіл таратылым сигналына қосылса, бұл ТД қарап отырған кезде еститін тіл болып табылады **Дыбыс параметрлері** аналогтік және цифрлық арналар үшін түрліше жұмыс істейді.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Аудио тілінің параметрі**

Естігіңіз келген аудио тілді өзгерте аласыз.

 Қолжетімді тілдер таратылым сигналына қарай әр түрлі болуы мүмкін.

- **Аудио пішімі**

Естігіңіз келген аудио пішімді өзгерте аласыз.

 Қолдау көрсетілетін аудио пішім таратылым бағдарламасына қарай әр түрлі болуы мүмкін.

 Бұл функцияға сандық арналарда ғана қолжетімді.

## TVkey интерфейсі мәзірлерін көрсету

 >  **Параметрлер** > **Тарату** > **Маман параметрлері** > **TVkey интерфейсі**

Келесі функцияларды пайдалануға болады:

- **TVkey мәзірі:** TVkey торап мәзірін көрсетіңіз.
- **Теледидар қызметін жою:** Жою үшін TVkey операторының тізімін көрсетіңіз.


 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## Сандық мәтінді оқу

 >  **Параметрлер** > **Тарату** > **Маман параметрлері** > **Цифрлық мәтін (MHEG)**

Мәтін мен мультимедиа мазмұнын қатар қамтитын бағдарламаны көргенде осы функцияны пайдалануға болады.

 Бұл функция тек Ирландияда ғана қолданылады.

 Мультимедиа мен гипермедиа ақпаратын кодтайтын мамандар тобы (MHEG) мультимедиа мен гипермедиада қолданылатын дерек кодтау жүйелерінің халықаралық стандарты болып табылады. Бұл MPEG жүйесіне қарағанда жоғары деңгейдегі, гипермедиаға байланысты мәліметтерді, мысалы, фотосуретті, нышандар қызметі, жандандыру, сызбалық және бейнефайлдарды, сондай-ақ мультимедиа деректерін беруге арналған жүйе болып табылады. MHEG - пайдаланушыларға ағымдық нақты уақытта бір-бірімен қатынас жасауға мүмкіндік беретін әр түрлі салаларда, соның ішінде Сұраныс бойынша видео (VOD), интерактивті ТД (ITV), электрондық коммерция (EC), телеоқыту, телеконференция, сандық кітапхана және желілік ойындар сияқты салаларда қолданылатын технология.

# Сурет және Дыбыс


Сурет пен дыбыс параметрлерін өз қалауыңызға сай өзгерте аласыз.

## Зерделі режим қызметін пайдалану

Теледидарға бұдан былай сізге теледидар көрудің жаңа мүмкіндіктерін ұсыну үшін қоршаған орта мен сіз көретін мазмұндарға талдау жасауға мүмкіндік беріңіз.

 >  **Параметрлер** > **Жалпы** > **Зерделі режим параметрлері**

**Зерделі режим** режимінде теледидар қоршаған ортаны, дыбысты, мазмұнды және сіздің теледидарды қолдану ерекшеліктеріңізге талдау жасап, сізге барынша сай келетін ұсыныстар жасайды. Төмендегі опцияларды қосуға немесе сөндіруге болады. Теледидар көруге лайық ортаны қалыптастыруға болады.


 Бұл функцияға тек QLED теледидарларында (43Q7\*A/50Q7\*A, Q6\*A/Q5\*A сериясын және The Frame режимін қоспағанда) қолдау көрсетіледі.

- **Зерделі режим**

Мазмұнды, пайдалану үлгілерін және теледидар маңайындағы қоршаған ортаны тану есебінен қарау сапасын жақсартады.


- **Бейімделетін сурет**

Жарық деңгейін оңтайлы етіп, бөлмеңіздегі жарық пен көріп отырған мазмұныңызға қарай нақты уақытта ең тамаша сурет сапасын береді.

 Бұл функцияға кейбір режимде немесе қолданбаларда қолдау көрсетілмеуі мүмкін. (Мысалы, **Ambient Mode**, **Графикалық сурет** режимі және **Ойын режимі**)

- **Белсенді дыбысты күшейткіш**

Қоршаған ортадағы шуылды талдап, оған сәйкес оңтайлы дыбыс береді.

 Теледидардың дыбыс датчигі қосылғанда және дыбыс шығысы **Тлд динамигі** параметріне орнатылғанда немесе **Бейімделетін сурет** функциясымен қосылған Samsung саундбары байланысқан кезде ғана, осы функция жұмыс істейді. Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты дыбыс датчигінің орналасқан жері өзгеше болуы мүмкін.





 Осы функцияны пайдалану кезінде теледидар деректерді сақтамайды.

 Бұл функцияға кейбір режимдерде (мысалы **Ойын режимі**) немесе қолданбаларда қолдау көрсетілмеуі мүмкін.








## – Бейімделетін дыбыс+

Көру кеңістігі мен мазмұнның акустикалық компоненттеріне талдау жасау арқылы оңтайландырылған дыбыс сапасын ұсынады.

-  Бұл функцияны тек теледидардың астыңғы жағындағы дыбыс датчигі белсенді болса және дыбыс шығысы **Тлд динамигі** етіп бапталса ғана пайдалануға болады.
-  Осы функцияны пайдалану кезінде теледидар деректерді сақтамайды.
-  Бұл функцияға кейбір режимде немесе қолданбаларда қолдау көрсетілмеуі мүмкін. (Мысалы, **Ambient Mode**, **Ойын режимі**, **Графикалық сурет** режимі және теледидар дыбысын басқаратын қолданбалар)
-  Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## – Бапталатын дыбыс деңгейі

Теледидар көріп отырғанда дыбыс деңгейінің белгілі деңгейіне автоматты түрде қойылады. Теледидар қолданбаны немесе сыртқы сигнал көзін пайдаланғанда дыбыс деңгейін автоматты түрде реттеу үшін белгілі бір уақыт аралығында дыбысты қалай пайдаланғаныңызды оның тарихына сүйеніп талдайды.

-  Бұл функция теледидардан шығатын дыбыс **Тлд динамигі** қалпына қойылып тұрса ғана жұмыс істейді.
-  Бұл функцияға кейбір қолданбаларда немесе сыртқы құрылғыларда қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
-  Бұл функцияның жұмысы **Авт. дыб деңг.** функциясына әсер етеді, бірақ керісінше емес.
-  Бұл функция дыбысты пайдалану тарихыңызға сүйеніп жұмыс істейді және белгілі уақыт аралығында пайдаланылған дыбыс ақпараты жеткіліксіз болса, онда жұмыс істемеуі мүмкін.
-  Осы функция анықтаған айырмашылық қазіргі дыбыс пайдалану көлемінен +/- 5 аспайды және бұл функция 40 шамасынан асқан ағымдық дыбысқа өзгеріс енгізбейді.


# Сурет сапасын реттеу

Сурет режимі параметрін өзгертіңіз және Маман параметрлері реттеңіз.

## Сурет режимін таңдау

 >  **Параметрлер** > **Сурет** > **Сурет режимі** [Қазір көру](#)

Ең жақсы көрсетілімді қамтамасыз ететін **Сурет режимі** режимін таңдауға болады.

 Сыртқы құрылғы атауын компьютер режимінде компьютерге ауыстырған кезде ғана **Көңіл көтеру** және **Графикалық** режимдеріне қолдау көрсетіледі.

- **Динамика.**

Жарқын көру ортасында суретті ашық және мөлдір етеді.

- **Стандартты**

Жалпы қарау орталарында пайдалануға болатын әдепкі режим болып табылады.

- **Табиғи**

Теледидарды қарау ыңғайлы болуы үшін көздің ширығуын азайтады.


- **Фильм**

Қараңғы бөлмеде теледидарды немесе фильмдерді қарау үшін қолайлы.

- **FILMMAKER MODE**

Түпнұсқа мазмұнды (мысалы, бейнефильмді) өзгеріссіз көре аласыз. **FILMMAKER MODE** ретінде анықталған кескін, теледидар көріп отырғанда автоматты түрде **FILMMAKER MODE** режиміне ауысады.

 **FILMMAKER MODE** басқа сурет режимдеріне қарағанда күңгірт болып көрінуі мүмкін.

 **FILMMAKER MODE** режимін басқа **Сурет режимі** режиміне өзгерте аласыз. Алайда, **Сурет режимі** режиміндегі өзгеріс **FILMMAKER MODE** режимі анықтаған суретті көргеннен кейін де сақталады.

 **FILMMAKER MODE™** логотипі UHD Alliance Inc. компаниясының сауда белгісі болып табылады.

## Кеңейтілген сурет параметрлерін теңшеу

 >  **Параметрлер** > **Сурет** > **Маман параметрлері** [Қазір көру](#)

Келесі функцияларды пайдаланып экран параметрлерін қалауыңызға сай теңшеңіз.

- **Ашықтық** [Қазір көру](#)
- **Контраст** [Қазір көру](#)
- **Айқындық** [Қазір көру](#)
- **Түс** [Қазір көру](#)
- **Реңк (Ж/Қ)** [Қазір көру](#)
- **Сурет параметрлерін қолдану** [Қазір көру](#)
- **Сурет анықтығының параметрлері** [Қазір көру](#)
  - ✎ **LED Clear Motion** функциясын **Қосу** қалпына қойғанда, экран **Сөндіру** қалпында тұрған кездегіге қарағанда күңгірттеу көрінеді.
- **Жергілікті жарықты реттеу**

Контрастыны автоматты түрде арттыру үшін экранның жекелеген тұстарындағы жарықтықты реттеңіз.

  - ✎ Бұл функция **Стандартты**, **Жоғ-ы** және **Төм.** күйлеріне қолдау көрсетеді. **Стандартты** күйінде сурет сапасын реттеу үшін қоршаған орта жарықтығы анықталады.
  - ✎ Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
- **Контрасты арттырғыш** [Қазір көру](#)
- **Фильм режимі** [Қазір көру](#)
  - ✎ Бұл функция кіріс сигналы теледидар немесе HDMI болса ғана жұмыс істейді.
- **Түс реңкі** [Қазір көру](#)
- **Ақ түс балансы** [Қазір көру](#)
- **Гамма** [Қазір көру](#)
- **Көлеңке бөлшегі** [Қазір көру](#)
- **Тек RGB режимі** [Қазір көру](#)
- **Түс кеңістігі параметрлері** [Қазір көру](#)
- **Сур. з.мән-н кел-у** [Қазір көру](#)




# Сыртқы құрылғылар үшін қарау ортасы параметрлерін орнату










Теледидарды белгілі бір бейне пішімдерді қарау үшін оңтайлауға болады.

## Оңтайландырылған экранда ойындар ойнау

 >  **Параметрлер** > **Жалпы** > **Сыртқы құрылғы менеджері** > **(Ойын режимі параметрлері)** > **Ойын режимі**

Ойын мүмкіндіктері көбірек болуы үшін, теледидар экранын оңтайландыру мақсатында **Ойын режимі** параметрін орнатуға болады.

PlayStation және Xbox сияқты ойын консолін жалғаған кезде, **Ойын режимі** параметрі **Авт-ы** режиміне орнатылады. Компьютер сияқты басқа ойын көзін қосқан кезде, **Ойын режимі** параметрін жоғарыда көрсетілген жол бойынша **Қосу** күйіне орнатыңыз. Сондай-ақ ойын режимін Бірінші экран экранынан ( >  **Параметрлер** > жоғары меңзер түймесі > **Ойын режимі** ) тез орнатуға болады.

-  Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
-  Бұл ойын режимі қалыпты ТД қарау режимінде жұмыс істемейді.
-  Экран шамалы дірілдеуі мүмкін.
-  Samsung Smart қашықтан басқару пульті құрылғысындағы  түймесін **Ойын режимі** режимінде 1 секундтан артық басып тұрсаңыз, **Ойын тақтасы** пайда болады. Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
-  **Ойын режимі** іске қосылған кезде, **Сурет режимі** және **Дыбыс режимі** автоматты түрде **Ойын** режиміне ауысады. **Дыбыс режимі** режимі **Дыбыс шығысы** мәзіріндегі таңдалған аудио құрылғыға байланысты автоматты түрде қосылмауы мүмкін.
-  **Ойын режимі** параметрі **Қосу** қалпына қойылса, кейбір функцияларға қолжетімсіз.
-  Осы портты басқа сыртқы құрылғы үшін пайдаланғыңыз келсе ойын құрылғысын ағытып, **Ойын режимі** параметрін **Сөндіру** қалпына қойып, сыртқы құрылғыны портқа жалғаңыз.
-  Nintendo Switch™ үшін қолданылған **Ойын режимі** функциялары алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

## Ойын режимі параметрлерін толық орнату

 >  [Параметрлер](#) > [Жалпы](#) > [Сыртқы құрылғы менеджері](#) > [Ойын режимі параметрлері](#)

 Бұл функциялар құрылғының үлгісіне немесе географиялық өңірге байланысты жұмыс істемеуі мүмкін.

- [Көлемдік дыбыс](#)

Ойын үшін оңтайландырылған қарқынды, үш өлшемді дыбысты пайдалану арқылы ойыннан алатын әсерді барынша тереңдетуге болады.

- [Динамикалық қара эквалайзер](#)

Көрсету мүмкіндігін арттырып, нысандардың детальдарын жақсарту арқылы, қараңғы сахна түстерін бұлыңғырлатпай, жарық экрандардың жарығын күшейтпей-ақ қараңғы бұрыштарда жасырынып жатқан заттар немесе жасырын қарсыластарды оңай анықтай аласыз.

- [Ойын Motion Plus параметрлері](#)




Ойын Motion Plus параметрлерін конфигурациялауға болады.

 Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- [Ойын HDR](#)

Бұл HGiG (HDR Gaming Interest Group) стандартына сәйкес контент жарықтылығының негізінде HDR ойындары үшін оңтайлы сурет сапасын орнатады.

 HDR көздері Ойын режимі тәртіптемесіне қосылғанда, бұл мәзір іске қосылады.





 [Ойын HDR](#) кіріс жолы кейбір үлгілерде әртүрлі болуы мүмкін. ( >  [Параметрлер](#) > [Жалпы](#) > [Сыртқы құрылғы менеджері](#) > [Ойын HDR](#))

## Кіріс сигналын ұзарту қызметін пайдалану

 >  **Параметрлер** > **Жалпы** > **Сыртқы құрылғы менеджері** > **Кіріс сигналын ұзарту**

[Қазір көру](#)

HDMI қосылымдары үшін кіріс сигналының ауқымын ұзартады.

-  **Кіріс сигналын ұзарту** функциясымен бірге пайдаланғыңыз келген HDMI қосқышын таңдағыңыз келсе, Таңдау түймесін басып **Кіріс сигналын ұзарту** функциясын **Қосу** қалпына қойыңыз, теледидар экраны дірілдеуі мүмкін.
-  Теледидарды тек UHD 24 немесе UHD 30 Гц жиіліктегі немесе кез келген FHD жиілігін қолданатын сыртқы құрылғыға жалғаған кезде, **Кіріс сигналын ұзарту** функциясы жұмыс істемеуі мүмкін. Мұндай жағдайда **Кіріс сигналын ұзарту** функциясын сөндіріңіз.
-  Қолдау көрсетілетін UHD ажыратымдылықтарына қатысты толық ақпаратты "UHD кіріс сигналдары үшін қолданылатын ажыратымдылықтар" тармағынан қараңыз.
-  Қолдау көрсетілетін 8K ажыратымдылықтарына қатысты толық ақпаратты "Қолданылатын бейне-кодектер (QN7\*\*A сериясы немесе одан кейінгі)" тармағынан қараңыз.

## HDMI қара деңгейін пайдалану

 >  **Параметрлер** > **Жалпы** > **Сыртқы құрылғы менеджері** > **HDMI қара деңгейі** [Қазір көру](#)

Теледидарға HDMI кабелі арқылы жалғанған сыртқы құрылғылар шығаратын төмен қара деңгейлерді, төмен контрастылықты немесе көмескі түстерді теңгеру үшін HDMI қара деңгейі пайдаланыңыз.

-  Бұл функция теледидарға HDMI қосқышы арқылы қосылған кіріс сигналы RGB444 қалпына қойылған кезде ғана жұмыс істейді.






## Суретке қолдау көрсететін функциялар

ТД үшін сурет параметрлерін теңшеңіз.

### Сурет ішіндегі суретті (PIP) қарау

 >  **Параметрлер** > **Сурет** > **PIP**

Blu-ray ойнатқышы сияқты сыртқы құрылғыдан басты экранда бейнефайл қарап отырып, теледидар хабарын сурет ішіндегі сурет (PIP) терезесінен қарай аласыз.


-  Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
-  PIP функциясы Smart Hub қосулы тұрғанда жұмыс істемейді.
-  Негізгі экранда ойын ойнау немесе караоке функциясын қолданса, PIP суретінің сапасы төмендейді.
-  PIP функциясы келесі жағдайларда ғана жұмыс істейді: 1) Басты экранның сигнал көзі HDMI қосылымы болып табылады. 2) Негізгі экранның кіріс ажыратымдылығы – FHD (Full HD) немесе одан аз.
-  PIP терезесі сандық арналарға ғана қолдау көрсетеді және UHD арналарына қолдау көрсетпейді.

## Сурет өлшемі параметрін өзгерту

 >  **Параметрлер** > **Сурет** > **Сурет өлшемінің параметрлері** [Қазір көру](#)

- **Сурет өлшемі** [Қазір көру](#)

Теледидар экранында көрсетілетін суреттің өлшемін **16:9 Стандарт**, **Таңдаулы** немесе **4:3** қалпына өзгерте аласыз.

 Кіріс сигналына қарай қолдау көрсетілетін сурет өлшемдері әр түрлі болады. Қолданылатын сурет өлшемдері туралы толық ақпаратты "[Суреттің өлшемдері және кіріс сигналдары](#)" тарауынан қараңыз.

- **Авто кең-у** [Қазір көру](#)

Сурет өлшемін автоматты түрде өзгертіңіз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **4:3 Бейнебет көлемі** [Қазір көру](#)


ТД-ды **4:3** немесе **Бейн-ке бейімдеу** режимінде қарап отырып, өз географиялық өңіріңізге сәйкес келетін сурет режимін таңдауға болады. Қолдау көрсетілетін экран өлшемі елге байланысты әр түрлі болуы мүмкін және бұндай жағдайда осы функция суреттің өлшемін өзгертуге мүмкіндік береді.

 Сыртқы құрылғы ТД-ға Компонент немесе HDMI ұяшығы арқылы қосылған кезде **4:3** режиміне қолжетімсіз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Бейн-ке бейімдеу** [Қазір көру](#)

Суретті экранға сыйдырыңыз.

 **Сурет өлшемі** параметріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

 Тарату сигналдарына қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Масштабтау және позиция** [Қазір көру](#)

Суреттің өлшемін және/немесе орнын реттеңіз.

 Бұл функция **Сурет өлшемі** параметрі **Таңдаулы** қалпына қойылғанда жұмыс істейді.

 Аналогты арналардағы суреттің орнын өзгерту үшін әуелі суретті үлкейтіп, содан кейін орнын өзгертіңіз.

 Бұл функцияларға **Samsung TV Plus** немесе басқа қолданбаларда қолжетімсіз болуы мүмкін.



## Дыбыс режимі және Маман параметрлері конфигурациялау

Дыбыс режимі параметрін өзгертіңіз және Маман параметрлері реттеңіз.

### Дыбыс режимін таңдау

 >  **Параметрлер** > **Дыбыс** > **Дыбыс режимі** [Қазір көру](#)

Мазмұн түрі мен тыңдау ортасы бойынша өзіңіз қалаған қолданыстағы дыбыс режимін таңдай аласыз.

 Сыртқы құрылғы жалғанған жағдайда, **Дыбыс режимі** сәйкесінше өзгеруі мүмкін.

 Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

### Кеңейтілген дыбыс параметрлерін теңшеу

 >  **Параметрлер** > **Дыбыс** > **Маман параметрлері** [Қазір көру](#)

Келесі параметрлерді реттеу арқылы дыбыс сапасын өзіңізге бейімдей аласыз.

- **Баланс** [Қазір көру](#)

- **Эквалайзер** [Қазір көру](#)

 Бұл **Бейімделетін дыбыс+** функциясы қосулы тұрғанда жұмыс істемейді.

 Бұл функция **Дыбыс режимі** функциясы **Бапталатын дыбыс**, **Ойын** немесе **Үдету** деп орнатылғанда жұмыс істемейді.

 Бұл функцияның атауы мен сипаттары жалғанған сыртқы құрылғыға қарай әр түрлі болуы мүмкін.

- **HDMI-eARC режимі**


eARC протоколын HDMI-eARC арқылы қолданатын дыбыс құрылғысын жалғауға болады. Құрылғыны жалғау барысында дыбыс уақытша өшіп қалады.

- **Цифрлық шығыс аудио пішімі** [Қазір көру](#)

Сандық дыбыс шығысының пішімін таңдаңыз. Егер "Авто" опциясын таңдасаңыз, дыбыс құрылғысы қолдау көрсетілетін форматта автоматты түрде шығады.

Егер **Тікелей тасымалдау** параметрін таңдасаңыз, дыбыстық деректер өңделместен шығарылады.

- **Цифрлық шығыс аудио кідірісі** [Қазір көру](#)

 Бұл функция сыртқы құрылғы HDMI (eARC) және SPDIF (Sony Philips Digital Interface) арқылы жалғанған кезде ғана жұмыс істейді..

 Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Dolby Atmos үйлесімділігі** [Қазір көру](#)

Теледидарды сыртқы құрылғылардан келетін Dolby Digital+ with Atmos стримдерге рұқсат беретін етіп баптауға болады.

**Қосу** қалпына қойыңыз, егер HDMI (eARC) арқылы қосылған аудио құрылғы Dolby Atmos-қа қолдау көрсетсе. Осы функцияны қосқанда немесе сөндіргенде теледидар дірілдеуі мүмкін.

 Егер осы функция қосулы болса, **Цифрлық шығыс аудио пішімі** параметрін **Авт-ы** қалпына қойыңыз.

- **Авт. дыб деңг.** [Қазір көру](#)

Арналарды ауыстырғанда немесе басқа сыртқы кіріс көздеріне ауысқанда дыбысты белгілі бір деңгейге дейін автоматты түрде реттейді.

- **Дыбыстық сигналдар** [Қазір көру](#)

Мәзірді басқару немесе опцияны таңдау кезінде, хабарландыру дыбысы ойнатылады.

- **Дыб. қал. келт.** [Қазір көру](#)

 Стандартты аудио сигналдар 48 кГц түрінде, HD аудио сигналдары 96 кГц түрінде тасымалданады.

 Кей SPDIF ресиверлері HD аудио пішімімен қолдау көрсетпеуі мүмкін.


# Дыбысқа қолдау көрсету функцияларын пайдалану

ТД үшін дыбыс параметрлерін теңшеңіз.

## Үндеткіштерді таңдау


 >  **Параметрлер** > **Дыбыс** > **Дыбыс шығысы** [Қазір көру](#)



ТД-дан шығатын дыбыс естілетін үндеткішті таңдауға мүмкіндік береді.

 Сыртқы дыбыстағыштар Samsung Smart қашықтан басқару пульті көмегімен басқарылмауы мүмкін. Сыртқы дыбыстағыш қосылғанда кейбір дыбыс мәзірлеріне қолжетімсіз.


Samsung теледидарында Q-Symphony функциясы қолданылады.

 Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.


 Бұл функцияға The Frame 43LS03A тігінен қолданған кезде қолжетімсіз. Құрылғыны көлденеңінен пайдалану үшін функцияны қайта орнатыңыз.


- Бұл функция Q-Symphony функциясы қолданылатын Samsung дыбыс бағанымен синхронды түрде жұмыс істейді, сөйтіп, теледидар үндеткіші мен дыбыс бағаны дыбысты бір мезгілде қатар шығарып, керемет қоршаған дыбыс әсерін береді.
- Q-Symphony функциясы қолданылатын Samsung дыбыс бағаны жалғанғанда, “Теледидар + Дыбыс құрылғысы” сияқты мәзір атауы **Дыбыс шығысы** ( >  **Параметрлер** > **Дыбыс** > **Дыбыс шығысы**) астында пайда болады. Мәзірді таңдаңыз.

Мәзір атауының үлгісі) Теледидар + [Аудио-бейне] дыбыс бағанының сериялық атауы (HDMI) немесе Теледидар + Оптикалық

 Ол теледидарда қолданылатын Codec негізінде жұмыс істейді. Codec туралы толығырақ ақпаратты “Фотосурет, бейне немесе саз файлдарын ойнату алдында оқыңыз.” тарауынан қараңыз.

 Бұл функция тек HDMI немесе оптикалық сым арқылы жалғанған кезде ғана қолданылады.

 Бұл функция тек 2021 жылы шығарылған Samsung теледидарлары мен кейбір дыбыс бағандарында қолданылады.


 Дыбыс құрылғысын теледидарға жалғаған кезде оның пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.

## ТД-ды Bluetooth құралдары арқылы тыңдау

 >  **Параметрлер** > **Дыбыс** > **Дыбыс шығысы** > **Bluetooth динамиктер тізімі**

Bluetooth аудио құрылғыларын ТД-ға қосуға болады. Оларды ТД-дың Bluetooth функциясымен жұптастыру керек. Аудио құрылғыңыздың пайдаланушы нұсқаулығынан Bluetooth дыбыстағышын, дыбыс құралын және құлаққаптарды қосу мен пайдалану туралы егжей-тегжейлі мәліметтерді қараңыз.

 ТД Bluetooth аудио құрылғысын таба алмаса, құрылғыны ТД-ға жақынырақ қойыңыз да, содан кейін **Жаңарту** пәрменін таңдаңыз.

 Жұптастырылған Bluetooth аудио құрылғысын қоссаңыз, ТД оны автоматты түрде анықтайды да, содан кейін қалқымалы терезе көрсетіледі. Bluetooth аудио құрылғысын қосу/сөндіру үшін осы қалқымалы терезені пайдаланыңыз.

 Дыбыстың сапасына Bluetooth қосылымының қалып-күйі әсер етуі мүмкін.





 Bluetooth дыбыс құрылғысын пайдалану алдында “Bluetooth құралдарын пайдалану алдында оқыңыз” ақпаратымен танысыңыз.

## Теледидарды Wi-Fi функциясына қолдау көрсететін Samsung аудио құрылғысы арқылы тыңдау

 >  **Параметрлер** > **Дыбыс** > **Wi-Fi көлемдік динамигін орнату** [Қазір көру](#)

Егер теледидарға бір немесе бірнеше Wi-Fi функциясын қолдайтын Samsung сымсыз аудио құрылғысын жалғасаңыз, қоршаған әсер параметрлерін бейімдеу арқылы оңтайлы дыбыс параметрлерін жасай аласыз. Қоршаған дыбыс әсері конфигурацияларының кез келгенін, дыбыс құралымен немесе құралынсыз таңдауға болады.

Қоршаған дыбыс конфигурациясын төмендегі талаптардың барлығы орындалса пайдалануға болады:

- Екі немесе одан көп, бір түрге жататын Samsung сымсыз дыбыстағыштарын бір сымсыз желіге қосу керек.
- Wi-Fi функциясын қолдайтын Samsung аудио құрылғыларын теледидар қосулы тұрған сымсыз желіге қосу керек.
-  Wi-Fi функциясына қолдау көрсететін Samsung аудио құрылғысын пайдалануға және оны қосуға қатысты ақпаратты сол құрылғының пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.
-  Құрылғы түріне қарай дыбыс құралы қолданылатын қоршаған дыбыс конфигурацияларына қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
-  Wi-Fi функциясын қолдайтын Samsung аудио құрылғыларын пайдалану барысында Экранның айналық көшірмесі функциясын қоссаңыз, Wi-Fi қосылымы ажырайды.
-  Құрылғының түріне қарай бейне және аудио синхрондауда сәйкес келмеушіліктер пайда болуы мүмкін.

# Жүйе және Қолдау

Жүйені және сағат, таймер, қуат пайдалану және бағдарламалық жасақтаманы жаңарту т.с.с. тәрізді қолдау параметрлерін конфигурациялауға болады.

## Уақыт функциялары мен таймерлерді пайдалану

Қазіргі уақытты орнатыңыз және таймер функциясын пайдаланыңыз.

 >  **Параметрлер** > **Жалпы** > **Жүйе реттегіші** > **Уақыт** [Қазір көру](#)


**Сағат** қолмен немесе автоматты түрде орнатуға болады. **Сағат** орнатылған кезде, ТД-дан кез келген уақытта ағымдағы уақытты қарай аласыз.

Сағатты келесі жағдайларда орнату керек:


- Қуат кабелі ағытылып, қайта қосылған болса.
- **Сағат режимі** параметрі **Авт-ы** қалпынан **Қолмен** қалпына өзгертілсе.
- Теледидар Интернетке қосылмай тұрса.
- Ешбір бағдарлама сигналы алынбаса.

## Сағатты автоматты түрде орнату

 >  **Параметрлер** > **Жалпы** > **Жүйе реттегіші** > **Уақыт** > **Сағат** > **Сағат режимі** > **Авт-ы**

 Бұл функция теледидар интернетке қосылып тұрса немесе қосылып тұрған антенна арқылы бағдарлама сигналын қабылдап тұрса ғана жұмыс істейді.

 Алынған уақыт ақпаратының дәлдігі арнаға және сигналға байланысты әр түрлі болуы мүмкін.

 Егер теледидар сигналы HDMI немесе Құралас портқа жалғанған кабель ресивері/қабылдағыш немесе жерсерік ресивері/жерсерік қорапшасы арқылы келсе, ағымдық уақытты қолмен орнату керек.

## Сағатты күндізгі уақытқа ауыстыру және уақыт белдігін реттеу

 >  [Параметрлер](#) > [Жалпы](#) > [Жүйе реттегіші](#) > [Уақыт](#) > [Сағат](#) > [Уақыт белд.](#)

Жазғы уақытқа көшу және жергілікті уақыт белдеуін орнату арқылы дұрыс уақытты орнатады.

 Бұл функция [Сағат режимі](#) функциясы [Авт-ы](#) режимге қойылғанда ғана жұмыс істейді.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- [GMT](#)

Орташа гринвич уақытын (GMT) орнатыңыз.


- [ЖУ](#)

Жазғы уақытты (DST) автоматты түрде реттейді.

## Ағымдық уақытты өзгерту

 >  [Параметрлер](#) > [Жалпы](#) > [Жүйе реттегіші](#) > [Уақыт](#) > [Сағат](#) > [Уақыт ауытқуы](#)

[Уақыт ауытқуы](#) уақытты желі қосылымы арқылы реттейді.

 Бұл функцияға [Сағат режимі](#) параметрін [Авт-ы](#) қалпына қойғанда ғана қол жетімді, теледидар әдепкі бағдарлама таратылымдарынан уақыт туралы ақпарат ала алмайды және теледидар интернетке жергілікті желі арқылы қосылып тұрады.

## Сағатты қолдан орнату

 >  **Параметрлер** > **Жалпы** > **Жүйе реттегіші** > **Уақыт** > **Сағат** > **Сағат режимі** > **Қолмен**

**Сағат режимі Қолмен** күйіне орнатылған кезде, ағымдағы күн мен уақытты тікелей енгізуге болады. Қашықтан басқару пультіндегі меңзер түймелерін қолданып **Күн** және **Уақыт** таңдаңыз. Қуат үзіліп, қайта берілсе, **Күн** және **Уақыт** параметрлері бастапқы қалпына келіп, **Қосатын таймер** өшеді. Олардың параметрлері қайта белгіленген кезде, **Қосатын таймер** іске қосылады.

## Ұйқы таймерін қолдану

 >  **Параметрлер** > **Жалпы** > **Жүйе реттегіші** > **Уақыт** > **Ұйқы таймері**

Бұл функцияны алдын ала орнатылған уақыт өткен кезде теледидарды автоматты түрде өшіру үшін пайдалануға болады. Ұйқы таймерін теледидарды 180 минуттан кейін сөндіретін етіп, осы уақытқа қоюға болады.




 Кейбір көру режимдерінде бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## ТД-ды таймерді пайдаланып қосу

 >  **Параметрлер** > **Жалпы** > **Жүйе реттегіші** > **Уақыт** > **Қосатын таймер**

ТД-ды белгілі бір уақытта автоматты түрде қосу үшін **Қосатын таймер** функциясын орнатуға болады. **Қосатын таймер** функциясы тек **Сағат** функциясы бапталған болса ғана жұмыс істейді. Ол сондай-ақ **Сағат режимі Авт-ы** күйіне орнатылған кезде және желі не телевизия тюнері жалғанған кезде қолжетімді болады.




 Бұл функцияны пайдалану үшін әуелі **Сағат** ( >  **Параметрлер** > **Жалпы** > **Жүйе реттегіші** > **Уақыт** > **Сағат**) параметрін орнатыңыз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## ТД-ды сөндіру таймерін пайдаланып сөндіру

 >  **Параметрлер** > **Жалпы** > **Жүйе реттегіші** > **Уақыт** > **Өшіретін таймер**

Теледидарды белгілі бір уақытта автоматты түрде өшетін ету үшін **Өшіретін таймер** орнатуға болады. **Өшіретін таймер** функциясы тек **Сағат** функциясы бапталған болса ғана жұмыс істейді.

 Бұл функцияны пайдалану үшін әуелі **Сағат** ( >  **Параметрлер** > **Жалпы** > **Жүйе реттегіші** > **Уақыт** > **Сағат**) параметрін орнатыңыз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

# Қуатты және энергияны үнемдеу режимі функцияларын қолдану

ТД пайдаланатын қуатты азайтыңыз.

## ТД пайдаланатын қуатты азайту


 >  **Параметрлер** > **Жалпы** > **Қуатты және энергияны үнемдеу режимі** [Қазір көру](#)

Қуат параметрлерін және басқа қуат үнемдеу опцияларын өзгерту арқылы пайдаланылатын қуатты азайтыңыз.

- **Ашықтықты оңтайландыру** [Қазір көру](#)



Қоршаған орта жарығының деңгейіне негізделіп, суреттің ашықтығын автоматты түрде реттеу.

 Бұл **Бейімделетін сурет** функциясы қосулы тұрғанда жұмыс істемейді.

 Қоршаған орта жарықтығын басқару функциясы бұл теледидарда әдепкі бойынша қосылады. Қоршаған орта жарықтығын басқару функциясын өшіру үшін параметрлер мәзірінде **Ашықтықты оңтайландыру** параметрін **Сөндіру** күйіне, ал **Жергілікті жарықты реттеу** параметрін **Жоғ-ы** күйіне орнатыңыз. Қоршаған орта жарықтығын басқару функциясын қосу үшін параметрлер мәзірінде **Ашықтықты оңтайландыру** параметрін **Қосу** күйіне, ал **Жергілікті жарықты реттеу** параметрін **Стандартты** күйіне орнатыңыз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Ең төмен ашықтық** [Қазір көру](#)

**Ашықтықты оңтайландыру** қосылып тұрғанда, теледидар экранының ең кіші жарықтылығын қолдан реттеуге болады. Бұл функция тек бұл мән  >  **Параметрлер** > **Сурет** > **Маман параметрлері** > **Ашықтық** тармағындағы параметрден кем болғанда ғана жұмыс істейді.

 Бұл **Бейімделетін сурет** функциясы қосулы тұрғанда жұмыс істемейді.

- **Ашықтықты азайту** [Қазір көру](#)


Ашықтық баптауларын дұрыстап, электр қуатын тұтынуды азайтыңыз.

 Бұл **Бейімделетін сурет** функциясы қосулы тұрғанда жұмыс істемейді.



- **Қимыл жарығ. арт-у** [Қазір көру](#)

Пайдаланылатын қуат мөлшерін азайту үшін экрандағы қозғалыстарға қарай жарықтылықты реттейді.

 Бұл функция [Бейімделетін сурет](#) немесе [Ойын режимі](#) функциясы қосылған кезде жұмыс істемейді.

- **Бейнебет қалқымасы** [Қазір көру](#)

Теледидар қозғалыссыз суретті екі сағат бойы немесе одан ұзақ уақыт көрсеткенде экран сақтағышты қосыңыз.

- **Қуат. авто ө.** [Қазір көру](#)

Теледидарды басқарушы мен қашықтан басқару пульті белгіленген уақыт ішінде пайдаланылмаса, қуат босқа шығындалмас үшін теледидарды автоматты түрде өшіреді.

- **Қолжетімді қашықтан басқару пультінің батареясы**

Samsung Smart қашықтан басқару пульті пультінде қалған батарея зарядын тексеруге болады.

 Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## Теледидардың бағдарламалық жасақтамасын жаңарту

Теледидардың бағдарламалық жасақтама нұсқасын қарап шығып, қажет болса, жаңарту.

⚠ Жаңарту аяқталғанша теледидарды қуат көзінен АҒЫТПАҢЫЗ. Бағдарламалық жасақтама жаңарғаннан кейін ТД автоматты түрде сөнеді де, қайта қосылады. Бағдарламаық жасақтама жаңартылғаннан кейін бейне және аудио параметрлері әдепкі мәндеріне қайта оралады.

 >  [Параметрлер](#) > [Қолдау](#) > [Бағдарламалық қамт-ды жаңарту](#) [Қазір көру](#)

### Интернет арқылы жаңарту


 >  [Параметрлер](#) > [Қолдау](#) > [Бағдарламалық қамт-ды жаңарту](#) > [Қазір жаңарту](#) [Қазір көру](#)

 Интернет арқылы жаңарту үшін Интернетке қосулы болу қажет.



### USB құрылғысы арқылы жаңарту

 >  [Параметрлер](#) > [Қолдау](#) > [Бағдарламалық қамт-ды жаңарту](#) > [Қазір жаңарту](#)

Samsung веб-сайтынан жаңарту файлын жүктеп алып, оны USB құрылғысында сақтағаннан кейін, жаңарту үшін USB құрылғысын теледидарға жалғаңыз.

 USB құрылғысын пайдаланып жаңарту үшін компьютеріңізге Samsung.com жаңарту пакетін жүктеп алыңыз. Жаңарту бумасын USB құрылғысының жоғары деңгейдегі қалтасына сақтаңыз. Себебі, ТД жаңартылымды таба алмайды.

### ТД-ды автоматты түрде жаңарту

 >  [Параметрлер](#) > [Қолдау](#) > [Бағдарламалық қамт-ды жаңарту](#) > [Автоматты жаңарту](#) [Қазір көру](#)

ТД интернетке қосылып тұрса, ТД қарап отырған кезде ТД-дың бағдарламалық жасақтамасын интернеттен автоматты түрде жаңартатын етіп баптауға болады. Фондық жаңарту аяқталғаннан кейін ол теледидар келесі жолы тоққа қосылғанда қолданылады.

Smart Hub шарттары мен талаптарына келісім бергенде [Автоматты жаңарту](#) параметрі автоматты түрде [Қосу](#) қалпына қойылады. Егер бұл функцияны сөндіргіңіз келсе Таңдау түймесін басыңыз.

 Егер басқа желілік функция сонымен бір мезгілде жұмыс істеп тұрса, бұл функцияға көбірек уақыт кетуі мүмкін.

 Бұл функцияға интернет қосылымы қажет.

## Көру және есту қабілеттері төмен адамдарға арналған аудио және бейне функциялар




Көру және есту қабілеттері төмен адамдарға арналған функцияларды конфигурациялауға болады.

### Қолжетімділік функцияларын іске қосу

 >  [Параметрлер](#) > [Жалпы](#) > [Арнайы мүмкіндіктер](#) [Қазір көру](#)

### Арнайы мүмкіндіктердің төте жолдары функциясын орындау

[Арнайы мүмкіндіктердің төте жолдары](#) арнайы мүмкіндіктер функцияларына оңай қол жеткізуге мүмкіндік береді. [Арнайы мүмкіндіктердің төте жолдары](#) функциясын экранға шығару үшін  $+/-$  (Дыб дең) түймесін 1 секунд немесе одан көбірек басып ұстап тұрыңыз. [Дауыстық нұсқаулық](#), [Суретті өшіру](#), [Аудио сипаттамасы](#), [Субтитр](#), [Жоғары контраст](#), [Кеңейту](#), [Сұр түс реңктері](#), [Түс инверсиясы](#), [Теледидардың қашықтан басқару құралы туралы ақпарат](#), [Мәзір экранын зерттеу](#), [Көп шығысты аудио](#), [Белгілер тілін масштабтау](#), [Түймені баяу қайталау](#), [Accessibility Settings](#), т.б. функцияларды оңай қосып-өшіре аласыз.

-  Стандартты қашықтан басқару пультінен AD/SUBT. түймесін басыңыз немесе MUTE түймесін басыңыз.
-  Егер тіпті [Дауыстық нұсқаулық](#) функциясы [Сөндіру](#) қалпына қойылса немесе үнсіз режимге орнатылса да, [Арнайы мүмкіндіктердің төте жолдары](#) үшін дауыспен сүйемелдеу қамтамасыз етіледі.
-  Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты жылдам мәзірлер көрсетілмеуі мүмкін.

## Көзі нашар көретін адамдар үшін дауысты нұсқауды қосу


 >  [Параметрлер](#) > [Жалпы](#) > [Арнайы мүмкіндіктер](#) > [Дауыстық нұсқаулық параметрлері](#)

[Қазір көру](#)

Көзі нашар көретін адамдарға мәзір параметрлерін дауыстап айту үшін дауыстық көмекті іске қосуға болады. Бұл функцияны пайдалану үшін [Дауыстық нұсқаулық](#) параметрін [Қосу](#) қалпына қойыңыз.

[Дауыстық нұсқаулық](#) қосұлы тұрғанда теледидар арналарды өзгерту, дыбысты реттеу, қазіргі және келешек бағдарламалар туралы ақпарат алу, бағдарламаны жоспарлау, басқа теледидар функциялары мен [Internet](#) және [Іздеу](#) функциясындағы түрлі мазмұндарға қатысты дыбыстық нұсқаулар береді.

[Дауыстық нұсқаулық](#) тармағына өтіп, содан кейін Таңдау түймесін басып, функцияны қосуға немесе сөндіруге болады.

 [Дауыстық нұсқаулық](#) функциясы теледидарда [Тіл](#) арқылы көрсетілген тілде беріледі. Алайда, кейбір тілдерге [Дауыстық нұсқаулық](#) функциясы, аталмыш тілдер теледидардың [Тіл](#) тізімінде болса да қолдау көрсетпейді. [Ағылшын](#) тілі әрқашан қолданылады.

 Теледидардың [Тіл](#) параметрлеріне қатысты толық ақпаратты "[Мәзір тілін өзгерту](#)" тармағынан қараңыз.

## Дауыстық нұсқаулық функциясының үнділігін, жылдамдығын, ырғағын және теледидар фонының үнділігін өзгерту

Дауыспен сүйемелдеу функциясының [Дыб дең](#), [Жылдамдық](#), [Дыбыс деңгейі](#) және [ТД фондық дыбыс деңгейі](#) параметрлерін баптауға болады.

## Аудио сипаттамасы

 >  [Параметрлер](#) > [Жалпы](#) > [Арнайы мүмкіндіктер](#) > [Аудио сипаттамасының параметрлері](#)

Көзі нашар көретін адамдарға бейнежазбаны дыбыстап сипаттап беретін аудио нұсқаулық функциясын қосуға болады. Бұл функция осындай қызмет көрсететін таратылымдарда ғана бар.

 Бұл функция сандық арналарда ғана жұмыс істейді.

- [Аудио сипаттамасы](#)

Аудио сипаттама функциясын қосады немесе сөндіреді.

- [Аудио сипаттамасының дыбыс деңгейі](#)

Аудио сипаттама үнділігін реттейді.

## Теледидар экраны сөндірілі, бірақ дыбыс естіліп тұр

 >  [Параметрлер](#) > [Жалпы](#) > [Арнайы мүмкіндіктер](#) > [Суретті өшіру](#)

Жалпы қуат тұтыну мөлшерін азайту үшін теледидардың экранын өшіріп, тек дыбысын ғана қалдырыңыз. Экран өшірілі тұрғанда қашықтан басқару пультіндегі Үнділік пен Қуат түймелерінен басқа түймені басқан кезде, теледидар экраны өшеді.

 Географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## Қара фондағы ақ мәтін (жоғары контраст)

 >  [Параметрлер](#) > [Жалпы](#) > [Арнайы мүмкіндіктер](#) > [Жоғары контраст](#) [Қазір көру](#)

Smart Hub өзгертуге және мәзір экрандарын қара фондағы ақ мәтінге ауыстыруға немесе мәтінді оқу оңай болуы үшін теледидардың мөлдір мәзірлерін автоматты түрде күңгірт етіп өзгертуге болады.

 Егер [Жоғары контраст](#) қосулы болса, кейбір [Арнайы мүмкіндіктер](#) мәзірлеріне қолжетімсіз.

## Экранға қара және ақ фонды орнату

 >  [Параметрлер](#) > [Жалпы](#) > [Арнайы мүмкіндіктер](#) > [Сұр түс реңктері](#) [Қазір көру](#)

Теледидар экранының түсін түстердің әсерінен бұлыңғыр тартқан жиектерді айқын көрсету үшін қара және ақ фонға ауыстыруға болады.

 Егер [Сұр түс реңктері](#) қосулы болса, кейбір [Арнайы мүмкіндіктер](#) мәзірлеріне қолжетімсіз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## Экран түсін инверсиялау

 >  [Параметрлер](#) > [Жалпы](#) > [Арнайы мүмкіндіктер](#) > [Түс инверсиясы](#) [Қазір көру](#)

Теледидар экранында көрсетілетін параметр орнату мәзірлеріндегі мәтін мен фонның түсін оқу оңай болу үшін өзгертуге болады.

 Егер [Түс инверсиясы](#) қосулы болса, кейбір [Арнайы мүмкіндіктер](#) мәзірлеріне қолжетімсіз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.


## Қаріпті үлкейту (көзі нашар көретін адамдар үшін)

 >  [Параметрлер](#) > [Жалпы](#) > [Арнайы мүмкіндіктер](#) > [Кеңейту](#) [Қазір көру](#)

Экрандағы қаріптің өлшемін үлкейтуге болады. Іске қосу үшін [Кеңейту](#) режимін таңдап, [Қосу](#) қалпына қойыңыз.

## Қашықтан басқару пультімен танысу (көзі нашар көретін адамдар үшін)

 >  [Параметрлер](#) > [Жалпы](#) > [Арнайы мүмкіндіктер](#) > [Теледидардың қашықтан басқару құралы туралы ақпарат](#) [Қазір көру](#)

Бұл функция көзі нашар көретін адамдарға қашықтан басқару пультінің түймелері орналасқан орындарды үйренуге мүмкіндік береді. Осы функция іске қосылғанда, қашықтан басқару пультіндегі түймені бассаңыз, теледидар түйменің атын айтады.  түймесін екі рет басып [Теледидардың қашықтан басқару құралы туралы ақпарат](#) функциясынан шығыңыз.

## Теледидар мәзірі туралы үйрену

 >  [Параметрлер](#) > [Жалпы](#) > [Арнайы мүмкіндіктер](#) > [Мәзір экранын зерттеу](#) [Қазір көру](#)


Теледидар экранындағы мәзірлер туралы үйреніңіз. Қосылғаннан кейін теледидарыңыз таңдаған мәзіріңіздің құрылымы мен функцияларын түсіндіреді.

## Субтитрлері бар ТД таратылымын қарау

 >  **Параметрлер** > **Жалпы** > **Арнайы мүмкіндіктер** > **Субтитр баптаулары** [Қазір көру](#)

**Субтитр** параметрін **Қосу** қалпына қойыңыз. Содан кейін субтитрлары экранға шығарылған бағдарламаны қарай аласыз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

 Бұл функцияның DVD немесе Blu-ray ойнатқыштарының субтитрлерін басқаратын функцияларға ешбір қатысы жоқ. DVD немесе блю-рей субтитрлерін басқару үшін, DVD немесе блю-рей ойнатқыштың субтитр функциясын және ойнатқыштың қашықтан басқару құралын пайдаланыңыз.

- **Субтитр**

Субтитрді іске қосады немесе өшіреді.

- **Субтитр режимі**

Субтитр режимін орнатады.

- **Субтитр тілі**

Субтитр тілін орнатады.

- **Сөйлесу субтитрлері**

Субтитрлердің аудио нұсқасын тыңдаңыз. Осы қызметті ұсынатын таратулармен ғана қолжетімді.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## Телехабардың субтитр тілін таңдау

Әдепкі субтитр тілін таңдауға болады. Тізім таратылым түріне қарай әр түрлі болуы мүмкін.

- **Негізгі субтитр тілі**

Бастапқы субтитр тілін орнатады.

- **Қосымша субтитр тілі**


Қосымша субтитр тілін орнатады.

## ТД-ды Bluetooth құралдары арқылы тыңдау (құлағы нашар еститін адамдар үшін)

 >  [Параметрлер](#) > [Жалпы](#) > [Арнайы мүмкіндіктер](#) > [Көп шығысты аудио](#)

Теледидар үндеткіші мен Bluetooth құлақаспап құралын бір уақытта қосуға болады. Осы функция іске қосулы болғанда, Bluetooth құлақаспап құрылғысының үнділігін теледидар динамигінің үнділігінен жоғары етіп орната аласыз.

 [Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.](#)

 [Bluetooth құрылғыларын теледидарға жалғау туралы толық ақпаратты "\[ТД-ды Bluetooth құралдары арқылы тыңдау\]\(#\)" тарауынан қараңыз.](#)

## Есту қабілеті төмен адамдар үшін таңбаны үлкейтіп көрсету

 >  [Параметрлер](#) > [Жалпы](#) > [Арнайы мүмкіндіктер](#) > [Белгілер тілін масштабтау параметрлері](#) [Қазір көру](#)

Көріп отырған бағдарламада осындай мүмкіндік бар болса, таңба тілі көрсетілетін экранды үлкейтуге болады. Әуелі [Белгілер тілін масштабтау](#) параметрін [Қосу](#) қалпына қойып, таңбамен көрсетілетін тілдің орнын анықтау, оны үлкейту үшін [Белгілер тілін масштабтау мүмкіндігін өңдеу](#) таңдаңыз.

## Қашықтан басқару түймелерінің қайталау параметрлерін конфигурациялау

 >  [Параметрлер](#) > [Жалпы](#) > [Арнайы мүмкіндіктер](#) > [Қашықтан басқару түймесі Қайталау параметрлері](#) [Қазір көру](#)

Қашықтан басқару түймелерінің жұмыс істеу жылдамдығын, оларды үздіксіз басып тұрғанда баялату үшін конфигурациялауға болады. Әуелі [Түймені баяу қайталау](#) параметрін [Қосу](#) қалпына қойып, содан кейін жұмыс жылдамдығын [Қайталау аралығы](#) арқылы реттеңіз.

## Көзі нашар көретін адамдарға арналған қолданба (SeeColors қолданбасы)

[SeeColors](#) қолданбасын  > [Apps](#) арқылы жүктеп алуыңызға болады.

Бұл қолданба түс ажырата алмайтын адамдардың өзін өзі тексеру арқылы теледидардан қанық түстерді сезінуіне көмектеседі. Өзін өзі тексеру арқылы түстер өзгеріп, әрбір адам түстер арқылы қанығырақ көріністі тамашалай алады.

 [SeeColors](#) қолданбасы іске қосылған кезде, нақты мәзірлер ажыратылады.

 Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.






## Дауыстық атқарымдарды пайдалану

Сіз дауыс функциясының параметрлерін өзгерте аласыз.

### Дауыстық атқарымдардың параметрлерін өзгерту

 >  **Параметрлер** > **Жалпы** > **Дауыс**

Сіз **Voice Wake-up**, **Дауысты кеңес**, **Vixby Voice параметрлері** және **Vixby профиль баптаулары** өзгерте аласыз.

-  Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
-  Осы функцияны пайдалану үшін теледидар интернетке қосулы болуға тиіс.
-  Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты **Voice Wake-up** функциясына қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## Басқа функцияларды пайдалану

Басқа функцияларды көруге болады.

### Мәзір тілін өзгерту


 >  **Параметрлер** > **Жалпы** > **Жүйе реттегіші** > **Тіл** [Қазір көру](#)




### Құпия сөзді орнату


 >  **Параметрлер** > **Жалпы** > **Жүйе реттегіші** > **PIN кодын өзг** [Қазір көру](#)

PIN код енгізу терезесі пайда болады. PIN кодты енгізіңіз. Растау үшін қайта енгізіңіз. Әдепкі PIN код: "0000" (Франция мен Италия үшін: "1111").

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

 PIN кодыңызды ұмытсаңыз, оны қашықтан басқару пультімен бастапқы қалпына қоя аласыз. Теледидар қосылған кезде, қашықтан басқару пультіңдегі келесі түймелерді көрсетілген ретпен басып, PIN кодты "0000" қалпына келтіріңіз (Франция мен Италия үшін: "1111").

Samsung Smart қашықтан басқару пульті немесе Қашықтық. басқару пульті беткі жағында: **+/−** (Дыб дең) түймесін басыңыз. > Дыб. к-ту >  > Дыб. азайту >  > Дыб. к-ту > .


Стандартты қашықтан басқару пультіңде:  түймесін басыңыз. > **(+)** (Дыб. к-ту) > RETURN түймесін басыңыз. > **(−)** (Дыб. азайту) > RETURN түймесін басыңыз. > **(+)** (Дыб. к-ту) > RETURN түймесін басыңыз.

### Пайдаланушы немесе Жеке режимі режимін таңдау

 >  **Параметрлер** > **Жалпы** > **Жүйе реттегіші** > **Пайдалану режимі** [Қазір көру](#)

Теледидардың **Пайдалану режимі** параметрін **Жеке режимі** қалпына қойып, бөлшек сауда орындарында пайдаланатын етіп баптауға болады.

 Басқа пайдаланушылардың барлығы **Үй режимі** режимін таңдауға тиіс.

 **Жеке режимі** мүмкіндігін тек дүкенде ғана пайдалану керек. **Жеке режимі** мүмкіндігін пайдаланған кезде кейбір функциялар сөніп, теледидар белгілі уақыт өткеннен кейін автоматты түрде бастапқы қалпына қойылады.

 Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

### Пернелерді бұғаттау функциясын орнату

 >  **Параметрлер** > **Жалпы** > **Жүйе реттегіші** > **Пернелерді бұғаттау**

Теледидарды басқарушы түймелерін құлыптау функциясын орнатуға болады. Бұл функция **Қосу** болса, Теледидарды басқарушы түймесін пайдалана алмайсыз.

 Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## USB құлпы функциясын орнату

 >  [Параметрлер](#) > [Жалпы](#) > [Жүйе реттегіші](#) > [USB құлпы](#)

Кез келген сыртқы USB құралына қосылуды бұғаттауға болады.

 Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## Сыртқы құрылғыларды басқару

 >  [Параметрлер](#) > [Жалпы](#) > [Сыртқы құрылғы менеджері](#) > [Құрылғыны қосу менеджері](#)  
[Қазір көру](#)

Контентті ортақ пайдалану үшін теледидар қосылған желіге қосылған мобильді құрылғы немесе планшеттер сияқты сыртқы құрылғыларды қосқанда, рұқсат етілген құрылғылар мен қосылған құрылғылардың тізімін көре аласыз.

- [Кіру хабарландыруы](#)

Ұялы құрылғы немесе планшет сияқты сыртқы құрылғы теледидарға қосылуға әрекет жасаған кезде хабарландыру көрсету немесе көрсетпеу мүмкіндігін таңдаңыз.

- [Құрылғылар тізімі](#)

Теледидарға қосылған сыртқы құрылғылар тізімін басқарыңыз.

## AirPlay пайдалану

 >  [Параметрлер](#) > [Жалпы](#) > [Apple AirPlay параметрлері](#)

AirPlay қызметін iPhone, iPad немесе Mac ішіндегі контентті теледидар экранынан көру үшін пайдалануға болады.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.




## ТД-дың зауыттық параметрлерін қалпына келтіру

 >  [Параметрлер](#) > [Жалпы](#) > [Қал.кел](#) [Қазір көру](#)

ТД-дың барлық параметрлерінің зауыттық мәндерін орнатуға болады.

1. [Қал.кел](#) таңдаңыз. Қауіпсіздік PIN кодын енгізу терезесі ашылады.
2. Қауіпсіздік PIN кодын енгізіп, содан кейін [Қал.кел](#) пәрменін таңдаңыз. Сонда барлық параметрлер бастапқы қалпына қойылады. Теледидар автоматты түрде сөнеді де, қайта қосылады, содан кейін параметрлерді бастапқы орнату экраны пайда болады.

 [Қал.кел](#) туралы қосымша ақпаратты, ТД-мен бірге берілген пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.


 Бастапқы орнату кезінде бірнеше қадамдарды өткізіп жіберсеңіз, [ТД баптау](#) ( >  [Сигнал көзі](#) > жоғары меңзер түймесін > [ТД](#) > жоғары меңзер түймесін басып, > [ТД баптау](#)), содан кейін өткізіп жіберген қадамдардағы параметрлерді конфигурациялаңыз.


# HbbTV

HbbTV арқылы ойын-сауық провайдерлері, онлайн провайдерлері және CE өндірушілері ұсынатын қызметтерге барыңыз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

 Кейбір арналарда HbbTV қызметі болмауы мүмкін.

Кей елдерде әдетте HbbTV сөндіріліп тұрады. Мұндай жағдайда HbbTV мүмкіндігін HbbTV қолданбасын HbbTV орнату қолданбасы)  > [Apps](#) жүйесінен орнату арқылы пайдалануға болады.

HbbTV қызметін автоматты түрде қосылатын немесе сөнетін етіп баптау үшін  > [Параметрлер](#) > [Тарату](#) > [Маман параметрлері](#) > [HbbTV параметрлері](#) тармағына өтіп, [HbbTV](#) параметрін қосу немесе сөндіру қалпына қойыңыз. (Географиялық аймаққа байланысты.)

Келесі функцияларды пайдалануға болады:

- [HbbTV](#): Деректерді тарату қызметін қосыңыз немесе ажыратыңыз.
- [Бақыламау](#): Шарлау әрекетін бақылау туралы қолданбалар мен қызметтерден сұрау.
- [Жеке шолу](#): Браузер интернет тарихыңызды сақтауын тоқтату үшін Жеке шолу мүмкіндігін қосыңыз.
- [Шолу деректерін жою](#): Барлық сақталған cookie файлдарын жойыңыз.

Егер бұл функцияны қосқыңыз немесе сөндіргіңіз келсе, Таңдау түймесін басып қосуға немесе сөндіруге болады.

- HbbTV қызметі Timeshift функциясы жұмыс істеп тұрса немесе жазылған бейнежазба ойнатылып тұрса жұмыс істемейді.
- Таратылым станциясына немесе бағдарламамен жабдықтаушыға байланысты бағдарлама арнасы уақытша жұмыс істемей қалуы мүмкін.
- HbbTV қолданбасы теледидар сыртқы желіге қосулы болса ғана жұмыс істейді. Желінің қалып-күйіне қарай бағдарлама дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- HbbTV қолданбасы орнатылып тұрса және бағдарлама HbbTV функциясына қолдау көрсетсе, экранда қызыл түйме пайда болады.
- Сандық телемәтін режимі мен Дәстүрлі телемәтін режимін шектеулі бірнеше арнада қашықтан басқару пультінің ТТХ/МІХ түймесін кезек ауыстырып басу арқылы қатар пайдалануға болады.
- ТТХ/МІХ түймесін HbbTV режимінде бір рет басқанда, сандық Телемәтін режимі HbbTV үшін іске қосылады.
- ТТХ/МІХ түймесін екі рет HbbTV режимінде басқанда, Дәстүрлі Телемәтін қосылады.

## Теледидар қарау картасын (“CI немесе CI+ Card”) пайдалану


Теледидарды қарау картасын (“CI немесе CI+ Card”) COMMON INTERFACE ұясына салу арқылы ақылы арналарды көруге мүмкіндік береді.

- ✎ Үлгі түріне қарай 2 CI картасының порттарына қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
- ✎ “CI немесе CI+ Card” картасын жалғау немесе ажырату үшін теледидарды өшіріңіз.
- ✎ Үлгі түріне қарай “CI немесе CI+ Card” модуліне қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

### “CI немесе CI+ Card” картасын COMMON INTERFACE ұяшығына CI CARD адаптері арқылы қосу

- ✎ Тек Ортақ интерфейс ұяшығы бар үлгілерге ғана қатысты.

CI CARD адаптерін COMMON INTERFACE ұяшығына жалғау




CI CARD адаптерін ТД-ға жалғау үшін мына қадамдарды орындаңыз:

- 1** CI CARD адаптерін теледидардың артындағы екі ұяға салыңыз.
  - ✎ Екі саңылауды теледидардың артындағы COMMON INTERFACE ұясының үстінен табыңыз.
- 2** CI CARD адаптерін теледидардың артындағы COMMON INTERFACE ұясына салыңыз.

“CI немесе CI+ Card” картасын жалғау


“CI немесе CI+ Card” картасын COMMON INTERFACE ұясына төмендегі суретте көрсетілген жолмен жалғаңыз.



“CI немесе CI+ Card” картасын COMMON INTERFACE ұясы арқылы жалғау

 Тек Ортақ интерфейс ұяшығы бар үлгілерге ғана қатысты.

“CI немесе CI+ Card” картасын COMMON INTERFACE ұясына төмендегі суретте көрсетілген жолмен жалғаңыз.




## "CI немесе CI+ Card" картасын пайдалану

Ақылы арналарды көру үшін "CI немесе CI+ CARD" картасын салу керек.


- Samsung ТД CI+ 1.4 стандартына сай. Samsung теледидарында қалқыма хабар пайда болса, оған CI+ 1.4 нұсқасының тұрақсыздығы әсер етуі мүмкін. Мәселе туындаса, Samsung байланыс орталығына хабарласыңыз.


 Samsung теледидарыңыз CI+ 1.4 стандарттарына сәйкес келеді.

 CI+ жалпы интерфейс модулі Samsung теледидарымен үйлесімсіз болса, модульді ағытып, CI+ операторына хабарласып көмек алыңыз.


- Егер "CI немесе CI+ CARD" картасын салмасаңыз, кей арналарда қалқыма хабарлар пайда болады.
- 2-3 минут ішінде жұптастыру ақпараты көрсетіледі. Егер ақаулық туралы ақпарат пайда болса, қызмет провайдеріне хабарласыңыз.
- Арна деректерін теңшеу жұмысы аяқталған кезде, арна тізімінің жаңартылғанын білдіретін "Жаңарту аяқталды" хабары көрсетіледі.

 "CI немесе CI+ CARD" картасын жергілікті кабельдік телевидение провайдерінен алу керек.


 "CI немесе CI+ CARD" картасын еппен шығарып алыңыз, себебі "CI немесе CI+ CARD" картасы жерге түсіп кетсе, оған нұқсан келуі мүмкін.

 "CI немесе CI+ CARD" картасын онда көрсетілген бағытта орнатыңыз.

 COMMON INTERFACE орналасатын жері, үлгіге қарай әр түрлі болуы мүмкін.

 Кей елдер мен аймақтарда "CI немесе CI+ CARD" модуліне қолдау көрсетілмейді. "CI немесе CI+ CARD" модуліне сіз орналасқан аймақта қолдау көрсетілетіні туралы анықтау үшін уәкілетті дилерге хабарласыңыз.

 Мәселе туындаған жағдайда, қызмет провайдеріне хабарласыңыз.

 Ағымдық антенна параметрлеріне қолдау көрсететін "CI немесе CI+ CARD" картасын салыңыз. Әйтпесе экран дұрыс көрінбеуі мүмкін.



## Телемәтін функциясы

Телемәтінді, Телемәтін қызметтері ұсынатын функцияларды қалай қолдануға болатынын үйреніңіз.

 Бұл функция телемәтін қызметіне қолдау көрсететін арнада ғана жұмыс істейді.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.


 Телемәтін функциясына кіру үшін

Samsung Smart қашықтан басқару пульті немесе Қашықтық. басқару пульті беткі жағында:  немесе  түймесін 1 секундтан астам басыңыз. Содан кейін ТТХ мәзірі пайда болады.

Стандартты қашықтан басқару пультінде:  ТТХ/MIX түймесін басыңыз.

 Телемәтін функциясынан шығу үшін

Samsung Smart қашықтан басқару пульті немесе Қашықтық. басқару пульті беткі жағында: Қалқыма тізімдегі ТТХ/MIX түймесін теледидардан бағдарлама көрсетілгенше басыңыз.

Стандартты қашықтан басқару пультінде: Қашықтан басқару пультінің  ТТХ/MIX түймесін лайв теледидар көрсетілгенше басыңыз.

Телемәтін қызметінің негізгі бетінде осы қызметті пайдалануға қатысты ақпарат беріледі. Телемәтін ақпаратын дұрыс көрсету үшін арна тұрақты қабылданып тұруға тиіс. Арна тұрақсыз болса, ақпарат жартылай көрсетілуі немесе оның кейбір беттері көрсетілмеуі мүмкін.

 Телемәтін бетін өзгерту үшін,

Samsung Smart қашықтан басқару пульті немесе Қашықтық. басқару пульті беткі жағында: ТТХ мәзіріндегі санды түймені басыңыз.

Стандартты қашықтан басқару пультінде: Сан түймесін басыңыз.


### Samsung Smart қашықтан басқару пульті немесе Қашықтық. басқару пульті беткі жағында

ТТХ/MIX (Толық ТТХ / Қос ТТХ / Аралас / Нақты уақыттағы ТД): Телемәтін режимі көріп отырған арнада қосылады. ТТХ/MIX түймесін басқан сайын телемәтін режимі Толық ТТХ → Қос ТТХ → Аралас → Нақты уақыттағы ТД ретімен ауысады.



- **Толық ТТХ:** Телемәтін режимі толық экраннан көрінеді.
- **Қос ТТХ:** Телемәтін режимі жарты экраннан көрінеді де, қарап отырған арнаңыз, экранның екінші жартысынан көрінеді.
- **Аралас:** Телемәтін режимі қазір көріп отырған арнадан тұнық көрінеді.
- **Нақты уақыттағы ТД:** Сонда лайв теледидар экраны көрінеді.

Түрлі-түсті түймешіктер (қызыл, жасыл, сары, көк): Егер таратылым компаниясы FASTEXT жүйесін пайдаланса, телемәтін бетінде берілген түрлі тақырыптар түстермен кодталады да, оларды түрлі-түсті түймешіктермен таңдауға болады. Таңдаған тақырыпқа сай келетін түсті басыңыз. Жаңа түспен кодталған бет көрсетіледі. Элементтерді де осылайша таңдауға болады. Алдыңғы немесе келесі бетті көрсету үшін, тиісті түрлі-түсті түймешікті таңдаңыз.





 **Index:** Телемәтінді қарап отырған кезде негізгі (мазмұн) бетті кез келген уақытта бейнебетке шығару үшін пайдаланылады.


 **Sub Page:** Қолжетімді ішкі бетті көрсетеді.


 **List/Flof:** Телемәтін режимін таңдауға арналған. LIST режимі кезінде басылса, режимді Тізімді сақтау режиміне ауыстырады. Тізімді сақтау режимінде телемәтін бетін  (Store) түймесінің көмегімен тізімге сақтауға болады.


 **Store:** Телемәтін беттерін сақтайды.


 **Page Up:** Келесі телемәтін бетін көрсетеді.

 **Page Down:** Алдыңғы телемәтін бетін көрсетеді.


 **Reveal/Conceal:** Жасырын мәтінді (мысалы, жұмбақ ойындардың жауаптары) экранға шығарады немесе жасырады. Бейнебетті қалыпты түрде көрсету үшін осы түймешікті қайта басыңыз.

 **Size:** Телемәтінді бейнебеттің үстіңгі жарты бөлігіне шығарып, екі есе үлкейте көрсету үшін басыңыз. Мәтінді бейнебеттің астыңғы жағына қарай жылжыту үшін түймешікті қайта басыңыз. Бейнебетті қалыпты режимге көшіру үшін қайта бір рет басыңыз.


 **Hold:** Автоматты түрде көрсетілетін қосымша беттер болған жағдайда, ағымдық бетті бейнебетте ұстап тұрады. Бұлай істемеу үшін қайта басыңыз.

 **Cancel:** Ағымдық таратылым бейнебетінің үстіне, телемәтін бейнебетін қабаттастыру үшін оны кішірейтеді. Бұлай істемеу үшін қайта басыңыз.

## Стандартты қашықтан басқару пультіінде

 Стандартты қашықтан басқару пультіінде Телемәтін функциясының таңбасы кейбір қашықтан басқару түймелеріне басылған. Телемәтін функциясын қосу үшін оның таңбасы басылған қашықтан басқару түймесін тауып, содан кейін осы түймені басыңыз.

 TTX/MIX

**Full TTX / Double TTX / Mix / Нақты уақыттағы ТД:** Телемәтін режимі көріп отырған арнада қосылады.  TTX/MIX түймесін басқан сайын телемәтін режимі мына ретпен өзгереді: Full TTX → Double TTX → Mix → Нақты уақыттағы ТД.

- **Толық TTX:** Телемәтін режимі толық экраннан көрінеді.
- **Қос TTX:** Телемәтін режимі жарты экраннан көрінеді де, қарап отырған арнаңыз, экранның екінші жартысынан көрінеді.
- **Аралас:** Телемәтін режимі қазір көріп отырған арнадан тұнық көрінеді.
- **Нақты уақыттағы ТД:** Сонда лайв теледидар экраны көрінеді.

**Түрлі-түсті түймешіктер (қызыл, жасыл, сары, көк):** Егер таратылым компаниясы FASTEXT жүйесін пайдаланса, телемәтін бетінде берілген түрлі тақырыптар түстермен кодталады да, оларды түрлі-түсті түймешіктермен таңдауға болады. Таңдаған тақырыпқа сай келетін түсті басыңыз. Жаңа түспен кодталған бет көрсетіледі. Элементтерді де осылайша таңдауға болады. Алдыңғы немесе келесі бетті көрсету үшін, тиісті түрлі-түсті түймешікті таңдаңыз.


## SETTINGS

**Index:** Телемәтінді қарап отырған кезде негізгі (мазмұн) бетті кез келген уақытта бейнебетке шығару үшін пайдаланылады.

## PRE-CH

**Sub Page:** Қолжетімді ішкі бетті көрсетеді.

## SOURCE

**List/Flof:** Телемәтін режимін таңдауға арналған. LIST режимі кезінде басылса, режимді Тізімді сақтау режиміне ауыстырады. Тізімді сақтау режимінде телемәтін бетін  (CH LIST) түймесінің көмегімен тізімге сақтауға болады.

## CH LIST

**Store:** Телемәтін беттерін сақтайды.

## CH ^

**Page Up:** Келесі телемәтін бетін көрсетеді.

## CH v

**Page Down:** Алдыңғы телемәтін бетін көрсетеді.

## INFO

**Reveal/Conceal:** Жасырын мәтінді (мысалы, жұмбақ ойындардың жауаптары) экранға шығарады немесе жасырады. Бейнебетті қалыпты түрде көрсету үшін осы түймешікті қайта басыңыз.

⌘ AD/SUBT.

✎ Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты.

**Size:** Телемәтінді бейнебеттің үстіңгі жарты бөлігіне шығарып, екі есе үлкейте көрсету үшін басыңыз. Мәтінді бейнебеттің астыңғы жағына қарай жылжыту үшін түймешікті қайта басыңыз. Бейнебетті қалыпты режимге көшіру үшін қайта бір рет басыңыз.


⌘ RETURN

**Hold:** Автоматты түрде көрсетілетін қосымша беттер болған жағдайда, ағымдық бетті бейнебетте ұстап тұрады. Бұлай істемеу үшін қайта басыңыз.

⌘ EXIT

**Cancel:** Ағымдық таратылым бейнебетінің үстіне, телемәтін бейнебетін қабаттастыру үшін оны кішірейтеді. Бұлай істемеу үшін қайта басыңыз.

### Стандартты телемәтін беті



Бөлімі	Мазмұны
A	Таңдалған беттің нөмірі.
B	Таратылымдағы арнаның атауы.
C	Ағымдық беттің нөмірі немесе іздеу нәтижелері.
D	Күн-ай және уақыт.
E	Мәтін.
F	Қалып-күй ақпараты. FASTEXT ақпараты.

# Сақтық шаралары және Ескерімдер




Орнатып болғаннан кейін оқуға болатын нұсқауларды және ақпарат алуға болады.

## Жазып алу және Timeshift функцияларын пайдалану алдында

Бұл нұсқауларды Жазып алу және Timeshift пайдалану алдында оқыңыз.

### Жазу және жазуды жоспарлау функцияларын пайдалану алдында

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты жазу функциясына қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- Жазуды жоспарлау параметрлерін орнату үшін әуелі теледидар сағатын орнату керек. **Сағат** параметрін орнатыңыз.
  -  >  **Параметрлер** > **Жалпы** > **Жүйе реттегіші** > **Уақыт** > **Сағат**
- Ең көбі 30 **Қарауды жоспарлау** және **Жазуды жоспарлау** атауды енгізе аласыз.
- Жазылған материалдар СҚБ арқылы қорғалады, сондықтан компьютерде немесе басқа ТД-да ойнатуға келмейді. Сонымен қатар, бұл бейнефайлдардың реті ауысып кетсе, өз ТД-да ойнату мүмкін емес.
- Жазуға арналған USB құрылғысы үшін USB 2.0 не одан кейінгі құрылғысын және 5,400 мин/айн не одан жоғары пайдаланатын USB құрылғысын пайдалану ұсынылады. Дегенмен, RAID-түріндегі USB тұрғылықты жетектеріне қолдау көрсетілмейді.
- USB флэш-картасына қолдау көрсетілмейді.
- Жалпы жазу сыйымдылығы тұрғылықты дискі жетегіндегі бос орынға және жазу сапасының деңгейіне байланысты өзгеруі мүмкін.
- **Жазуды жоспарлау** функциясын іске қосу үшін USB жады құралында кем дегенде 100 MB бос орын болуға тиіс. Жазу барысында қолжетімді бос орын 50 MB-тан төмендесе, жазу үдерісі тоқтайды.
- Жазуды жоспарлау және Timeshift функциялары қатар жұмыс істеп тұрғанда, қолжетімді сақтау орны 500 MB-тан төмендесе, жазу үдерісі ғана тоқтайды.
- Ең көп жазу уақыты 720 минут.
- Бейнелер ТД параметрлеріне сай ойнатылады.
- Жазу үдерісі барысында кіріс сигналы өзгерсе, өзгеріс енгізілгенше экран бос көрсетіліп тұрады. Бұндай жағдайда жазу үдерісі жалғасады, бірақ  жұмыс істемейді.
- Жазу немесе Жазуды жоспарлау функциясын пайдаланған кезде, нақты жазуды бастау уақыты көрсетілген уақыттан бір немесе екі секунд кешірек басталуы мүмкін.
- HDMI-CEC сыртқы құралында жазу іске асып жатқанда Жазуды жоспарлау функциясы жұмыс істеп тұрса, Жазуды жоспарлау параметріне басымдық беріледі.
- Теледидарға жазу құрылғысы жалғанса, дұрыс сақталмаған жазылған файлдар автоматты түрде жойылады.

- Егер **Ұйқы таймері** немесе **Қуат. авто ө.** орнатылса, теледидар бұл параметрлерді ескермейді де, жазу үдерісін жалғастыра береді және жазу аяқталғаннан кейін сөнөді.

–  >  **Параметрлер** > **Жалпы** > **Жүйе реттегіші** > **Уақыт** > **Ұйқы таймері**

–  >  **Параметрлер** > **Жалпы** > **Қуатты және энергияны үнемдеу режимі** > **Қуат. авто ө.**

## Timeshift функциясын пайдалану алдында

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты Timeshift функциясына қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- Жазуға арналған USB құрылғысы үшін USB 2.0 не одан кейінгі құрылғысын және 5,400 мин/айн не одан жоғары пайдаланатын USB құрылғысын пайдалану ұсынылады. Дегенмен, RAID-түріндегі USB тұрғылықты жетектеріне қолдау көрсетілмейді.
- USB жады немесе флэш-карталарына қолдау көрсетілмейді.
- Жалпы жазу сыйымдылығы тұрғылықты дискі жетегіндегі бос орынға және жазу сапасының деңгейіне байланысты өзгеруі мүмкін.
- Жазуды жоспарлау және Timeshift функциялары қатар жұмыс істеп тұрғанда, қолжетімді сақтау орны 500 MB-тан төмендесе, жазу үдерісі ғана тоқтайды.
- Timeshift функциясына берілетін ең көп уақыт 90 минут.
- Timeshift функциясы бұғатталған арналарда жұмыс істемейді.
- Уақыты жылжытылған бейнелер ТД параметрлеріне сай ойнатылады.
- Timeshift функциясы ең шегіне жеткен кезде автоматты түрде аяқталуы мүмкін.
- Timeshift функциясы үшін USB жады құралында кем дегенде 1.5GB бос орын болуға тиіс.

## Аналогтік таратылымның дыбыстық параметрлері

**Қолдау көрсетілетін бағдарлама тарату аудио опцияларын орнатыңыз.**

	Дыбыс түрі	Қос дыбыс	Әдепкі
A2 Stereo	Моно	Моно	Автоматты түрде өзгерту
	Стерео	Стерео, Моно	Автоматты түрде өзгерту
	Қос	Қос I, Қос II	Қос I
NICAM Stereo	Моно	Моно	Автоматты түрде өзгерту
	Стерео	Моно, Стерео	Автоматты түрде өзгерту
	NICAM Dual	Моно, NICAM Dual-1, NICAM Dual-2	NICAM Dual-1

 Егер **Стерео** сигнал тым әлсіз болса және автоматты түрде ауыстырылып-қосылса, **Моно** таңдаңыз.

 Тек стерео сигналдар үшін қолданылады.

 Кіретін сигнал көзі **ТД** режиміне қойылғанда ғана жұмыс істейді.

## Apps пайдаланардан бұрын оқып шығыңыз

Apps функцияларын пайдалану алдында осы нұсқауларды оқыңыз.

- Егер Apps арқылы жаңа қолданбаларды жүктеп алғыңыз келсе, алдымен Samsung есептік жазбаңызға кіріңіз.
- Samsung Smart Hub қызметінде көрсетілген өнімнің сипаттамаларына, сондай-ақ, қолжетімді мазмұндарға қойылатын шектеулерге байланысты кей функцияларға, қолданбаларға және қызметтерге кей құрылғыларда немесе кей жерлерде қолжетімсіз болуы мүмкін. Нақты құрылғыға қатысты қосымша ақпарат алу және мазмұнның бар-жоғын білу үшін <https://www.samsung.com> сайтына барыңыз. Қызметтер мен мазмұнның қолжетімділігі алдын ала ескертусіз өзгертіледі.
- Қызмет провайдері тарапынан кез келген себепке байланысты қолданба қызметтерінің үзілгені үшін Samsung компаниясы құқықтық жауапкершілік көтермейді.
- Бағдарлама қызметтері ағылшын тілінде ғана берілуі және географиялық аймаққа қарай қолданыстағы мазмұн әр түрлі болуы мүмкін.
- Бағдарламаларға қатысты қосымша ақпаратты тиісті қызмет көрсетушінің веб-сайтына барып алыңыз.
- Интернет қосылымы тұрақсыз болса, кешігу немесе кідіру мәселелері орын алуы мүмкін. Сонымен қатар, желі жағдайына байланысты бағдарламалар автоматты түрде біржола тоқтауы мүмкін. Бұндай жағдай орын алса, интернет қосылымын тексеріңіз де, қайта қосыңыз.
- Бағдарлама қызметтері мен жаңартылымдары қолжетімсіз болуы мүмкін.
- Бағдарламаның мазмұны қызмет провайдерінің тарапынан алдын ала ескертусіз өзгертіледі.
- Арнайы қызметтер ТД-ға орнатылған қолданбаның нұсқасына қарай өзгеруі мүмкін.
- Қолданбаның қызметі қолданбаның кейінгі нұсқаларында өзгеруі мүмкін. Бұндай жағдайда, қолданбаның нұсқаулығын қосыңыз немесе қызмет провайдерінің веб-сайтына барыңыз.
- Қызмет провайдерінің саясатына қарай кей қолданбалар көп тапсырманы қатар орындауға қолдау көрсетпеуі мүмкін.

# Internet функциясын пайдалану алдында оқыңыз

Бұл ақпаратты Internet функциясын пайдалану алдында оқыңыз.

- Файл жүктеуге қолдау көрсетілмейді.
- **Internet** функциясы белгілі бір веб-сайттарға, оның ішінде белгілі бір компаниялар басқаратын веб-сайттарға кіре алмауы мүмкін.
- Теледидар флэш бейнефайлдарын ойнату функциясын қолдамайды.
- Интернеттен тауар сатып алуға арналған эл. коммерцияға қолдау көрсетілмейді.
- ActiveX-ке қолдау көрсетілмейді.
- Таңбалардың шектеулі санына ғана қолдау көрсетіледі. Кей белгілер мен қаріптер дұрыс көрсетілмеуі мүмкін.
- Веб-бет жүктеліп жатқанда, қашықтан берілетін пәрмендердің экрандағы жауабы кешігіп көрсетілуі мүмкін.
- Веб-бетті жүктеу үдеріске қатысушы жүйелердің қалып-күйіне байланысты кешігуі немесе мүлдем тоқтатылуы мүмкін.
- Көшіру және қою функцияларына қолдау көрсетілмейді.
- Эл. хабар немесе қарапайым хат жазып жатқанда, таңба өлшемін және түсін таңдау тәрізді кей функциялар жұмыс істемеуі мүмкін.
- Белгі салу санына және сақтауға болатын журнал файлының өлшеміне қатысты шектеу қойылуы мүмкін.
- Бір мезгілде ашуға болатын терезелер саны шектеулі.
- Веб-сайтты шолу жылдамдығы желінің күйіне байланысты әр түрлі болады.
- PIP (сурет ішіндегі сурет) функциясы жұмыс істеп тұрған кезде веб-парақшаға кіріктірілген бейнелерді қатар ойнату мүмкін емес.
  - ✎ Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
- Шолу журналындағы деректер соңғысынан бастап, ең ескісіне дейінгі ретпен сақталады және жаңа жазба әуелі ең ескі жазбаның үстіне жазылады.
- Қолдау көрсетілетін видео/аудио кодектерге байланысты кейбір HTML5 видео және аудио файлдарды ойната алмауыңыз мүмкін.
- Компьютерге оңтайландырылған ағындық қызмет жеткізушілері біздің меншікті **Internet** браузерімізде дұрыс ойналмауы мүмкін.

## Сымсыз интернет қосылымын орнату алдында оқыңыз

### Сымсыз интернетке қатысты сақтық шаралары

- Бұл теледидар IEEE 802.11 a/b/g/n/ac дерек алмасу протоколдарын қолдайды. Теледидарға үй желісі арқылы жалғанған құрылғыда сақталған бейнефайлдар дұрыс ойнатылмауы мүмкін.
  - ✎ IEEE 802.11 байланыс хаттамаларының кейбіріне үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
  - ✎ QN9\*\*A сериясы IEEE 802.11 a /b /g /n /ac /ax дерек алмасу протоколдарын қолдайды.
  - ✎ QN9\*\*A сериясынан басқа үлгілер үшін Samsung IEEE 802.11n. пайдалануды ұсынады.
- Сымсыз интернетті пайдалану үшін теледидар сымсыз қосылу нүктесіне немесе модемге қосылып тұруға тиіс. Егер сымсыз қосылу нүктесі DHCP функциясына қолдау көрсетсе, теледидар желіге DHCP немесе тұрақты IP мекенжайын пайдаланып сымсыз қосыла алады.
- Сымсыз қосылу нүктесі үшін дәл қазір қолданылмай тұрған арнаны таңдаңыз. Сымсыз қосылу нүктесі таңдалған арнаны басқа құрылғымен байланыс орнату үшін қолданып тұрса, әдетте бөгеуіл пайда болады және/немесе қосылым іске аспай қалады.
- Көпшілік сымсыз желілердің балама қауіпсіздік жүйесі бар. Сымсыз желінің қауіпсіздік жүйесін қосу үшін таңбалар мен сандарды пайдаланып құпия сөз жасау керек. Бұл функция содан кейін қауіпсіздік функциясы қосылған нүктеге қосылу үшін қажет.

### Сымсыз қауіпсіздік протоколдары

ТД келесі сымсыз желінің қауіпсіздік протоколдарына ғана қолдау көрсетеді. Теледидар сертификатталмаған кіру нүктесіне қосыла алмайды.

- Түпнұсқалықты растау режимдері: WEP, WPA2PSK, WPA2PSK
- Кодтау тәсілдері: WEP, TKIP, AES

Wi-Fi сертификаттау талаптары бойынша Samsung теледидарлары 802.11n режимінде жұмыс істеп тұрған желілерде WEP немесе TKIP қауіпсіздік кодтауларына қолдау көрсетпейді. Егер сымсыз қосылу нүктесі WPS (қорғалған Wi-Fi бапталымы) жүйесін қолдаса, теледидарды желіге PBC (батырма түйменің конфигурациялау) немесе PIN (жеке айғақтауыш нөмір) арқылы қосуға болады. WPS функциясы SSID және WPA пернесінің параметрлерін автоматты түрде теңшейді.



## Фотосурет, бейне немесе саз файлдарын ойнату алдында оқыңыз.

Медиа мазмұнды ойнату алдында осы ақпаратты оқыңыз.

### Фотосурет, бейне немесе саз файлдарын пайдалануға шектеулер қою [Қазір көру](#)

- ТД MSC (Mass Storage Class) USB құралдарына ғана қолдау көрсетеді. MSC - жады құралдарының сыныбын білдіреді. MSC құралдарына сыртқы тұрғылықты диск жетектері, флэш-карта ридерлері және сандық камералар жатады. (USB хаб-құралына қолдау көрсетілмейді.) Құрылғылардың мұндай түрлерін USB ұяшығына тура жалғау керек. Егер USB құрылғысы теледидарға USB ұзартқыш сымы арқылы жалғанған болса, теледидар оны танымауы немесе құрылғыдағы файлдарды оқи алмауы мүмкін. USB құрылғылары файлдарды жіберіп жатқанда, оларды ажыратуға болмайды.
- Сыртқы тұрғылықты диск жетегін жалғау үшін USB (HDD 5V 1A) ұяшығын пайдаланыңыз. Өзіндік жеке қуат адаптері бар сыртқы тұрғылықты диск жетегін пайдалануды ұсынамыз.

 Кейбір үлгілерде USB (HDD 5V 1A) портына қолдау көрсетіледі.

- Кейбір сандық камералар және аудио құрылғылар ТД-мен үйлесімді болмауы мүмкін.
- Егер ТД-ға бірнеше USB құралы қосылып тұрса, ТД құралдардың кейбірін немесе барлығын тани алмауы мүмкін. Жоғары қуат көзін пайдаланатын USB құрылғыларын USB (HDD 5V 1A) ұясына жалғау қажет.

 Кейбір үлгілерде USB (HDD 5V 1A) портына қолдау көрсетіледі.

- Теледидар FAT, exFAT және NTFS файл жүйелерін қолдайды.
- Медиа контенттер тізімінде теледидар әр қалтада 1,000-ға дейін файл көрсете алады. Егер USB құралында 8,000-нан астам файл және қалталар бар болса, кей файлдар мен қалталар қолжетімсіз болуы мүмкін.
- Кейбір файлдар кодтау түріне байланысты теледидарда ойналмайды.
- Кейбір файлдар барлық үлгілерде бірдей қолданыла бермейді.
- DivX және DTS кодектеріне 2021-шы жылы жасалған Samsung теледидарлары қолдау көрсетпейді.

## Қолдау көрсетілетін субтитрлер

### Субтитр пішімдері

Атауы	Пішімі
MPEG-4 уақыты есептелген мәтін	.ttx
SAMI	.smi
SubRip	.srt
SubViewer	.sub
Micro DVD	.sub немесе .txt
SubStation Alpha	.ssa
Кеңейтілген SubStation Alpha	.ass
SMPTE-TT Text	.xml


### Субтитрі бар бейне пішімдері

Атауы	Кассета
Xsub	AVI
SubStation Alpha	MKV
Кеңейтілген SubStation Alpha	MKV
SubRip	MKV
VobSub	MKV
MPEG-4 уақыты есептелген мәтін	MP4
TTML қалыпты таратылым	MP4
SMPTE-TT TEXT	MP4
SMPTE-TT PNG	MP4

## Қолдау көрсетілетін сурет пішімдері мен ажыратымдылықтары

Файл кеңейтімі	Пішімі	Ажыратымдылық
*.jpg *.jpeg	JPEG	15360 x 9024
*.png	PNG	4096 x 4096
*.bmp	BMP	4096 x 4096
*.mpo	MPO	15360 x 8640
*.heic	HEIF	12000 x 9000

 MPO пішіміне жартылай қолдау көрсетіледі.

 HEIF функциясы тек тор түріндегі (grid) жалғыз кескінге қолдау көрсетеді және оның минималды ажыратымдылығы ені немесе биіктігі бойынша ең кемі 512 пиксель болуы керек.

## Қолдау көрсетілетін саз пішімдері және кодектері

Файл кеңейтімі	Пішімі	Кодек	Ескерім
*.mp3	MPEG	MPEG1 дыб. сығымдау тех. 3	
*.m4a *.mpa *.aac	MPEG4	AAC	
*.flac	FLAC	FLAC	16/24 битке дейінгі 48/96/192 кГц 5.1 арнасын қолдайды
*.ogg	OGG	Vorbis	2-ге дейін арнаға қолдау көрсетеді
*.wma	WMA	WMA	WMA 10 Pro 5.1 арналарына дейін қолдау көрсетеді. WMA жоғалтпайтын аудиоға қолдау көрсетілмейді.
*.wav	wav	wav	
*.mid *.midi	midi	midi	0 түрі және 1 түріне қолдау көрсетеді. Іздеу функциясына қолдау көрсетілмейді. USB құралына ғана қолдау көрсетеді.
*.ape	ape	ape	
*.aif *.aiff	AIFF	AIFF	
*.m4a	ALAC	ALAC	

Қолдау көрсетілетін бейне кодектер (43Q7\*A/50Q7\*A, Q6\*A және Q5\*A серияларынан басқа QLED TV/The Frame)

Файл пішімі	Кассета	Видео кодектер	Ажыратымдылық	Кадр алмасу жиілігі (fps)	Бит жылдамдығы (мегабит/сек)	Аудио кодектер	
*.avi	AVI MKV ASF MP4 3GP MOV FLV VRO VOB PS TS SVAF	H.264 BP/MP/HP	4096 x 2160	4096 x 2160: 30	60	Dolby Digital LPCM ADPCM(IMA, MS) AAC HE-AAC WMA Dolby Digital+ MPEG(MP3) AC-4 G.711(A-Law, μ-Law) OPUS	
*.mkv				3840 x 2160: 60			
*.asf				1920 x 1080: 120			
*.wmv		HEVC (H.265 - Main, Main10)	4096 x 2160	4096 x 2160: 60	80		
*.mp4		Motion JPEG	3840 x 2160	3840 x 2160: 120	80		
*.mov		MVC	1920 x 1080	30	20		
*.3gp		MPEG4 SP/ASP		60			
*.vro		Window Media Video v9 (VC1)					
*.mpg		MPEG2					
*.mpeg		MPEG1					
*.ts		Microsoft MPEG-4 v1, v2, v3					
*.tp		Window Media Video v7 (WMV1), v8 (WMV2)		30			
*.trp		H.263 Sorrenson					
*.flv		VP6					
*.vob		AV1		3840 x 2160			60
*.svi		WebM	VP8	1920 x 1080	60		20
*.m2ts			VP9 (0 профиліне, 2 профиліне қолдау көрсетеді)	3840 x 2160	60		80
*.mts			AV1	3840 x 2160	60		40
*.rmvb		RMVB	RV8/9/10 (RV30/40)	1920 x 1080	60		20

## Басқа шектеулер

- Мазмұн дерегіне қатысты мәселе орын алса, кодектер дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Егер мазмұнда немесе кассетада ақаулық болса, бейне мазмұн айналмауы немесе дұрыс айналмауы мүмкін.
- Бейнежазбаның стандартты бит жиілігі/кадр алмасу жиілігі, жоғарыда көрсетілген ТД-мен үйлесімді мәндерден жоғары болса, дыбыс немесе видео жұмыс істемеуі мүмкін.
- Индекс кестесінде қате бар болса, Іздеу (Аттап өту) функциясы жұмыс істемейді.
- Видеоны желі арқылы ойнатқан кезде, деректерді тасымалдау жылдамдықтарына байланысты видео бірқалыпты көрсетілмеуі мүмкін.
- Кейбір USB/сандық камера құралдары ТД-мен сыйысымды болмауы мүмкін.
- HEVC кодек тек MKV /MP4 / TS кассеталарында ғана жұмыс істейді.
- MVC пішіміне жартылай қолдау көрсетіледі.

## Видео декодерлер

- H.264 UHD үшін 5.1 деңгейіне дейін және H.264 FHD үшін 4.2 деңгейіне дейін қолдау көрсетіледі. (Теледидарда FMO / ASO / RS қолданылмайды)
- HEVC UHD кодек 5.2 деңгейге дейін, ал HEVC FHD кодек 4.1 деңгейге дейін қолданылады. (QLED теледидары, (43Q7\*A/50Q7\*A үлгісін, Q6\*A/Q5\*A сериясын қоспағанда), The Frame)
- VC1 AP L4-ке қолдау көрсетпейді.
- GMC 2 немесе жоғарыға қолдау көрсетілмейді.

## Аудио декодерлер

- WMA үшін 10 Pro 5.1 арналарына дейін қолдау көрсетіледі, M2 профилі.
- WMA1, WMA жойылмайтын / Дыбысқа қолдау көрсетілмейді.
- QCELP және AMR NB/WB - қолдау көрсетілмейді.
- Vorbis режиміне 5,1 арнаға дейін қолдау көрсетіледі.
- Dolby Digital+ режиміне 5.1 арнаға дейін қолдау көрсетіледі.
- Қолданылатын үлгілік жылдамдықтар – 8, 11.025, 12, 16, 22.05, 24, 32, 44.1 және 48 кГц және кодекке қарай әр түрлі болады.

## Қолдау көрсетілетін бейне кодектер (43Q7\*A/50Q7\*A, Q6\*A/AU9 сериялары)

 32Q6\*A үлгісі туралы ақпаратты келесі беттен қараңыз.

Файл пішімі	Кассета	Видео кодектер	Ажыратымдылық	Кадр алмасу жиілігі (fps)	Бит жылдамдығы (мегабит/сек)	Аудио кодектер		
*.avi	AVI MKV ASF MP4 3GP MOV FLV VRO VOB PS TS SVAF	H.264 BP/MP/HP	4096 x 2160	4096 x 2160: 30 3840 x 2160: 60	60	Dolby Digital LPCM ADPCM(IMA, MS) AAC HE-AAC WMA Dolby Digital+ MPEG(MP3) AC-4 G.711(A-Law, μ-Law) OPUS		
*.mkv		HEVC (H.265 - Main, Main10)	4096 x 2160	60	80			
*.asf		Motion JPEG	3840 x 2160	30	80			
*.wmv		MVC	1920 x 1080	60	20			
*.mp4		MPEG4 SP/ASP						
*.mov		Window Media Video v9 (VC1)						
*.3gp		MPEG2						
*.vro		MPEG1						
*.mpg		Microsoft MPEG-4 v1, v2, v3						
*.mpeg		Window Media Video v7 (WMV1), v8 (WMV2)						
*.ts		H.263 Sorrenson						
*.tp		VP6						
*.trp		AV1					3840 x 2160	60
*.flv		VP8	1920 x 1080	60	20			
*.vob		WebM	VP9 (0 профиліне, 2 профиліне қолдау көрсетеді)	3840 x 2160	60		80	
*.svi			AV1	3840 x 2160	60		40	
*.m2ts			RV8/9/10 (RV30/40)	1920 x 1080	60		20	RealAudio 6
*.mts		RMVB						

Қолдау көрсетілетін бейне кодектер (32Q6\*А үлгісі мен АU8/АU7/ВЕА сериялары)

Файл пішімі	Кассета	Видео кодектер	Ажыратымдылық	Кадр алмасу жиілігі (fps)	Бит жылдамдығы (мегабит/сек)	Аудио кодектер
*.avi *.mkv *.asf *.wmv *.mp4 *.mov *.3gp *.vro *.mpg *.mpeg *.ts *.tp *.trp *.flv *.vob *.svi *.m2ts *.mts	AVI MKV ASF MP4 3GP MOV FLV VRO VOB PS TS SVAF	H.264 BP/MP/HP HEVC (H.265 - Main, Main10) Motion JPEG MVC MPEG4 SP/ASP Window Media Video v9 (VC1) MPEG2 MPEG1 Microsoft MPEG-4 v1, v2, v3 Window Media Video v7 (WMV1), v8 (WMV2) H.263 Sorrenson VP6 AV1	3840 x 2160 3840 x 2160 1920 x 1080 1920 x 1080 1920 x 1080 1920 x 1080 3840 x 2160 3840 x 2160 3840 x 2160 1920 x 1080	3840 x 2160: 30 1920 x 1080: 60 60 60 60 30 60 60 60 60	50 50 20 20 40	Dolby Digital LPCM ADPCM(IMA, MS) AAC HE-AAC WMA Dolby Digital+ MPEG(MP3) AC-4 G.711(A-Law, μ-Law) OPUS Vorbis RealAudio 6
*.webm	WebM	VP8 VP9 (0 профиліне, 2 профиліне қолдау көрсетеді) AV1	1920 x 1080 3840 x 2160 3840 x 2160	60 60 60	20 50 40	Vorbis
*.rmvb	RMVB	RV8/9/10 (RV30/40)	1920 x 1080	60	20	RealAudio 6

## Басқа шектеулер

- Мазмұн дерегіне қатысты мәселе орын алса, кодектер дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Егер мазмұнда немесе кассетада ақаулық болса, бейне мазмұн айналмауы немесе дұрыс айналмауы мүмкін.
- Бейнежазбаның стандартты бит жиілігі/кадр алмасу жиілігі, жоғарыда көрсетілген ТД-мен үйлесімді мәндерден жоғары болса, дыбыс немесе видео жұмыс істемеуі мүмкін.
- Индекс кестесінде қате бар болса, Іздеу (Аттап өту) функциясы жұмыс істемейді.
- Видеоны желі арқылы ойнатқан кезде, деректерді тасымалдау жылдамдықтарына байланысты видео бірқалыпты көрсетілмеуі мүмкін.
- Кейбір USB/сандық камера құралдары ТД-мен сыйысымды болмауы мүмкін.
- HEVC кодек тек MKV /MP4 / TS кассеталарында ғана жұмыс істейді.
- MVC пішіміне жартылай қолдау көрсетіледі.

## Видео декодерлер

- H.264 UHD функциясына 5.1 деңгейіне дейін, ал H.264 FHD функциясына 4.2 деңгейіне дейін қолдау көрсетіледі (теледидарда FMO / ASO / RS режиміне қолдау көрсетілмейді).
- HEVC UHD үшін 5.1 деңгейіне дейін және HEVC FHD үшін 4.1 деңгейіне дейін қолдау көрсетіледі.
- VC1 AP L4-ке қолдау көрсетпейді.
- GMC 2 немесе жоғарыға қолдау көрсетілмейді.

## Аудио декодерлер

- WMA үшін 10 Pro 5.1 арналарына дейін қолдау көрсетіледі, M2 профилі.
- WMA1, WMA жойылмайтын / Дыбысқа қолдау көрсетілмейді.
- QCELP және AMR NB/WB - қолдау көрсетілмейді.
- Vorbis режиміне 5,1 арнаға дейін қолдау көрсетіледі.
- Dolby Digital+ режиміне 5.1 арнаға дейін қолдау көрсетіледі.
- Қолданылатын үлгілік жылдамдықтар – 8, 11.025, 12, 16, 22.05, 24, 32, 44.1 және 48 кГц және кодекке қарай әр түрлі болады.



## Қолдау көрсетілетін бейне кодектер (Q5\*А сериясы)

Файл пішімі	Кассета	Видео кодектер	Ажыратымдылық	Кадр алмасу жиілігі (fps)	Бит жылдамдығы (мегабит/сек)	Аудио кодектер	
*.avi	AVI MKV ASF MP4 3GP MOV FLV VRO VOB PS TS SVAF	H.264 BP/MP/HP	1920 x 1080	60	50	Dolby Digital LPCM ADPCM(IMA, MS) AAC HE-AAC WMA Dolby Digital+ MPEG(MP3) AC-4 G.711(A-Law, $\mu$ -Law) OPUS	
*.mkv		HEVC (H.265 - Main, Main10)		60	50		
*.asf		Motion JPEG		60	20		
*.wmv		MVC					
*.mp4		MPEG4 SP/ASP					
*.mov		Window Media Video v9 (VC1)					
*.3gp		MPEG2		30	20		
*.vro		MPEG1					
*.mpg		Microsoft MPEG-4 v1, v2, v3		60	40		
*.mpeg		FLV					
*.ts		Window Media Video v7 (WMV1), v8 (WMV2)					
*.tp		VOB					
*.trp		PS		H.263 Sorrenson	60		20
*.flv		TS		VP6			
*.vob		SVAF		AV1	60		40
*.svi							
*.m2ts							
*.mts							
*.webm	WebM	VP8	60	20	Vorbis		
		VP9 (0 профиліне, 2 профиліне қолдау көрсетеді)	60	50			
		AV1	60	40			
*.rmvb	RMVB	RV8/9/10 (RV30/40)	60	20	RealAudio 6		

## Басқа шектеулер

- Мазмұн дерегіне қатысты мәселе орын алса, кодектер дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Егер мазмұнда немесе кассетада ақаулық болса, бейне мазмұн айналмауы немесе дұрыс айналмауы мүмкін.
- Бейнежазбаның стандартты бит жиілігі/кадр алмасу жиілігі, жоғарыда көрсетілген ТД-мен үйлесімді мәндерден жоғары болса, дыбыс немесе видео жұмыс істемеуі мүмкін.
- Индекс кестесінде қате бар болса, Іздеу (Аттап өту) функциясы жұмыс істемейді.
- Видеоны желі арқылы ойнатқан кезде, деректерді тасымалдау жылдамдықтарына байланысты видео бірқалыпты көрсетілмеуі мүмкін.
- Кейбір USB/сандық камера құралдары ТД-мен сыйысымды болмауы мүмкін.
- Теледидар бағдарламасын қарап отырып  түймесін бассаңыз, қарап отырған экран тоқтап, басқару жолағы пайда болады. **Қайта айналдыру**, **Ойнату**, **Кідірту**, **Алға жылд. айналдыру**, **Timeshift тоқтату**, **Жазу**, **Live TV қызметіне өту** немесе **Ақпар** параметрін таңдауыңызға болады. Ойнату экранына кіру үшін жоғары меңзер түймесін басып, таратылым бағдарламасы қосылатын уақыт пен уақытты жылжыту уақытын қараңыз.
  -  **Баяу қайта айналдыру** немесе **Алға баяу айналдыру** функцияларын **Кідірту** опциясын таңдаған кезде пайдалануға болады.
  -  Жазу немесе Timeshift функциясын пайдалану үшін USB құрылғысын жалғау қажет.
  -  Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
-  түймесінің астыңғы жағында екі жіңішке көлденең түйме орналасқан. Бұл түймелер қашықтан басқару пультіндегі басқа түймелерге қарағанда шығыңқы орналасқан. Сол жақтағысы – үнділік түймесі, ал оң жақтағысы – арна түймесі. Бұларды арнаны немесе дыбысты өзгертетін қосқыш түйме ретінде пайдалану үшін төменнен жоғары немесе жоғарыдан төмен итеріңіз.
  - Дыбысын өшіру үшін **+/-** (Дыб дең) түймесін қысқа басыңыз.
  - **+/-** (Дыб дең) түймесін басып ұстап тұру арқылы **Арнайы мүмкіндіктердің төте жолдары** мәзірін ашыңыз.
  - **^/∨** түймесін қысқа басу арқылы (Арна) **Нұсқау.** қолданбасын ашыңыз.
  - **^/∨** (Арна) түймесін басып ұстап тұру арқылы **Арналар тізімі** тізімін ашыңыз.
  -  Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## Арнайы мүмкіндіктер мәзірін пайдалану

Арнайы мүмкіндіктер мәзір функцияларын пайдалану жолын және олардың сипаттамаларын қараңыз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

### Арнайы мүмкіндіктердің төте жолдары мәзірін қосу

Дауыстық нұсқаулық, Суретті өшіру, Аудио сипаттамасы, Субтитр, Жоғары контраст, Кеңейту, Сұр түс реңктері, Түс инверсиясы, Теледидардың қашықтан басқару құралы туралы ақпарат, Мәзір экранын зерттеу, Көп шығысты аудио, Белгілер тілін масштабтау, Түймені баяу қайталау, Accessibility Settings сияқты арнайы мүмкіндіктер функцияларын қосып-өшіруге, сондай-ақ Теледидардың қашықтан басқару құралы туралы ақпарат және Мәзір экранын зерттеу беттеріне өтуге болады.

- Samsung Smart қашықтан басқару пульті / Қашықтық. басқару пульті

Samsung Smart қашықтан басқару пульті немесе Қашықтық. басқару пульті пультіңде қатар тұрған жұқа, көлбеу екі қосқыш түйме бар, олар қашықтан басқару пультінің орта тұсынан сәл төмен орналасқан. Сол жақтағысы – дыбыс деңгейін реттейтін түйме. Арнайы мүмкіндіктердің төте жолдары мәзірін ашу үшін дыбыс түймесін басып тұрыңыз.

Дауыстық нұсқаулық параметрі Сөндіру қалпына қойылып немесе сөндіріліп тұрса, дыбыс түймесін басып ұстап тұрғанда Арнайы мүмкіндіктердің төте жолдары қосылады.

- Стандартты қашықтан басқару құралы



AD/SUBT. түймесін басыңыз немесе MUTE түймесін басып тұрып Арнайы мүмкіндіктердің төте жолдары мәзірін ашыңыз.

### Арнайы мүмкіндіктер мәзірінің функцияларын Жалпы мәзірін пайдаланып қосу

 >  Параметрлер > Жалпы > Арнайы мүмкіндіктер

Сонымен қатар, Арнайы мүмкіндіктер мәзіріне теледидардың параметрлер мәзірінен кіруге болады. Онда қосымша параметрлер, мысалы, Дауыстық нұсқаулық жылдамдығын өзгерту параметрі бар.

Дауыстық нұсқаулық функциясы іске қосылмайынша теледидар бұл мәзірді сөзбен айтпайды.

1.  түймесін басыңыз.
2. Сол жақ меңзер түймесін  Параметрлер ашқанша басыңыз.
3. Таңдау түймесін басып теледидар Параметрлер мәзірін ашыңыз.
4. Жалпы мәзіріне жету үшін астыңғы меңзер түймесін басып, осы мәзірді ашу үшін Таңдау түймесін басыңыз.

5. Меңзер түймелерімен **Арнайы мүмкіндіктер** мәзіріне жетіңіз де, осы мәзірді ашу үшін Таңдау түймесін басыңыз.
6. Мәзір ашылады да, **Дауыстық нұсқаулық параметрлері** ондағы бірінші таңдау ретінде көрсетіледі. **Дауыстық нұсқаулық параметрлері** бөлектеп, Таңдау түймесін басыңыз.
7. **Дауыстық нұсқаулық** және **Дыб дең, Жылдамдық, Дыбыс деңгейі, ТД фондық дыбыс деңгейі** функцияларын өзгертуге болатын тармақтары бар мәзір көрінеді.
8. Меңзер түймелерінің көмегімен мәзірді таңдап, содан кейін Таңдау түймесін басыңыз.

 Мәзірлер **Дауыстық нұсқаулық** қосулы болғанда іске қосылады.



## Арнайы мүмкіндіктер мәзірінің функцияларын Vixby көмегімен қосу

 Бұл функция Дауыстық көмекші параметрі Vixby қалпына қойылғанда жұмыс істейді.

 Vixby функциясына үлгіге немесе географиялық өңірге байланысты қолдау көрсетілмеуі мүмкін.


Vixby функциясын пайдалану үшін теледидар параметрлерін орнатып, баптап және оны интернетке қосу керек. Теледидарды интернетке параметрлерді бастапқы орнату барысында немесе кейін параметрлер мәзірі арқылы қосуға болады.

Теледидарды басқару үшін дауыстап айтуға болатын пәрмендер көп. Мұны дауыс пәрменін беру және шығару үшін **Дауыстық нұсқаулық** параметрімен бірге қолдануға болады. Samsung Smart қашықтан басқару пульті құралын қолдануға болады, бірақ теледидар интернетке қосылып тұруға тиіс.


Пәрменді дауыстап айту үшін  түймесін (Samsung Smart қашықтан басқару пульті құрылғысының үстіңгі жағына жақын, шағын LED шамының (микрофон) тура астында және меңзер түймесінен жоғары орналасқан) басып ұстап тұрып, пәрменді дауыстап айтыңыз да,  түймесін босатыңыз. Теледидар пәрменді растайды.

Мысалы, сіз мыналарды жасай аласыз:


- Дауыстық нұсқаулық параметрін іске қосу

Samsung Smart қашықтан басқару пульті құрылғысындағы  түймесін басыңыз да, “Дауыстық нұсқаулық іске қосу” деңіз.

- Аудио сипаттамасы параметрін іске қосу

Samsung Smart қашықтан басқару пульті құрылғысындағы  түймесін басыңыз да, “Аудио сипаттамасы іске қосу” деңіз.

- Жоғары контраст параметрін іске қосу

Samsung Smart қашықтан басқару пульті құрылғысындағы  түймесін басыңыз да, “Жоғары контраст іске қосу” деңіз.



## Арнайы мүмкіндіктер мәзірінің функциялары туралы үйрену

- **Дауыстық нұсқаулық параметрлері**

Бұл функция теледидардың әр экранында жұмыс істейді және қосылған кезде теледидардың ағымдық параметрлерін дауыстап айтады және көріп отырған бағдарлама туралы толық ақпарат береді. Мысалы, ол таңдалған дыбыс параметрі, ағымдағы арна және бағдарлама ақпаратын береді. Ол сондай-ақ **Нұсқау.** экранындағы бағдарлама ақпаратын оқиды.

- **Аудио сипаттамасының параметрлері**

Көзі нашар көретін адамдарға бейнежазбаны дыбыстап сипаттап беретін аудио нұсқаулық функциясын қосуға болады. Бұл функция осындай қызмет көрсететін таратылымдарда ғана бар.

- **Суретті өшіру**

Жалпы қуат тұтыну мөлшерін азайту үшін теледидардың экранын өшіріп, тек дыбысын ғана қалдырыңыз. Экран өшірулі тұрғанда қашықтан басқару пультіндегі Үнділік пен Қуат түймелерінен басқа түймені басқан кезде, теледидар экраны өшеді.

- **Графикалық масштабтау**

Суретті немесе мәтінді үлкенірек ету үшін экранды үлкейтіңіз. Масштаб деңгейін реттеуге немесе масштаб аймағын жылжытуға болады.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Жоғары контраст**

Бұл функция барлық мәзірлерді күңгірт қара фонмен және ақ қаріппен көрсетіп, ең үлкен контрастылықты қамтамасыз ету үшін қолданылады.

 Егер **Жоғары контраст** қосулы болса, кейбір **Арнайы мүмкіндіктер** мәзірлеріне қолжетімсіз.

- **Сұр түс реңктері**

Теледидар экранының түсін түстердің әсерінен бұлыңғыр тартқан жиектерді айқын көрсету үшін қара және ақ фонға ауыстыруға болады.

 Егер **Сұр түс реңктері** қосулы болса, кейбір **Арнайы мүмкіндіктер** мәзірлеріне қолжетімсіз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Түс инверсиясы**

Теледидар экранында көрсетілетін мәтін мен фонның түсін, мәтінді оқу оңай болу үшін ауыстыруға болады.


 Егер **Түс инверсиясы** қосулы болса, кейбір **Арнайы мүмкіндіктер** мәзірлеріне қолжетімсіз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Кеңейту**

Бағдарлама атауы сияқты мәзірдегі маңызды элементтерді экранға үлкейтіп шығарады.

- **Теледидардың қашықтан басқару құралы туралы ақпарат**


Қашықтан басқару пультінің түймелерінің атаулары мен функцияларын үйреніңіз. Осы экранда қуат түймесі (үстіңгі сол жақ түйме) басылса, теледидар өшеді, бірақ кез келген басқа түйме басылған кезде, теледидар түйменің атауын және оның не істейтінін қысқаша айтады. Осы оқыту режимі қашықтан басқару пультінің орналасуы мен жұмысын теледидардың қалыпты жұмысына әсер етпестен үйренуге көмектеседі.  түймесін екі рет басып **Теледидардың қашықтан басқару құралы туралы ақпарат** функциясынан шығыңыз.


- **Мәзір экранын зерттеу**

Теледидар экранындағы мәзірлер туралы үйреніңіз. Қосылғаннан кейін теледидарыңыз таңдаған мәзіріңіздің құрылымы мен функцияларын түсіндіреді.

- **Субтитр баптаулары**

Субтитрді таратылым субтитрлерін көрсететін бағдарламалардан көруге болады.

 Таратылған субтитрлерді ұсынатын бағдарламаларда **Позиция** функциясы қосылады, осылайша субтитрдің орнын өзгертуге болады.

 Қабылдағыш немесе кабель қорапшасы сияқты сыртқы құрылғыдан арнаны көрген кезде, құрылғыдағы субтитр функциясын қосыңыз. Қосымша ақпарат алу үшін қызмет провайдеріне хабарласыңыз.

- **Көп шығысты аудио**

Теледидар үндеткіші мен есту қабілеті төмендеген адамдарға арналған Bluetooth құлақаспапын бір уақытта қосуға болады. Есту қабілеті төмен адамдар содан кейін өз Bluetooth құлақаспапының дыбыс деңгейін теледидар үндеткішінің дыбысына әсер еткізбей, оның деңгейінен жоғары қойып, өзі де және жанұясындағы басқа адамдарға да теледидар дыбысын қалаған деңгейде тыңдауға мүмкіндік береді.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Белгілер тілін масштабтау параметрлері**

Көріп отырған бағдарламада осындай мүмкіндік бар болса, таңба тілі көрсетілетін экранды үлкейтуге болады.

- **Қашықтан басқару түймесі Қайталау параметрлері**

Қашықтан басқару түймелерінің жұмыс істеу жылдамдығын, оларды үздіксіз басып тұрғанда баялату үшін конфигурациялауға болады.

## Теледидарды Дауыстық нұсқаулық қосулы тұрғанда пайдалану

Көзі нашар көретін адамдарға көмек болу үшін мәзір опцияларын сипаттайтын Дауыстық нұсқаулық функциясын қосуға болады.

### Арнаны ауыстыру

Арнаны үш жолмен өзгертуге болады. Арнаны ауыстырған сайын жаңа арна туралы толық мәлімет айтылады. Арнаны өзгерту жолдары төменде көрсетілген.

- [Арналар тізімі](#) (🏠) > [Нақты уақыттағы ТД](#) > [Арналар тізімі](#)

🏠 түймесін басыңыз. Smart Hub бастапқы экраны пайда болады. Сол немесе оң жақ меңзер түймелерін басып [Нақты уақыттағы ТД](#) тармағына өтіп, үстіңгі қатарға өту үшін үстіңгі және [Арналар тізімі](#) тармағына өту үшін меңзер түймелерін басып, Таңдау түймесін басып растаңыз. [Арналар тізімі](#) көрінгенде жоғары немесе төмен меңзер түймесін пайдаланып қажетті арнаға өтіп, Таңдау түймесін басыңыз.

- $\wedge/\vee$  (Арна) түймесі



Samsung Smart қашықтан басқару пульті немесе Қашықтық. басқару пульті пультінің ортасындағы екі шығыңқы түйменің оң жақтағысы  $\wedge/\vee$  (Арна) түймесі. Арнаны ауыстыру үшін  $\wedge/\vee$  (Арна) түймесін жоғары немесе төмен итеріңіз. Стандартты қашықтан басқару пультімен арнаны өзгерту үшін СН түймесін жоғары немесе төмен басыңыз.

- Нөмір түймесі

123 немесе 123 түймесін Samsung Smart қашықтан басқару пульті немесе Қашықтық. басқару пульті арқылы пайдаланып виртуалды сандар тақтасын ашып, [Дайын](#) таңдаңыз. Стандартты қашықтан басқару пультінен санды түймелерді басу арқылы арна нөмірін енгізіңіз.

### Samsung Smart қашықтан басқару пульті немесе Қашықтық. басқару пульті арқылы сандарды экран арқылы енгізу мүмкіндігін пайдалану

Арнаның нөмірін виртуалды сандық пернетақтадағы сандармен енгізіңіз немесе PIN кодты енгізіңіз.

Samsung Smart қашықтан басқару пульті немесе Қашықтық. басқару пульті пультінен  немесе  түймелерін басыңыз, сонда экранда 2 қатарлы виртуалды сандар тақтасы пайда болады. Дауыстық нұсқаулық “экрандағы пульт, 6” дейді, бұл экранға сандар жолағы шығарылғанын және назарда 6 саны тұрғанын білдіреді. Бұл жолақта мынадай түймелер бар:

- Үстіңгі қатарда бір опция бар, [Дайын](#).
- Астыңғы қатарда: Сол жақ шеттен бастап: Түсті тақта, ТТХ/МІХ, [Қосымша, 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 0](#), Жою, [Жоғарғы жаққа жылжу](#) (немесе [Төменгі жаққа жылжу](#))

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты мәзірлер көрсетілмеуі мүмкін.

 Виртуалды сандық тақтада таңдауға болатын опциялар қарау режиміне байланысты өзгеруі мүмкін.

Қатардың бойымен жылжу үшін сол жақ және оң жақ меңзер түймелерді пайдаланып, сандар тақтасын таңдау үшін Таңдау түймесін басыңыз. Қажетті сандардың бәрін (мысалы, 123) таңдап болғаннан кейін **Дайын** опциясына өту үшін жоғары меңзер түймені басып, содан кейін аяқтау үшін Таңдау түймесін басыңыз.

Арна нөмірін енгізу кезінде санды енгізіп, содан кейін үстіңгі қатардан **Дайын** опциясын таңдаңыз немесе арна нөмірін енгізіп, күте тұруға болады. Сәлден кейін арна ауысады да, виртуалды сандар тақтасы экраннан ғайып болады.

## Үнділікті өзгерту

- Samsung Smart қашықтан басқару пульті / Қашықтық. басқару пульті

Үнділікті өзгерту үшін сол жақтағы  $+/-$  (Дыб дең) түймесін пайдаланыңыз. Үнділікті өзгерткен сайын жаңа үнділік деңгейі дауыстап айтылады.

Samsung Smart қашықтан басқару пульті немесе Қашықтық. басқару пульті пультінің ортасындағы екі шығыңқы түйменің сол жақтағысы  $+/-$  (Дыб дең) түймесі. Үнділікті өзгерту үшін  $+/-$  (Дыб дең) түймесін жоғары немесе төмен итеріңіз.


- Стандартты қашықтан басқару құралы

Дыбысты реттеу үшін стандартты қашықтан басқару пультінің VOL түймесінің жоғары немесе төмен түймесін басыңыз.

## Бағдарлама туралы ақпаратты пайдалану

Теледидар қарап отырғанда экранның жоғарғы жағында көрсетілетін бағдарлама ақпаратын қарау үшін Таңдау түймесін басыңыз. Егер қолжетімді болса, Дауыстық нұсқаулық бағдарлама субтитрін немесе аудио сипаттамаларын дыбыстап айтады. Бағдарлама туралы ақпаратты толығырақ қарау үшін Таңдау түймесін басыңыз. Дауыстық нұсқаулық бағдарламаның қысқаша түйіндемесі тәрізді толығырақ ақпаратпен қамтамасыз етеді.

Осы арнада кейін не көрсетілетінін көру үшін сол жақ және оң жақ меңзер түймелерді басыңыз. Басқа арналарға өту және осы арналарда қазір не көрсетіліп жатқанын көру үшін жоғары немесе төмен меңзер түймесін басыңыз.

Кері қайту және бағдарламаның толық ақпаратын жабу үшін  түймесін басыңыз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## Нұсқаулықты пайдалану


Әр арнаның бағдарламалар тізіміне жалпы шолуды қараңыз.

Телебағдарламаны көріп отырып әр арна бойынша бағдарлама ақпаратын білгіңіз келсе, Samsung Smart қашықтан басқару пульті немесе Қашықтық. басқару пульті пультінің  $\wedge/\vee$  (Арна) түймесін басыңыз. Бағдарлама ақпаратын қарау үшін меңзер түймелерін пайдаланыңыз.

 Әдеттегі қашықтан басқару пультіндегі GUIDE түймесін басыңыз.




 > **Нақты уақыттағы ТД** > **Нұсқау.**

Әр таратылатын хабар арнасының күндік бағдарлама кестелері мен бағдарлама ақпаратын **Нұсқау.** мәзірінен қарауға болады. Көру немесе жазу үшін бағдарламаны жоспарлау үшін бағдарламаларды таңдауға болады.



**Нұсқау.** сондай-ақ Vixby функциясының көмегімен де ашылады. Samsung Smart қашықтан басқару пульті құралының  түймесін басып тұрып, “Нұсқау.” деп айтыңыз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

 **Нұсқау.** тек сандық арналарға ғана қатысты ақпарат береді. Аналогты арналарға қолдау көрсетілмейді.

 Егер **Сағат** орнатылмаса, Нұсқау. функциясына қолжетімсіз. Әуелі **Сағат** функциясын орнатыңыз. ( >   
**Параметрлер** > **Жалпы** > **Жүйе реттегіші** > **Уақыт** > **Сағат**)




Егер сағатты қайтадан қойығыңыз келсе, төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

1.  түймесін басып Smart Hub ашыңыз.
2. Сол жақ меңзер түймені басып,  **Параметрлер** тармағына өтіңіз.
3. Таңдау түймесін басып теледидар **Параметрлер** мәзірін ашыңыз.
4. Меңзер түймелерінің көмегімен **Жалпы** мәзіріне кіріп, Таңдау түймесін басыңыз.
5. Меңзер түймелерінің көмегімен **Жүйе реттегіші** мәзіріне кіріп, Таңдау түймесін басыңыз.
6. **Уақыт** мәзірін таңдап, Таңдау түймесін басыңыз.
7. **Сағат** мәзірін таңдап, Таңдау түймесін басыңыз.
8. **Сағат режимі** мәзірін таңдап, Таңдау түймесін басып, содан кейін **Авт-ы** немесе **Қолмен** түймесін басыңыз.

 Егер **Қолмен** параметрін таңдасаңыз, астыңғы жақтағы **Күн** немесе **Уақыт** мәзіріне өтіп, уақытты немесе күнді орнатуға болады.

**Нұсқау.** ашылған кезде, экранға арналар мен бағдарламалардың кестесі шығарылады. Үстіңгі қатарда **Бойынша сүзу : Бәрі**, содан кейін күн мен уақыт көрсетіледі. Әр қатардың сол жағында арна атауы, ал оң жағында сол арнадағы бағдарламалар болады.

**Нұсқау.** функциясында жоғары-төмен меңзер түймелердің көмегімен арналарды ауыстырып, ал сол және оң жақ меңзер түймелердің көмегімен сол арнадағы бағдарламаларды ауыстырыңыз.

Сонымен қатар  немесе  түймесін арна нөмірін енгізу үшін және сол арнаға тура өту үшін пайдалануға болады. Қазір көрсетіліп тұрған бағдарламаға өту үшін  түймесін пайдалануға болады.


Кезелімді бағдарламаға жылжитқан кезде, таңдалған бағдарлама туралы толық ақпараттарды қамтитын аңдатпаны естисіз. Кезелімді басқа арнаға ауыстырған кезде арнаның атауы мен нөмірін және бағдарлама туралы мәліметті естисіз. Егер басқа күнге жылжысаңыз, сол күні көретін алғашқы бағдарламаның күнін естисіз. Күн қайталанбайды, сондықтан егер қан күн екеніне сенімді болмасаңыз, 24 сағат әрі-бері жылжыңыз, сонда күн дауыстап айтылады.

## Бағдарламаны қазір қарау үшін

**Нұсқау.** көмегімен қазір көрсетіліп жатқан бағдарламаға өтіп, таңдалған арна мен бағдарламадағы лайв теледидарға өту үшін Таңдау түймесін басыңыз.

## Нұсқаулықтағы басқа параметрлер

**Нұсқау.** арқылы жоспарланған бағдарламаны көрсету параметріне өтіп, Таңдау түймесін басыңыз. Астыңғы жақта функциялар тізімі көрсетілген қалқыма мәзір пайда болады.

Осы мәзірдің ішінде жылжу үшін жоғары-төмен меңзер түймелерді пайдаланып, қажетті элементті таңдау үшін Таңдау түймесін басыңыз. Мәзірді жауып, **Нұсқау.** мәзіріне қайту үшін  түймесін басыңыз.

 Қазір көріп отырған бағдарлама үшін Таңдау түймесін басыңыз.

- **Жазу**

Қазір көріп отырған бағдарламаны немесе басқа арнадағы бағдарламаны жазуға болады.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Тоқтату**

Қазір қосулы тұрған жазу функциясын тоқтатуға болады.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Жазу уақытын өзгерту**

Жоспарланған бағдарламаны жазуды бастау мен аяқтау уақыттарын өзгертуге болады.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.


- **Қарауды жоспарлау**

Көрсетілуі жоспарланған бағдарламаны қарауды жоспарлауға болады.

- **Жазуды жоспарлау**

Көрсетілуі жоспарланған бағдарламаны жазуды жоспарлауға болады.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

 **Жазуды жоспарлау** бойынша қосымша ақпаратты "Жазып алу" тарауынан қараңыз.

- **Жоспарланған көрінісінен бас тарту**

Жоспарланған қарау әрекеттерінен бас тартуға болады.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Жоспарланған жазуынан бас тарту**

Жоспарланған жазбаларды жоюға болады.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Мәліметтерді қарау**


Таңдалған бағдарлама туралы толық ақпаратты қарауға болады. Ақпарат таратылым сигналына қарай әр түрлі болуы мүмкін. Егер ақпарат бағдарламамен бірге берілмесе, ештеңе пайда болмайды.




Таңдау түймесін **Мәліметтерді қарау** параметрінен басыңыз. Сонда сол бағдарламаның толық мәлімет беті ашылады да, қысқаша шолу беріледі. Ақпараттар қалқыма терезесінде толық ақпарат және **OK** опциясы туралы ақпарат бар. Толық ақпаратты оқығаннан кейін қалқыма терезені жабу үшін қашықтан басқару пультінің Таңдау түймесін басыңыз.



## Қарауды жоспарлау қызметін пайдалану

ТД-ды арнайы арнаны немесе бағдарламаны белгілі уақыт және күн келгенде көрсететін етіп баптаңыз.

Жоспарлы көрсетілім үшін бейімделген бағдарламалардың тұсында  белгішесі пайда болады.

 Жоспарлы көрсетілім параметрлерін орнату үшін әуелі теледидардың сағатын орнату керек ( >  [Параметрлер](#)  
> [Жалпы](#) > [Жүйе реттегіші](#) > [Уақыт](#) > [Сағат](#)).

### Қарауды жоспарлау параметрін орнату

Екі экранда жоспарлы қарау параметрін орнатуға болады.

- **Нұсқау. бейнебеті**

**Нұсқау.** экранынан көргіңіз келген бағдарламаны таңдаңыз, содан кейін Таңдау түймесін басып ұстап тұрыңыз. Пайда болған қалқымалы мәзірден [Қарауды жоспарлау](#) пәрменін таңдаңыз.


- **Бағдарлама ақпараты экраны**

Теледидарды қарап отырып Таңдау түймесін басыңыз. Бағдарлама ақпараты терезесі пайда болады. Жоспарлы бағдарламаны сол немесе оң жақ меңзер түймелердің көмегімен таңдаңыз да, Таңдау түймесін басыңыз. [Қарауды жоспарлау](#) параметрін таңдау арқылы бағдарламаны қарауды жоспарлай аласыз.



### Жоспарланған қарау параметрінен бас тарту

Жоспарланған қараудан бас тартудың екі жолы бар.

- Жоспарланған қараудан Нұсқау. арқылы бас тарту

1. **Нұсқау.** ( > [Нақты уақыттағы ТД](#) > [Нұсқау.](#)) көмегімен жоспарлы түрде көргіңіз келмейтін бағдарламаға өтіп, Таңдау түймесін басыңыз.
2. [Жоспарланған көрінісінен бас тарту](#) тармағына өтіңіз де, содан кейін Таңдау түймесін басыңыз.
3. Жоспарланған қараудан бас тарту хабары көрсетілген қалқыма терезе пайда болғанда, **Иә** түймесін басыңыз. Жоспарлы көру мүмкіндігі тоқтатылады және **Нұсқау.** экраны пайда болады.

- Жоспарланған қараудан Smart Hub арқылы бас тарту

1.  түймесін басып Smart Hub ашып, сол немесе оң жақ меңзер түймені басып [Нақты уақыттағы ТД](#) тармағына өтіңіз. [Кесте реттеуіші](#) немесе [Жазбалар](#) тармағына өту үшін үстіңгі меңзер түймені басып жоғарғы қатарға өтіп, содан кейін сол немесе оң меңзер түймені басыңыз.
2. Таңдау түймесін [Кесте реттеуіші](#) немесе [Жазбалар](#) ашу үшін басыңыз.  
 Егер теледидар [Жазбалар](#) функциясына қолдау көрсетсе, [Жоспарлар](#) тармағына өту үшін меңзер түймесін пайдаланыңыз.
3. Көрсетілуі жоспарланған бағдарламаларға кіру үшін төмен меңзер түймесін пайдаланыңыз.
4. Оң меңзер түймесімен [Жою](#) опциясына өтіп, таңдалған элементті жою үшін Таңдау түймесін басыңыз.


 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.



## Арналар тізімі функциясын пайдалану

Теледидарда бар арналарды тізімге қалай салу керектігін қараңыз.

### > [Нақты уақыттағы ТД](#) > [Арналар тізімі](#)

Теледидар қарап отырғанда, [Арналар тізімі](#) көмегімен арнаны өзгертуге немесе басқа сандық арналардағы бағдарламаларды шолуға болады.

 түймесін басыңыз. Smart Hub бастапқы экраны пайда болады. Сол немесе оң жақ меңзер түймесін басып [Нақты уақыттағы ТД](#) тармағына өтіп, үстіңгі қатарға өту үшін үстіңгі және [Арналар тізімі](#) тармағына өту үшін оң меңзер түймені басып, Таңдау түймесін басып растаңыз. Онда арналар тізімі және қазір көрсетіліп жатқан бағдарлама көрсетіледі. Кезелім сіз қазір қарап отырған арнаға бағытталып, арнаның атауы, арна нөмірі, бағдарлама тақырыбы көрсетіледі.

Арна тізімінің бойымен жылжу үшін жоғары және төмен меңзер түймелерді (немесе бір мезгілде бір беттен жоғары немесе төмен жылжу үшін  $\wedge/\vee$  (Арна) түймесін пайдаланыңыз). Сонымен қатар  немесе  түймесін арна нөмірін енгізу үшін және сол арнаға тура өту үшін пайдалануға болады.

[Арналар тізімі](#) тармағындағы сол жақ меңзер түймесін басып, Санаттар тізімі тізіміне өтіңіз. Жоғары-төмен меңзер түймелердің көмегімен осы тізім ішінде жылжыңыз. Таңдау түймесін басып Санаттар тізімі тармағынан қажетті санатты таңдаңыз. Санаттар тізімі функциясында [Бәрі](#), [Samsung TV Plus](#), [Таңдаулылар](#), [Арна түрі](#), [Сұрып](#) және [Ауа, Кабель](#) немесе [Жерсерік](#) параметрлері бар. Үстіңгі және астыңғы меңзер түймелерінің көмегімен көргіңіз келген арнаға өтіп, Таңдау түймесін басыңыз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- [Бәрі](#)

Автоматты түрде ізделген арналарды көрсетеді.

 Ағымдағы таңдалған [Ауа, Кабель](#) немесе [Жерсерік](#) арқылы қабылданатын арналар көрсетіледі.

- **Samsung TV Plus**

Теледидар Интернетке қосулы тұрғанда, кез келген уақытта виртуалды арна арқылы танымал бағдарламаларды немесе әр тақырып бойынша қызықты сәттерді қарай аласыз. Әдеттегі арнадағы сияқты, онда да **Samsung TV Plus** күнделікті бағдарлама кестелері беріледі.

 Улгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Таңдаулылар**

**Таңдаулылар 1** бастап **Таңдаулылар 5** дейінгі функцияларды көрсетеді. Жоғары-төмен меңзер түймелердің көмегімен таңдаулы арналар тізімдерін шарлаңыз. Қалаған элементті бөлектеңіз де, Таңдау түймесін басыңыз. Арналар тізімінде енді осы тізімдегі арналар ғана көрсетіледі.


- **Арна түрі**

Таңдалған арна түрлерін ғана қамтитын тізім жасау үшін сұрыптайды. Дегенмен, **Арна түрі** параметрін арна түрі туралы ақпараты бар арналарда ғана пайдалануға болады.

 Кіріс хабар тарату сигналына қарай осы функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Сұрып**

Тізімді **Нөмір** немесе **Атау** параметрі бойынша сұрыптайды.

 Бұл параметр тек сандық арналарда ғана болады және әрқашан бола бермеуі мүмкін.

- **Ауа, Кабель** немесе **Жерсерік**



**Ауа, Кабель** және **Жерсерік** режимінің біреуін таңдауға мүмкіндік береді.

 Кіріс хабар тарату сигналына қарай осы функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

 Улгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## Жазып алу

Бағдарламаны USB арқылы жалғанған сыртқы қатқыл дискіге жазу.



-  Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
-  Жазу функциясын пайдалану алдында барлық сақтық шараларын оқыңыз. Қосымша ақпаратты "[Жазып алу және Timeshift функцияларын пайдалану алдында](#)" тарауынан қараңыз.

### Бағыттауыш экрандағы жылдам және жоспарлы жазу параметрлерін пайдалану:



Қазір қосулы тұрған бағдарламаны жазу үшін бағдарлама нұсқаулығын ашып, бағдарламаға жылжыңыз да, содан кейін Таңдау түймесін басып тұрыңыз. Қалқыма мәзір пайда болады. Жоғары және төмен меңзер түймелердің көмегімен **Жазу** параметріне өтіңіз. Бағдарламаны жазу үшін Таңдау түймесін басыңыз. Бағдарлама нұсқаулығына қайтасыз. Бағдарлама аяқталғанда жазу автоматты түрде аяқталады.

Жазуды тоқтату үшін төмен меңзерлі түймені жазылып тұрған бағдарлама көрініп тұрғанда басыңыз. Басқару жолағы пайда болады. Кезелімді **Жазуды тоқтату** параметріне апарып, Таңдау түймесін басыңыз. Қалқыма терезе көрсетілген кезде **Тоқтату** параметрін таңдаңыз.

Кейінірек қосылатын бағдарламаны жазу үшін бағдарламаға **Нұсқау.** арқылы өтіп, Таңдау түймесін басыңыз. Қалқыма мәзір пайда болады. Жоғары-төмен меңзер түймелердің көмегімен осы мәзірді шарлаңыз. **Жазуды жоспарлау** тармағына өтіп, Таңдау түймесін басып тұрыңыз. Бағдарламаның жазуға орнатылғанын айтатын хабар аласыз, содан кейін бағдарлама нұсқаулығына қайтасыз.

Бағдарламаның жазуға қойылғанын көрсететін  белгішесі, оның тақырыбының жанында көрініп тұрады. Бағдарламаға жазу параметрінің орнатылғанын анықтау немесе жоспарланған жазудан бас тарту мүмкіндігін таңдау үшін бағдарламаның Таңдау түймесін басыңыз. Егер ол жазу параметріне қойылса, мәзірде **Жоспарланған жазуынан бас тарту** параметрі таңдалып тұрады. Жоспарланған жазудан бас тарту үшін Таңдау түймесін басыңыз немесе жазу параметрінен бас тартпай-ақ бағдарлама нұсқаулығына қайту үшін  түймесін басыңыз.

## Көріп отырған бағдарламаны жазу

Бағдарламаны жазу мәзірін экранға шығару немесе Timeshift функциясын бастау үшін бағдарлама көріп отырғанда  түймесін екі рет немесе  түймесін басып, содан кейін Таңдау түймесін басыңыз. Мәзірден келесі функцияларды таңдауға болады.

- **Жазу**

Қарап отырған бағдарламаңызды дереу жаза бастайды.

- **Timeshift**

Timeshift функциясын бастайды.

- **Тоқтату**

Бағдарламаны жазуды немесе қазір қосулы тұрған Timeshift функциясын тоқтатуға болады.

- **Ақпар**


Көріп отырған бағдарламаңызға қатысты толық ақпаратты көрсетеді.

## Бағдарлама ақпараты терезесінен бағдарлама жазуды жоспарлау

Бағдарлама ақпараты терезесін экранға шығару үшін бағдарламаны көріп отырып Таңдау түймесін басыңыз. Бағдарлама ақпараты терезесінен көрсетілу үшін жоспарланған бағдарламаны сол және оң меңзер түймесімен таңдап, Таңдау түймесін басыңыз. Бағдарламаны жазуды жоспарлау үшін [Жазуды жоспарлау](#) түймесін басыңыз.

## Жазу уақытын өзгерту


Жанды бағдарламаны жазған кезде, қанша уақыт жазғыңыз келетінін көрсету керек.

Астыңғы жаққа басқару жолағын шығару үшін астыңғы меңзер түймесін басыңыз. Сол немесе оң меңзер түймесімен [Жазу уақытын өзгерту](#) параметріне өтіп, Таңдау түймесін басыңыз. Сырғыма жолақ пайда болады да, қазір орнатылған жазу уақытын естисіз. Сол және оң жақ меңзерлердің көмегімен уақытты өзгертіп, Таңдау түймесін басыңыз. Жазу уақыты туралы ақпарат беретін мәзірді естисіз. Көріп отырған бағдарламаға қайту үшін қашықтан басқару пультінің  түймесін басыңыз.

 Ең ұзақ жазу уақыты USB құралының сыйымдылығына байланысты әр түрлі болады.

## Жазылған бағдарламаларды қарау

 > [Нақты уақыттағы ТД](#) > [Жазбалар](#) > [Жазбалар](#)

Smart Hub режимін қашықтан басқару пультінің  түймесін басып ашыңыз. Кезелімді [Нақты уақыттағы ТД](#) параметріне әкелу үшін сол немесе оң жақ меңзер түймені пайдаланыңыз. Үстіңгі қатарға өту үшін үстіңгі меңзер түймесін, [Жазбалар](#) параметріне өту үшін сол немесе оң жақ меңзер түймесін басыңыз.

Бағдарламаны ойнату, бағдарламаның тақырыптары арасында жылжу үшін жоғары және төмен меңзер түймелерін қолданыңыз. Бағдарламаны ойнату үшін Таңдау түймесін басыңыз немесе параметрлер тізіміне кіру үшін оң жақ меңзер түймені басыңыз. Жоғары-төмен меңзер түймелермен тізімдегі параметрлер арасында шарлаңыз. Бағдарламаны ойнатуға, өшіруге немесе жоюға немесе бағдарлама туралы мәліметтерді көруге болады.

Бағдарламаны ойнату үшін [Ойнату](#) түймесін басыңыз. Бағдарлама басталады. Егер бұл бағдарламаның жартысын бұрын көрсеңіз, экранда [Ойнату](#) (басталғанда), [Жалғас-у](#) (тоқтаған жерден бастап) немесе [Болдырмау](#) мүмкіндіктерін беретін мәзір көрсетілген қалқыма мәзір пайда болады. Сол және оң жақ меңзер түймелердің көмегімен қалаған параметрге жылжыңыз да, содан кейін Таңдау түймесін басыңыз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## Жазылған бағдарламаны жою

Кез келген жазылған бағдарламаны жоюға болады.

1. Жазылған бағдарламаны жою үшін [Жазбалар](#) тізіміне барыңыз.
2. Жоғары-төмен меңзер түймелердің көмегімен жойғыңыз келген жазбаға өтіңіз.
3. 3 параметр тізіміне жылжу үшін оң жақ меңзер түймені басыңыз.
4. [Жою](#) опциясына өту үшін астыңғы меңзер түймесін басып, содан кейін Таңдау түймесін басыңыз.

 Сізден таңдалған тармақты алып тастағыңыз келе ме деп сұрайды.


5. [Жою](#) түймесіне жылжу үшін сол жақ меңзер түймені басып, содан кейін бағдарлама тақырыбын жою үшін Таңдау түймесін басыңыз.











 [Жазбалар](#) бағдарлама жойылады да, жазбалар тізіміне қайтасыз.


## Smart Hub қызметін пайдалану

Қолданбаларға, ойындарға, кинофильмдерге т.б. кіру үшін Smart Hub қызметін ашу жолдарын үйреніңіз.

### Smart Hub

Қашықтан басқару пультіндегі  түймесін басқаннан кейін Интернетті шарлап, Smart Hub қызметінің көмегімен қолданбаларды жүктеп алуға болады.

-  Кейбір Smart Hub қызметтері ақылы қызметтер.
-  Smart Hub қызметін пайдалану үшін теледидар интернетке қосылып тұруы керек.
-  Кейбір Smart Hub функцияларына қызмет провайдеріне, тілге немесе географиялық өңірге байланысты қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
-  Smart Hub қызметінде интернет қызметінің үзілуіне байланысты іркіліс орын алуы мүмкін.
-  Smart Hub пайдалану үшін Smart Hub қызмет көрсету және жеке ақпарат жинау және пайдалану шартына келісім беруіңіз керек. Келісім бермесеңіз қосымша қызметтер мен функцияларды пайдалана алмайсыз. [Шарттар және құпиялылық](#) толық мәтінін  >  [Параметрлер](#) > [Шарттар және құпиялылық](#) беттерін шарлау арқылы қарап шығуға болады.
-  Егер Smart Hub қызметін қолдануды тоқтатқыңыз келсе, келісімшартты үзуіңіз керек. Smart Hub қызмет келісімшартын бұзу үшін [Smart Hub параметрін бастапқы күйіне қайтару](#) ( >  [Параметрлер](#) > [Қолдау](#) > [Құрылғы күтімі](#) > [Өзін-к диагностика](#) > [Smart Hub параметрін бастапқы күйіне қайтару](#)) таңдаңыз.

Қашықтан басқару пультіндегі  түймесін басыңыз. Бұл 2 қатары бар дисплейді экранға шығарады. Кезелімді [Нақты уақыттағы ТД](#) тармағына немесе астыңғы қатардағы басқа элементке жылжытыңыз. Үстіңгі қатардағы параметрлер астыңғы қатарда таңдалған тармаққа байланысты өзгереді.

[Нақты уақыттағы ТД](#) параметрінің оң жағындағы түймелер [Netflix](#) және [Prime Video](#) сияқты қолданбаларға жылдам қатынауға мүмкіндік береді.

-  Үлгі түріне байланысты қолдау көрсетілетін қолданбалар әр түрлі болуы мүмкін.

Қатардағы мәзірлер немесе қолданбалар арасында жылжу үшін оң жақ және сол жақ меңзер түймелерді және қатарларды ауыстыру үшін жоғары-төмен меңзерлерді пайдаланыңыз. Мәзірге немесе қолданбаларға кіру үшін Таңдау түймесін басыңыз.

Smart Hub бастапқы экраны пайда болғанда, кезелімді [Нақты уақыттағы ТД](#) немесе [Samsung TV Plus](#) қалпына әкелу үшін сол немесе оң жақ меңзер түймені пайдаланыңыз. Үстіңгі қатарға өту үшін жоғары меңзерді басыңыз. Сіз [Нұсқау](#). опциясында боласыз. Осы тармақта [Нұсқау.](#), [Арналар тізімі](#), [Кесте реттеуіші](#), [Жазбалар](#) және басқа да элементтер бар.

-  [Samsung TV Plus](#) функциясына үлгіге немесе географиялық өңірге байланысты қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## Smart Hub Бірінші экран мүмкіндігін пайдалану

Smart Hub бастапқы экранының сол жағының ең шетінде төменде берілген статикалық мәзір орналасқан. Негізгі теледидар параметрлеріне немесе сыртқы құрылғыларға, іздеу және қолданбалар тәрізді тармақтарға кіру үшін тізімдегі мәзір элементтерін жылдам және оңай пайдалануға болады.

-  **Параметрлер**

Кезелім **Параметрлер** белгісіне жылжыған кезде, мәзірдің үстіңгі жағында жылдам параметр белгішелерінің тізімі пайда болады. Жиі пайдаланылатын функцияларды белгішелерді шерту арқылы жылдам орнатуға болады. **e-Manual, Зерделі режим, Сурет режимі, Дыбыс режимі, Дыбыс шығысы, Ойын режимі, Субтитр, Аудио тілі, Ұйқы таймері, PIP, Желі, Сурет өлшемі, Түс реңкі, Сурет анықтығы, Контрасты арттырғыш, Цифрлық шығыс аудио пішімі, Түс кеңістігі, Құрылғы күтімі және Барлық баптаулар** параметрлерін орнатуға болады.

 Бұл функциялар құрылғының үлгісіне немесе географиялық өңірге байланысты жұмыс істемеуі мүмкін.

-  **Сигнал көзі**

ТД-ға қосылған сыртқы құрылғыларды таңдай аласыз.

 Қосымша ақпаратты "ТД-ға қосылған сыртқы құрылғыларды ауыстыру." тарауынан қараңыз.

-  **SmartThings**

Бұл функция теледидарға өзі тұрған жердегі құрылғыларды қосуға және басқаруға мүмкіндік береді.

 Қосымша ақпаратты "SmartThings қызметін пайдалану" тарауынан қараңыз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

-  **Іздеу**

Экранда виртуалды пернетақта пайда болады және Smart Hub қызметі ұсынатын арналарды, бағдарламаларды, бейнефильм тақырыптарын іздеуге болады.

 Осы функцияны пайдалану үшін теледидар интернетке қосулы болуға тиіс.

 Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

-  **Apps**

Теледидарға тиісті қолданбаларды орнатып, жаңалықтар, спорт ойындары, ауа-райы және ойын тәрізді мазмұндардың кең ауқымын тамашалауыңызға болады.

 Осы функцияны пайдалану үшін теледидар интернетке қосулы болуға тиіс.

 Қосымша ақпаратты "Apps қызметін пайдалану" тарауынан қараңыз.



-  **Multi View**




Теледидар қарап отырған кезде, сонымен бір мезгілде бірнеше бөлек экранды қарауға болады.

 Қосымша ақпаратты "[Multi View қызметін пайдалану](#)" тарауынан қараңыз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

-  **Ambient Mode**


Теледидар көрмей тұрғанда, теледидар экранынан ауа-райы, уақыт және жаңалықтарды нақты уақыт режимінде көру немесе оның қоршаған ортаға сәйкес келетін декоративті контентімен өмір сүретін ортаңызды безендіре аласыз.

Теледидар режиміне оралу үшін **Ambient Mode** режиміндегі  түймені басыңыз. Теледидарды сөндіру үшін  түймесін басыңыз. Кез келген The Frame үлгісі жағдайында  түймесін басып тұрыңыз.

 Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

 **Ambient Mode** туралы қосымша ақпаратты "[Ambient Mode қызметін пайдалану](#)" тарауынан қараңыз.

-  **Басты**

Бұл мәзір  түймесін басқанда бірінші пайда болады. Содан кейін **Samsung ес. жазб.**, **Хабарландыру** немесе **Құпиялылық таңдаулары** кез келгенін тез пайдалана аласыз.

 Қолжетімді функциялар үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты әр түрлі болуы мүмкін.



- **Samsung ес. жазб.**

Жаңа есептік жазба жасау немесе есептік жазбадан шығу үшін **Samsung ес. жазб.** тармағына өтіңіз.

 **Samsung ес. жазб.** туралы қосымша ақпаратты "[Samsung тіркелгісін пайдалану](#)" тарауынан қараңыз.

-  **Хабарландыру**

Теледидарда болатын барлық шараларға қатысты хабарландырулар тізімін қарауға болады. Жоспарлы көрсетілім, бағдарлама көруді жоспарлау уақыты келсе немесе тіркелген құрылғыда оқиға орын алса, экранда хабарландыру пайда болады.

Кезелімді **Хабарландыру** тармағына апарып, Таңдау түймесін бассаңыз, оң жақтан  **Барлығын жою** және  **Параметрлер** функциялары бар хабарландыру терезесі пайда болады.

- **Құпиялылық таңдаулары**

Smart Hub және әр түрлі басқа қызметтер үшін құпиялылық саясатын қарауға және орнатуға болады.

- **Universal Guide**

**Universal Guide** – теледидар көрсетілімдері, пьесалар мен кинофильм тәрізді сан алуан мазмұнды бір жерден тауып, тамашалауға мүмкіндік беретін қолданба. **Universal Guide** талғамыңызға сай келетін мазмұнды ұсына алады.

Бұл функцияны мобильдік құрылғыңыздағы Samsung SmartThings қолданбасымен пайдалануға болады.

- ✎ Әмбебап нұсқаулық нұсқаулығына қатынасу үшін Бірінші экран экранында қашықтан басқару пультіңдегі төмен меңзер түймесін басыңыз.
- ✎ Осы қолданбалардағы мазмұнды теледидар арқылы рақаттана пайдалану үшін бұлар теледидарға орнатылып тұруы керек.
- ✎ Кейбір ақылы мазмұнды қарағанда, соларда қолданылатын қолданба арқылы төлем жасау керек болуы мүмкін.
- ✎ Желі жағдайларына және ақылы арналарға төлеген жарналарыңызға байланысты кейбір мазмұндарға шектеу қойылуы мүмкін.
- ✎ Балалар осы қызметті пайдаланғанда ата-аналары бақылауы қажет.
- ✎ Қызмет провайдеріне байланысты суреттер бұлыңғыр болып көрінуі мүмкін.
- ✎ Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.



-  **Графикалық сурет**

Теледидар қарамай отырғанда немесе теледидар сөндірулі тұрғанда, өнер туындысы не фотосурет тәрізді кескіндерді өңдеу немесе дисплейге шығару үшін **Графикалық сурет** режимі функциясын пайдалануға болады.

- ✎ Бұл функцияға The Frame арқылы ғана қол жетімді.
- ✎ Қосымша ақпаратты "[Графикалық сурет режимін пайдалану](#)" тарауынан қараңыз.

## е-Manual іске қосу

Теледидарға кіріктірілген пайдаланушы нұсқаулығын ашыңыз.

 түймесін басып Smart Hub тармағын ашып, сол жақ меңзер түймені басып тұрып  **Параметрлер** тармағына өтіп, содан кейін Таңдау түймесін басыңыз.

Жоғары-төмен меңзер түймелердің көмегімен **Қолдау** тармағына өтіп, **е-Manual мазмұнын ашу** таңдап, е-Manual ашыңыз.


 >  **Параметрлер** > **Қолдау** > **е-Manual мазмұнын ашу**

ТД-дың негізгі функциялары туралы ақпарат қамтылған кіріктірілген е-Manual нұсқаулығын қарауға болады.

 Сонымен қатар, е-Manual көшірмесін Samsung веб-сайтынан (<https://www.samsung.com>) жүктеп алуға болады.

 Көкпен жазылған сөздер (мысалы, **Internet**) мәзір элементін көрсетеді.

е-Manual басты экранында 1 қатар мәзір белгілері бар. Қатар ішінде жылжыту үшін сол немесе оң жақ меңзер түймелерін пайдаланыңыз. Оқығыңыз келетін бөлімді ашу үшін Таңдау түймесін басыңыз.


 **Іздеу, Сайт картасы** және **Көрсеткіш** сияқты жоғарыдағы мүмкіндіктерді қолдану үшін қашықтан басқару пультіндегі меңзер түймелерін пайдалануға болады.




е-Manual нұсқаулығындағы “Accessibility Guidance” бөлімінде “Теледидардың қашықтан басқару құралы туралы ақпарат” бөлімі бар. Ол әсіресе пульттегі түймелерді оңай көре алмайтын немесе әрбір түйменің не істейтінін білмейтін адамдар үшін пайдалы. Бұл бөлімді е-Manual тармағынан шолғанда, қашықтан басқару пультіндегі түймелерді бассаңыз, теледидарға әсер етпейді.

## Віхбу қызметін пайдалану


Дауыстық көмекші параметрін Віхбу қалпына қойыңыз. Теледидарды басқару үшін Samsung Smart қашықтан басқару пульті құрылғысындағы немесе теледидарға микрофонға сөйлеңіз.





Віхбу функциясын пайдалану үшін теледидар Интернетке жалғаулы болуға тиіс және Samsung Smart қашықтан басқару пульті құрылғысындағы микрофонды пайдалану қажет.

Віхбу қызметін пайдалану үшін  түймесін Samsung Smart қашықтан басқару пульті арқылы басып, қашықтан басқару пультінің микрофонына пәрмен беріп, Віхбу қосу үшін түймені босатыңыз.

-  Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
-  Егер Віхбу жаңартылса, ағымдық функция параметрлері өзгеруі мүмкін.
-  Географиялық аймақ түріне қарай қолжетімді тіл өзгеше болуы мүмкін.

## Віхбу функциясын орындау

Samsung Smart қашықтан басқару пульті параметріндегі  түймесін басып ұстап тұрыңыз. Віхбу тыңдау режимінде қосылады да, теледидар экранының астыңғы жағында Віхбу белгісі пайда болады. Пәрмен бергеннен кейін түймені босатыңыз. Теледидар өзінің пәрменді қалай түсінгені туралы ақпарат беріп, содан кейін берілген тапсырманы орындайды.

-  Егер теледидар пәрменді түсінбесе, сөзіңізді анығырақ айтып, тағы бір рет қайталап көріңіз.
-  Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
-  Дауыс пәрмендерінің толық сипаттамасын [Explore Bixby](#) тармағынан табуға болады.  түймесін басыңыз. [Explore Now](#) түймесі экранның астыңғы жағында пайда болады. Таңдау түймесін басып [Explore Bixby](#) экранына өтіңіз.